



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ



25
ЖЫЛ

бойы болашаққа
жетелеу

БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2019

Мазмұны

БҮГІНГІ КОМПАНИЯ	5
Алғы сөз	6
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	8
Басқарма төрағасының үндеуі	10
«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының өсу тарихы	14
Топ қызметінің басты индикаторлары	
Компания цифрмен	22
2019 жылдың негізгі оқиғалары	25
Қысқаша шолу	28
Компания профилі	28
Акционерлік капитал құрылымы	28
«Қазақтелеком» АҚ ұйымдық құрылымы	30
«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының құрылымы	31
Бірігу және жұтылу	32
Саланың реттеуші ортасына шолу	32

Стратегия	35
Миссия және Пайым	36
Стратегиялық мақсаттар, міндеттер және стратегияны іске асырудың басты көрсеткіштері	38
Біздің құндылықтар	40
Біздің тұрақты даму саласындағы бастамалар	41
Макроэкономикалық орта мен перспективалар	42
«Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы	46

Бизнес және қаржылық шолу	51
Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер	52
Жаңа бизнестер және инновациялық қызмет	59
Телекоммуникациялық инфрақұрылым және желіні дамыту	65
Қаржылық шолу	67

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	75
Управление рисками в 2019 году	76
Участники процесса управления рисками	77
Қауіп-қатер туралы ақпарат	78
Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріндегі үздік тәжірибелер мен стандарттарды одан әрі енгізу	79
Сақтық қағидаты	79

Тұрақты даму	81
Тұрақты дамуға стратегиялық көзқарас	82
Тұрақты дамуды басқару	83
Тұрақты даму саласындағы бастамалар	86
Бастамаларды енгізу бойынша тәжірибемен алмасу	87
Жоғары әдеп стандарттары және жемқорлыққа қарсы күрес	88
Демеушілік және қайырымдылық	89
Адами ресурстың тұрақты дамуға үлесі аясында оларды дамыту	89
Әлеуметтік-жауапты серіктестік	97
Жарақаттануды азайту және еңбек қауіпсіздігі деңгейін арттыру	100
Компанияның қоршаған ортаға ықпалын азайту	102

Корпоративтік басқару	107
Корпоративтік басқару құрылымы	108
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп	110
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 2019 жылы	
Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер	126
Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылау туралы есеп	127
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы	128
2019 жылы Басқарма қызметі туралы есеп	138
Басқарма мүшелерін сыйақылау туралы есеп	138
Компанияның елеулі мәмілелері	139

Қосымша ақпарат	141
Глоссарий	142
Байланыс ақпараты	145

Қосымшалар	146
1-қосымша. GRI стандартына есептің сәйкес келу кестесі	147
2-қосымша. Кадрлардың қозғалысы кестесі	158

Шоғырландырылған қаржылық есептілік	162
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	163
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	165
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	167
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	169
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	171



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Қазақтелеком» АҚ біріктірілген жылдық есебі компанияның 2019 жылға қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштері туралы ақпаратты ашады.

Есеп шегі: қаржылық көрсеткіштер бөлігінде – «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы, қаржылық емес көрсеткіштер шегінде – Орталық аппарат және компанияның 15 филиалы.

Қаржылық көрсеткіштер бөлігінде Есеп 2019 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін шоғырландыру периметріне кіретін Компаниялар тобы бойынша ХҚЕС стандарттары бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп деректері негізінде дайындалған.

Тұрақты даму саласындағы есептілік GRI G4 стандарттарына сәйкес дайындалған, «жалпы» нұсқасы, 2019 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі тиісті қызметті сипаттайды, есептілік циклы – жылдық.

«Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы қаржылық емес есептерін 2017 жылдан бері жариялап келеді. Компанияның барлық есебі «Қазақтелеком» АҚ ресми сайтында қолжетімді.

Есепте мейлінше өзекті тақырыпты ашу үшін компания мүдделес тараптарды тарта отырып, Қоғамның ішкі және сыртқы ортасына шолу жасау негізінде GRI стандарттарында көзделген ішінара көрсеткіштер мен тақырыптар бойынша тұрақты даму аспектілерінің маңыздылығы талдауын жүргізді. Маңызды тақырыптарды анықтау үшін көшбасшы телекоммуникация компанияларының қаржылық емес есептілігіне салыстыру жасалды,

тұрақты даму саласындағы маңызды оқиғалар мен тренділер ескерілді. Сонымен қатар, мүдделі тараптармен кездесу үшін тұрақты даму, алдыңғы кезең есептері бойынша кері байланыс ақпараты бойынша өзекті мәселелер қарастырылды. Есепте ақпарат жинау шегінде көрсетілген өңірлік филиалдарды қоса алғанда компания қызметінің басты нәтижелері көрсетілген. Есепке арналған ақпарат GRI талаптары бойынша корпоративтік есептілік жүйесі және арнайы ақпараттық сұратымдарды пайдалана отырып, маңыздылық талдауы нәтижелерін ескере келе, жинақталды.

Есепті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекітті.

Есепті сыртқы растаудың қажеттілігі жоқ.

Компания бүгін



Қазақстандағы ең
ірі
интеграцияланған
оператор

«Қазақтелеком» АҚ
нарықтағы орны

тіркелген телефония

90 %

тіркелген интернет

85 %

бильді нарық

61 %



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

АЛҒЫ СӨЗ

Заттар интернеті, ақылды үйлер мен қалалар, кибер-спорт, бұлтты бейнебақылау және электронды коммерция – қазақстандықтар шындық қиялдан озық уақытта өмір сүріп отыр. Ақылды технологиялар адам өмірінің маңызды бөлшегіне айналды.

Өмірдің барлық саласын қамтыған цифрландыру жаңа цифрлық біліктілікке сұранысты қалыптастырып, негізінде цифрлық платформа жатқан өзгеше бизнес үдерістерін құруда. Телекоммуникация саласының рөлі өзгеріп, шешімдер, өнімдер мен осы салада жұмыс істейтін компанияларға талап күшеюде. Байланыс операторлары клиенттер қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, оны алдын ала болжауға, осылайша нарықта өзіне жаңа кіріс әкелетін орындарды қалыптастырулары тиіс. Бұл ретте цифрлық экономиканың негізі толыққан заманауи инфрақұрылым болып табылады.

Соңғы онжылдықта орын алған байланыс саласындағы технологиялардың қарыштап дамуы «Қазақтелеком» АҚ қызметіне айтарлықтай өзгерістер алып келеді. Біз өзіміз үшін компанияның дамуына мүмкіндік беріп, инновациялық өнімдер жасауға жол ашатын, сонымен қатар түрлі топтамалық ұсыныстар құрамында сымдық байланысты қалпына келтіруге жол ашатын меншікті стратегиямызды таңдап алдық. Стратегияны іске асыру байсалды басқарушылық күшті қажет етеді. Себебі ол ауқымды инфрақұрылым жобаларын дамытуды, В2С аясында жұмыстарды кеңейтуді, мемлекеттік органдармен және корпоративтік тапсырыс берушілермен өзара іс-қимылды, сондай-ақ еліміздің цифрлық күн тәртібі аясында маңызды жобаларға қатысуын көздейді.

Сонымен қатар, «Қазақтелеком» АҚ жауапкершілікті компания ретінде БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын қолдайды. Біз өзіміздің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға ықпалымызды түсінеміз және стейкхолдерлердің мүдделерін ескере отырып, салмақты, ұтымды тәсіл қолданамыз. Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық қызмет құрамдастарының оңтайлы тепе-теңдігі Топтың ұзақ мерзімді тұрақты дамуының негізі болып табылады.

Компания өз қызметін клиенттерге қолайлы болу үшін қызметтері мен өнімдерінің сапасын арттыра отырып, операциялық тиімділікке қол жеткізудің қарапайым тәсілдеріне жұмылдырады. Атап айтқанда, абоненттік желі сапасын арттыру, цифрлық қызметтерді дамыту және клиенттік тәжірибені жақсартуға күш салады.

Басты артықшылық қосылыстар санын арттыру ғана емес, қолданыстағы клиенттік база сапасы мен ұзақ мерзімді әлеуетін арттыру болып табылады. Біз дауыс байланысы және мобильді деректер беру қызметтерін, тіркелген байланыс қызметтерін, IP-телефония, инновациялық сервистерді, соның ішінде мобильді ТВ және OTT-бейнеконтенті, қаржылық сервистер, мобильді жарнама қызметтерін, M2M, Big Data, конвергентті қызметтер мен бұлтты шешімдер қызметтерін қоса алғанда телекоммуникация нарығының барлық сегменттерінде қызметтер көрсетеміз.

Алдарыңызда 2019 жылға арналған жылдық есеп ұсынылып отыр, онда «Қазақтелеком» АҚ қызметінің техникалық, қаржылық және қаржылық емес салалық көрсеткіштері көрсетілген. Біздің дамуымызға әсер еткен маңызды оқиғалар мен шешімдер туралы айтылған. Сонымен қатар, еншілес компаниялар қызметі туралы ақпарат пен алдағы жылға жоспарлар берілген.

Қазіргі уақытта әлемнің кез келген елінің, соның ішінде Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуы мобильді деректер беру саасында жаңа технологияларды енгізу мен кеңінен пайдалануға байланысты.

Интернет заттар, Big-Data, қашықтан оқыту, телемедицина, тіпті әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас – бұлардың бәрі базалық инфрақұрылымсыз мүмкін емес. «Қазақтелеком» АҚ өткен жылы Қазақстанның ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша (АЕМ ТОВЖ) интернет желісіне кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету ауқымды жобасын іске асыруын жалғастырды. Компания 2020 жылдың соңына дейін 828 ауылда 14 500 шақырым оптикалық желіжол салу, осылайша 2,5 млн тұрғынды жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамту міндетін алып отыр. Қазіргі уақытта компания Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстары ауылдарындағы мемлекеттік мекемелерді ТОВЖ қосты.

АЕМ ТОВЖ жобасын іске асыру нәтижесінде мемлекеттік және бюджеттік мекемелер сапалы цифрлық байланыспен қамтамасыз етілді. Желі түрлі қызметтерді берілген сапамен шектеусіз көрсетуге мүмкіндік береді, сонымен бірге тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін басқару жасанды зият үлкен деректерін талдау есебінен

автоматты түрде жүзеге асырылатын «Smart City» инновациялық технологияларының дамуына оң ықпалын тигізеді. Ақкөл қаласы мысалындағы «ақылды қала» прототипі өткен жылдың басында таныстырылған болатын. Ақкөл LoRaWAN технологиясы базасындағы 4G желісімен толық қамтылған және қазіргі уақытта зияткерлік жүйелер қалалық қызметтер, тұрғындар қауіпсіздігі мен қолайлылығы үшін тиімді жұмыс істеуде. «Қазақтелеком» АҚ осы жобаны Қазақстанның басқа елді мекендеріне таратуға дайын.

Ақылды қала прототипі Ақкөл қаласының негізінде өткен жылдың басында таныстырылды. Ақкөл LoRaWAN технологиясы базасында 4G желісімен толықтай қамтылды және қазіргі таңда зияткерлік жүйелер қалалық қызметтердің тиімді жұмысын, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы өмірін қамтамасыз етуге септігін тигізіп отыр. «Қазақтелеком» АҚ осы пилоттық жобаны Қазақстанның өзге елді мекендеріне де қоюға дайын.

Бүгінгі таңда телекоммуникация нарығының толысуына орай, операторлар жай қызметтер ұсыну, интернетке қатынаудан маңызды құрамдасы жоғары санатты желіге қатынаудан тұратын интернет қызметтер құруға өтетін болады. Сондықтан компания Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Алматы облысында 5G технологиясын зерделуді, тестілеуді және мүмкіндіктерін қарастыруды жалғастыруда. Сонымен қатар, өткен жылдың күзінде 5G технологиясы Tele2/ALTEL желісінде 3,5 ГГц радиожилігі ауқымында IT-стартаптардың халықаралық технопаркі аумағында қолжетімді болды.

Сонымен қатар, бірлескен кәсіпорындағы Tele2 AB және «Кселл» АҚ ұялы компанияларының акцияларын сатып алу оң синергиялық әсер береді.

2019 жылы жасалған Tele2 және ALTEL брендтерінің «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС қатысу үлесіне 100% бақылау алу мәмілесі компания үшін аса маңызды мәміле болды. Бұл «Кселл» АҚ 75% акциялары үлесіне жақсы қосымша болды, бұл «Қазақтелеком» АҚ ұялы байланыс операторларының интеграциясы арқылы бірқатар амбициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік беріп, еліміздің телекоммуникация нарығында сөзсіз стратегиялық басымдылықты қамтамасыз етеді. «Қазақтелеком» АҚ «Кселл» АҚ 75% акциясын сатып алу бойынша мәмілесі Лондонда өткен «TMT M&A Awards

2019» жыл сайынғы халықаралық премиясында «Жыл мәмілесі» аталымында жоғары награда ие болғанын атап өткен орынды.

Біз телекоммуникация қызметтері нарығының көшбасшысы болып қалып отырмыз: тіркелген желіжолдар саны 2 млн 849 мың бірліктен асты, оның ішінде қалалық телекоммуникация желісі (ҚТЖ) – 2 млн 042 мың бірліктен астам, ауылдық (АТЖ) – 807 мың бірліктен астам. Тіркелген кең жолақты қатынау абоненттері саны 1 млн 700 мың орыннан асады, оның ішінде iD TV абоненттері – 574 мыңнан астам, iD TV Online – 52 мың және кәбілдік телевидение – 124 мың орын.

Сонымен қатар, 2019 жылы компания жұмысының тиімділігін халықаралық агенттіктер өз көрсеткіштерімен растады. Айталық, FitchRatings агенттігі «Қазақтелеком» АҚ рейтингін BB+ деңгейінде бағалады, сондай-ақ «Жоғарылатуға қайта қарау» деңгейінде сақтады. «Қазақтелеком» АҚ рейтингілерін агенттік сарапшылары тіркелген қызметтер басты сегменттерінде компанияның күшті нарықтық ұстанымына, айтарлықтай еркін ақша ағынын өндіруге, қарыз жүктемесінің төменгі деңгейімен, сондай-ақ қолайлы реттеумен байланысты деп есептейді. Осыған қоса агенттік тәсіліне сәйкес осы жағдайда компанияның операциялық профилін бағалау «BBV» инвестициялық санатында болуы мүмкін.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ алдына техникалық және экономикалық оңтайландыру бөлігінде синергиялық әсерді күшейту, интеграция бойынша жұмыстарды қоса алғандағы амбициялық міндеттер қойып отыр. Біз сонымен бірге компания тобының барлығы үшін басты міндет болып табылатын өз қызметтерімізді жетілдіруді жалғастыратын боламыз. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ бұдан кейін де бұлтты бейнебақылау, интернет заттар және талдау үшін үлкен деректер пайдалануды, «ақылды қалалар» салуды және онлайн коммерцияны жылжытуды әрі қарай жалғастыратын болады, мұның бәрі қазақстандықтардың өмір сапасын өзгертуге мүмкіндік беріп, олардың өмірлерін қолайлы, жайлы, ең бастысы, қауіпсіз етуге мүмкіндік беретін болады.

ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БІРГЕ ЖАҚЫН БОЛА ТҮСУДЕ!



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫЫҢ ҮНДЕУІ



XXI ғасырдың үшінші онжылдығына «Қазақтелеком» АҚ елді әлеуметтік-экономикалық дамыту ауқымды міндеттерін шешуде өзінің рөлі мен маңызын жақсы білетін Қазақстан цифрлық индустриясының көшбасшысы ретінде сенімді түрде аяқ басып отыр.



**Нуржан
БАЙДӘУЛЕТОВ**

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

XXI ғасырдың үшінші онжылдығына «Қазақтелеком» АҚ елді әлеуметтік-экономикалық дамыту ауқымды міндеттерін шешуде өзінің рөлі мен маңызын жақсы білетін Қазақстан цифрлық индустриясының көшбасшысы ретінде сенімді түрде аяқ басып отыр.

2019 жылы компания өзінің сенімді әріптес ретіндегі мәртебесін және барша ел ауқымында басты бағдарламаларды орындай алатынын растайтын жобалар қатарын іске асыруын жалғастырды. Оның ішінде ауылдық елді мекендерде талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары құрылысы, «ақылды қалалар» тұжырымдамасын енгізу және 5G стандартына көшу бар. Басты оқиғалардың бірі «Қазақтелеком» АҚ Tele2 AB бірлескен кәсіпорындағы 49% үлесті сатып алу мәмілесінің аяқталуы болды. Компания жұмыскерлері қойылған міндеттерді іске асырып, қызметтің көптеген салалары бойынша көзделген жоспарларға қол жеткізді. Бұл «Қазақтелеком» АҚ елдің көшбасшы телекоммуникация операторы ретінде ұстанымын нығайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, 2019 жылы компания жұмысының тиімділігін халықаралық агенттіктер өз көрсеткіштерімен растады. Бұл айтарлықтай оқиға компанияның кредиттік рейтингісіне оң әсерін тигізді. Айталық, FitchRatings агенттігі «Қазақтелеком» АҚ жоғары бағалап, компания рейтингісін BB+ деңгейінде растады, сондай-ақ кредиттік рейтинг бойынша болжамын «Оң» деңгейіне дейін жақсартты.

Директорлар кеңесі компанияның әрі қарай дамуы мен құнының өсуіне ықпал ететін шешімдерді бұдан кейін де қабылдай беруге ниетті.

Компания тұрақты даму, озық технологияларды енгізу, қызмет көрсету сапасын арттыру, жаңа кіріс көздерін іздеу қағидаттарын басшылыққа алып, сондай-ақ салада қалыптасқан дәстүрді сақтап, әлеуметтік тұрақтылықтың үлгілі деңгейін көрсете береді.

Директорлар кеңесі атынан «Қазақтелеком» АҚ барлық акционерлеріне, әріптестерге, серіктестерге және клиенттеріне қол жеткізілген жетістіктер мен іске деген адал қарым-қатынас үшін алғыс айтамын.

Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің
төрағасы
Н. Байдәулетов



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Телекоммуникация нарығының толығына қарамастан, табысқа қол жеткізе білдік. Бұл біздің таңдаған стратегиямыз – «Қазақтелеком» АҚ толыққанды мультисервистік әмбебап телекоммуникация операторына айналдыру бағытының дұрыстығын көрсетіп берді.



Қуанышбек

ЕСЕКЕЕВ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

2019 жыл «Қазақтелеком» АҚ үшін мынадай екі себеппен маңызды болды. Біріншіден, біз стратегиялық жағынан ие болу циклын аяқтап, технологиялық көшбасшылыққа қол жеткізуге, құрылымды және басқару формасын оңтайландыруға, құн құрудың барлық тізбегі бойынша маржалықты арттыруға бағытталған даму стратегиямыздың дұрыстығын дәлелдедік. Екіншіден, 2019 жылы компанияның құрылғанына 25 жыл толды. Ширек ғасыр ішінде компания дәстүрлі тіркелген байланыс қызметтерін көрсетуден бастап, инновациялық өнімдер құруға дейінгі даму жолынан өтті.

Телекоммуникация нарығының толығына қарамастан, табысқа қол жеткізе білдік. Бұл біздің таңдаған стратегиямыз – «Қазақтелеком» АҚ толыққанды мультисервистік әмбебап телекоммуникация операторына айналдыру бағытының дұрыстығын көрсетіп берді.

Экономика және қоғам өмірінің барлық саласын қамтыған цифрлық трансформация – бұл телекоммуникация компанияларынан бизнес үдерістерді және тұтынушылармен жұмыс істеу тәсілін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Компания ең қарқынды нарықтардың бірінде жұмыс істейді, өзгерістерге ұмтылып қана қоймай, олардан асып түсіп, тіптен болашақтың контурын да анықтай отырып, жаңа үрдістер мен қажеттіліктер қалыптастыруға ұмтылады. Біз «ақылды үй» және «ақылды қала» секілді инновациялық қызметтерді белсенді енгізудеміз, IoT нарығын қалыптастырып, 5G мүмкіндіктерін сынақтан өткізудеміз. Осы жетістіктердің барлығы үлкен жұмыс тәжірибесі және кәсіби ұжым арқасында мүмкін болды. Біз бірлесіп отырып, жұмыс істеу тәсілімізді өзгертіп, бизнес үдерістерді оңтайландырып, корпоративтік құндылықтарымызды әрбір қызметкерге жақын ете алдық.

2019 жылы қабылданған барлық шешімдер мен маңызды оқиғалар осы өзім зор ілтипатпен назарларыңызға ұсынып отырған Жылдық есепте көрсетілген. Онда сіздер компанияның техникалық, қаржылық және қаржылық емес, салалық көрсеткіштер бойынша қызметі бағаланатын басты индикаторларды; түрлі нарықтағы жұмысы талдамасы; жобаларды іске асыруы, сондай-ақ еншілес ұйымдары қызметі мен алдағы кезең жоспарлары туралы ақпарат таба аласыздар.

Еліміз ішінде біз ауылдық елді мекендерде талшықты-оптикалық байланыс желіжолын салу бойынша стратегиялық жобаны іске асыруды жалғастырдық. АЕМ ТОВЖ жобасы еліміздегі алғашқы және ең ірі МЖС жалпы республикалық жобасы болып табылады және қазақстандық ауылдарды цифрландыруда басты рөлге ие. Осы жылы жоба аяқталған соң, шалғайда тұратын 2.5 млн азаматымыз озық технологияларға қол жеткізіп, сондай-ақ бүгінгі таңда мобильді байланыс ұсынып отырған мүмкіндіктерді пайдалана алатын болады. Жобаны іске асырудың оң әсері инновациялық қызметтердің дамуы мен телемедицина мүмкіндіктеріне қатынауды ұйымдастыру, онлайн білім алу, электронды коммерция қызметтері және онлайнмен мемлекеттік



қызметтер алу болып табылады. Біз осы жобаны дер кезінде және сапалы іске асыру үшін барлық ресурстарымызды жұмсайтын боламыз.

Өткен жылы компания Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары және Алматы облысында дала жағдайында 5G желісін 10 тестілеуден өткізіп, мүмкіндіктерін зерделеу жұмысын жалғастырды. Қазақстанда алғаш рет астанада «Astana Hub» IT-стартаптар халықаралық технопаркі аумағында 5G коммерциялық желісін қосты. Әрі қарайғы 5G стандартына көшу барысында мобильді байланыс желілерінде интернет трафигінің болжамды есептелеп өсуін қамтамасыз ету үшін көлемді деректерді бере алатын технологиялық инфрақұрылымдық шешімдер дайындауды бастады. Елімізде 5G стандартты желісінің пайда болуы қазақстандық экономика мен қазақстандықтардың өмірін түбегейлі өзгертуге қабілетті.

Біз виртуалды Қазақстанды құруға белсенді қатысып отырғанымызға ризамыз. Біз үшін елімізде «ақылды қалалар» тұжырымдамасын енгізу бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі аясында іске асырылған «Smart Aqkol» жобасына қатысу үлкен мәртебе болды. «Smart



Біз виртуалды Қазақстанды құруға белсенді қатысып отырғанымызға ризамыз. Біз үшін елімізде «ақылды қалалар» тұжырымдамасын енгізу бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі аясында іске асырылған «Smart Aqkol» жобасына қатысу үлкен мәртебе болды.

Aqkol — бұл «ақылды қалалар» бірыңғай даму стандартын қалыптастыру міндетін қойып отырған модельді жоба. Оның құрамына қауіпсіздіктен бастап экологияға дейінгі 11 бағыт кіреді. Сонымен қатар қалаларды цифрландыру үшін 5G технологиясын қолдану перспективалары ұсынылып, Ақкөл қаласында салынған LoRaWAN желісінің энергия тиімділігі, «e-commerce» және Blockchain технологиясы негізіндегі жобаларды дамыту мүмкіндіктері көрсетілді.

Цифрлық технологиялардың және интернет заттардың дамуымен комплаенстың бір бөлігі ретінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің маңызы арта түсуде. «Қазақтелеком» өзінің барлық клиенттері үшін ақпараттық қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компания мен жалпы еліміздің телекоммуникация саласындағы тағы бір оқиға Tele2 AB бірлескен кәсіпорнындағы 49% қатысу үлесін сатып алу бойынша мәміленің аяқталуы болды. Бұл компания Лондонда өткен «TMT M&A Awards 2019» жыл сайынғы халықаралық премиясында «Жыл мәмілесі» аталымында жоғары награда алған 2018 жылы «Кселл» АҚ 75% акциясын сатып алуға сәтті қосымша болды. Бұл сатып алулар мобильді операторларға да, «Қазақтелеком» АҚ да оң әсер етті. Бізде Қазақстанды толық қамтитын біріктірілген телекоммуникация алаңын құру, сондай-ақ біздің нарықтық тұғырымызды нықтап, компаниялар тобының операциялық портфелін күшейту мүмкіндігі пайда болды. Ең бастысы - синергияның түпкілікті нәтижесі клиенттерімізге қызметтердің кең шоғырын пайдалануға мүмкіндік береді.

Компаниямыз бүкіл өзгерістерден кейін қызметтердің барлық түрін ұсынатын және бірінші сыныпты магистральдық желісі бар интеграциялы операторға айналды десем артық айтпаған болар едім. Өткен жылы жасалған екі мәміленің тиімділігі мен олардың бизнес көрсеткіштеріне және компания құнының өсуіне оң әсері халықаралық агенттіктердің берген жоғары рейтингісімен дәлелденіп отыр. Айталық, Fitch Ratings «Қазақтелеком» АҚ рейтингісін BB+ деңгейінде бағалап, «Көтеру үшін қайта қаралады» деп көрсетті.

25 жыл бойы «Қазақтелеком» АҚ сенімді серіктес, қызметтер жеткізушісі және инновациялық қызметтер мен сервистер провайдері болып қалып отыр. Мұндай сенім көп жағдайда компанияның әрбір жұмыскерінің

кәсіби шеберлігі, іске жоғары деңгейде берілуі және нәтижеге бағдарлылығының арқасында қалыптасты. Жобаларымызды іске асыру және инновациялық қызметтерді енгізу – бұл барлық бөлімшенің ұйымдасқан жұмысы мен компания ішіндегі тиімді коммуникацияның нәтижесі. Компания барлық деңгейдегі жұмыскерлердің тұтынушылар үшін құндылықтар құруға қатысуына ынта бере отырып, корпоративтік мәдениетті дамытуға үлкен көңіл бөледі.

Біз тұрақты даму қағидаттарын ұстанып, стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл барысында ұтымды тәсіл қолданамыз. Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық қызмет құрамдастарының оңтайлы тепе-теңдігі компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуының негізі болып табылады.

Әлеуметтік жауапкершілік саласында біз қауіпсіз жұмыс орындарын құруға, жұмыскерлер мен олардың отбасылары мүшелерін әлеуметтік қолдауға, авариялық көрсеткіштерді шетінен азайтуға, өндірістік жарақат пен кәсіби аурулар деңгейін төмендетуге және өңірлердегі қызметте қолайлы әлеуметтік жағдайды қолдауға ұмтыламыз. Экология саласында компания экологиялық тәуекелдерді терең зерделеп, тұрақты мониторинг жасай отырып, қоршаған ортаға теріс салдарды төмендетуге бағыт алып отыр.

Мен цифрлық трансформация дәуірінде қазіргі кездегі орын алып отырған жағдай мен сын-тегеуріндер компанияны дамыту катализаторы болатынына сенемін. Жоғары технологияларды іс жүзінде қолдана отырып, тұрақты даму қағидаттарын және бизнес жүргізудің үздік әлемдік тәжірибесін басшылыққа алып, «Қазақтелеком» 2020 жылы цифрлық экономика көшбасшысы, цифрлық технологияларды негізгі бизнес үдерістеріне және адамдардың күнделікті өміріне енгізу бойынша мемлекеттің, бизнестің және қоғамның басты әріптесі болуға дайын.

Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы
Қ. Есекеев



Мен цифрлық трансформация дәуірінде қазіргі кездегі орын алып отырған жағдай мен сын-тегеуріндер компанияны дамыту катализаторы болатынына сенемін.




ТОБЫНЫҢ ӨСУ ТАРИХЫ

25 ЖЫЛ

дәстүрлі байланыс операторынан толыққанды әмбебап мультисервистік телекоммуникация операторына дейін

БІРГЕ ДАМИМЫЗ:

- «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ»
- ҚАЗНЕТ
- ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС





ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

1994

- «Қазақтелеком» АҚ компаниясының құрылуы;

1995

- Алматы қаласынан 52 км қашықтықта Халықаралық Трансазия-еуропалық талшықты-оптикалық байланыс желіжолы (TAE FOCL) ұлттық секторының құрылысы;

1996

- Алматыда TLX.25 Turbo телекоммуникация стансасының іске қосылуы;

1997

- Компанияның Қазақстан қор биржасындағы листингі;

1998

- Шалғайдағы елді мекендерге телефон қызметін ұсыну үшін жерсеріктік байланыс жүйесін іске қосу;

1999

- «Kazakhstan Online» сауда маркасымен деректердің бірыңғай ұлттық желісін құру;
- Алматы қаласында бірінші Халықаралық коммутациялық орталықты (ХКО) пайдалану;

2000

- «Интернет аймағы» - DialUp технологиясын қолдана отырып, интернетке қосылу қызметін енгізу;

2001

- Орталық Азиядағы 10 мың пайдаланушыға арналған алғашқы Internet Data Center (IDC) ашылуы;

2002

- Ұлттық зияткерлік желіні іске қосу;
- «Ресей-Қазақстан» талшықты-оптикалық желіжол өтпесін пайдаланымға қабылдау

2003

- «Қазақтелеком» АҚ сапа және басқару тиімділігі үшін «International gold medal award» халықаралық құрметті марапатына ие болды;
- Қазақстан астанасын цифрландыруды аяқтау;

2004

- Қоғамды ашық акционерлік қоғамнан (ААҚ) акционерлік қоғамға (АҚ) қайта тіркеу;

2005

- ADSL технологиясының негізінде «Megaline» интернетіне кеңжолақты қатынау қызметін іске қосу;

2006

- ИКТ-ны жеке бағытта бөлу (Ақпараттық жүйелер дирекциясы);

2007

- «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанда бекітілген қызметтерді 100% таратуды қамтамасыз етті;

2008

- Сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша жобаны іске асыруда және теңгерімді көрсеткіштердің ақпараттық жүйесін пайдаланымға қабылдау;

2009

- ID TV брендімен IPTV қызметін іске қосу;

2010

- «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының ашылуы;
- «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация желілерін «Next Generation Network» (NGN) көшіру» жобасының аяқталуы;

2011

- Старт стратегического проекта по строительству универсальной волоконно-оптической сети доступа «FTTH» (Fiber to the Home).

2012

- «Кселл» АҚ 49% қатысу үлесін TeliaSonera-ға сату;
- Hewlett-Packard компаниясымен бірлесіп жасалған ТМД-дағы ең ірі Деректерді өңдеу орталығының (DPC) тұсаукесері;

2013

- Компания «Самұрық-Қазына» АҚ бес еншілес компаниясының арасында жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы нәтижелері бойынша Қордың еншілес ұйымдары арасында корпоративтік басқару рейтингісінде көшбасшы болып танылды;

2014

- LTE желісін іске қосу (ALTEL еншілес компаниясының базасында);
- DWDM жаңа буын магистральдық желісін іске қосу;

2015

- «Қазақтелеком» АҚ көмегімен бекітілген дауыстық байланысты 100% цифрландыру жүзеге асырылды;

2016

- Мобильді байланыс нарығында ALTEL / Tele2 бірлескен кәсіпорнын құру;
- Еуропа - Оңтүстік-Шығыс Азия транзиттік маршрутын ұйымдастыруда China Mobile компаниясымен бірлесіп «Dreath» жобасын іске асыру;

2017

- Желіні басқарудың бірыңғай орталығын құру;

2018

- «Кселл» АҚ 75% акциясын сатып алу;
- АЕМ ТӨБЖ құрылысы;

2019

- «Smart Aqkol» жобасын іске асыру;
- Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 5G тестілеуі;
- Tele2 AB 49% үлесін бірлескен кәсіпорынмен сатып алу;
- «Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы «TMT M&A Awards 2019» халықаралық байқауында «Жыл мәмілесі» номинациясының жеңімпазы болды.



1994

- 19 қыркүйекте «.KZ» ұлттық домені тіркелді. Содан бері бұл күн Қазнеттің туған күні болып саналады.


2012

- ұлттық әліпбидің белгілерін қолдана отырып, ҚАЗ жаңа домендік аймағы енгізілді.




8 доменді құрайды
Домендік атаулардың тығыздығы 1000 қазақстандыққа шамамен

1-сурет. Елдегі интернет пайдаланушыларының өсу қарқыны, мың адам




2-сурет. Жастар арасында әлеуметтік желілерді пайдаланушылар, %




ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

3-сурет. Пайдаланушылар белсенділігі, %



4-сурет. Әлеуметтік желілер танымалдығы рейтингісі, %



Ақпарат көзі: интернет көздеріндегі маркетингілік мәліметтер



Мобильді байланыстың тарихы

1994

- Қазақстандағы мобильді байланыс дамуының алғашқы ұлттық операторы Altel болды. Компания 70-тен астам елде жұмыс істейтін аналогтық AMPS стандартын ұсынады.

1998

- Республикада GSM стандартымен жұмыс істейтін жаңа мобильді байланыс операторы - KaR-Tel компаниясы пайда болды.

1999

- GSM стандартында жұмыс жасайтын екінші қазақстандық оператор GSM Kazakhstan өз желісін коммерциялық түрде жүзеге асыруда. Компания Activ және KCell сауда маркаларымен жұмыс істейді.
- Altel CDMA байланысының жаңа технологиясына көшуді жоспарлайды. 1999 жылдың сәуір айында Altel өз клиенттерінің санын 15000-ға дейін жеткізді, сонымен қатар 10 000-ға жуық абоненттер Timar карточкалары желісінің арзан қызметін пайдаланды.
- Толқын корпорациясы (қазір - «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС) «Жаршы» сауда маркасымен мобильді байланыс қызметтерін ұсыну құқығын алды.

2003

- Altel Dalacom сауда маркасымен CDMA стандартының шегінде мобильді желісін іске қосты.

2004

- Altel жаңа брендін - «PATHWORD» (CDMA стандартында) шығарды. Ресейдің жетекші мобильді байланыс операторларының бірі K-Mobile және Excess маркаларымен байланыс қызметтерін ұсынатын «ВымпелКом» ААҚ KaR-Tel ЖШС-ны сатып алды. GSM Қазақстан мобильді байланыс абоненттеріне GRPS, MMS, WAP технологиялары мен мобильді интернет негізінде жаңа қызметтер ұсынады. KCell және Activ абоненттері үшін Алматы және Астана қалаларында EDGE технологиясы іске қосылды.

2005

- Beeline бренді қазақстандық мобильді байланыс нарығына шығады.
- Beeline, K-Mobile, Excess және Dalacom, PATHWORD абоненттері арасында SMS-хабарламалар алмасу мүмкіндігі орнады. GSM Қазақстан компаниясы Қазақстан нарығына мобильді бейне («Mobile Video Streaming») технологияның іске қосылатыны туралы хабарлады. Бұл технология алғаш рет Қазақстанда коммерциялық қолданысқа енгізіліп, KCell және Activ абоненттеріне қолжетімді болды.
- Nursat компаниясы EXCORD сауда маркасымен абоненттерге қалалық нөмірлерді ұсынады.

2006

- Қазақстандағы ең ірі GSM мобильді байланыс операторлары - GSM Қазақстан және KaR-Tel - желілерді өзара қосу туралы келісім жасады. Бұл келісім тікелей байланыс пен қызметтерді ұсынуды, атап айтқанда, осы операторлар арасында SMS хабарламалармен алмасуды қарастырады.
- Altel Dalacom мобильді абоненттеріне жаңа «TONIX» ойын-сауық қызметін ұсынады. Қызмет абонентке қоңырау шалған кезде еститін стандартты ұзақ дыбыстық сигналды түпнұсқа әуенімен немесе дыбысымен ауыстыруға мүмкіндік береді.

2007

- Altel компаниясы Altel сауда маркасымен AMPS стандартты ұялы желісінің жұмысын тоқтатады. GSM үшінші мобильді байланыс операторы, Neo сауда белгісімен мобильді телекоммуникациялық компания, Қазақстан нарығына шығады.
- «KaP-Тел» ЖШС K-Mobile, Beeline және Excess брендтерін бірыңғай Beeline брендіне біріктіреді.

2008

- Қазақстандағы мобильді байланыстың ену деңгейі шешуші болды. Ресми статистикаға сәйкес 1000 адамға шаққандағы жазылушылар саны 1027,1-ге жетті, бұл 100% -дан асады.

2010

- Қазақстан Республикасының телекоммуникациялық нарығында Tele2 бренді алғаш рет 2010 жылы пайда болып, жергілікті байланыс операторын сатып алу келісімшартын аяқтады. Компания Tele2 тобының бизнесімен біріктіріліп, құрылғылар толығымен жаңасына ауыстырылып, өнім портфелі мен маркетингтік платформа жаңартылғаннан кейін желі Tele2 брендімен жұмыс істей бастайды.

2011

- Kcell және Beeline операторлары ресми түрде жоғары жылдамдықтағы 3G желісін іске қосты.

2012

- 2012 жылдың ақпан айына дейін «Кселл» АҚ Holdings B.V.-дің («Fintur») еншілес кәсіпорыны болды. Ол меншіктің 51% үлесін, ал «Қазақтелеком» 49% үлесін иеленді. «Fintur» акционерлері Sonera Holding B.V. және Turkcell Iletisim Hizmetleri A.S., Олардың акциялары тиісінше 58,55% және 41,45% болды. 2012 жылғы 2 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ Kcell-дегі өз үлесін TeliaSonera еншілес ұйымы Sonera Holding B.V.-ге сатты.

2016

- «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 Group бірлесе отырып «Khan Tengri Holding B.V» кәсіпорынын ашты. Бұл «ALTEL» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді байланыс операторлары негізінде құрылған. Бұлар өз кезегінде «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ке біріктіріліп, нарыққа ALTEL және Tele2 брендтерімен шықты.

2017

- Қазақстанда алғаш рет біріктірілген компания «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС LTE Advanced (4G+) технологиясын коммерциялық қолданысқа енгізді. Бұл деректерді 225 Мбит/с дейінгі жылдамдықта жүктеуге мүмкіндік берді.

2018

- «Қазақтелеком» АҚ «Telia» Company және «Fintur Holdings B.V» иелігінде болған «Кселл» АҚ-ның 75% акциясын сатып алды.

2019

- «Қазақтелеком» АҚ келісімшартты аяқтап, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің жалғыз мүшесі болып табылатын «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларына 100% иелік етті.



КОМПАНИЯ ЦИФРМЕН

Таза пайда

60 345

ТЕҢГЕ

Меншікті капитал

427 358

МЛН ТЕҢГЕ

Мобильді байланыс абоненттері саны

15 529 658

Бос ақша ағыны (FCF)

101,9

МЛРД ТЕҢГЕ

Кіріс

428 081

МЛН ТЕҢГЕ

Тіркелген желіжолдар саны

2 849 878

Сервис жүйесі орындары саны

248

Әлеуметтік тұрақтылық индексі

69 %

ЕБИТДА

177 038

МЛН ТЕҢГЕ

Тіркелген КЖҚ абоненттері саны

1 705 495

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының нарықтағы үлесі

63,9 %

АЕМ ТОВЖ

4 731 км

ЕБИТДА margin

41,4 %

Ақылы ТВ қосу орындары саны

774 044

NPS ниеттестік индексі

21,3 %



Топ қызметінің басты индикаторлары

	Өлшем бірлік	2014 факт	2015 факт	2016 факт	2017 факт	2018 факт	2019 факт
Қаржылық көрсеткіштер							
Қызметтер сатудан кіріс	млн теңге	208 223	189 754	205 820	210 225	222 726	428 081
Таза пайда	млн теңге	7 484	24 388	55 832	24 718	42 883	60 345
ЕБИТДА	млн теңге	61 580	66 745	73 718	76 445	79 196	177 038
ЕБИТДА margin, %	млн теңге	29,6	35,2	35,8	36,4	35,6	41,4
Капитальдық салымдар (ҚҚС қоспағандағы есептеме)	%	55 154	38 699	15 014	29 109	47 853	72 795
ARPU	млн теңге	3 413	3 582	3 605	4 623	5 017	5 038
ROACE	теңге	6,1%	8,64%	16,35%	7,72%	9,2%	12,06%
Тиімділік көрсеткіштері							
ROIC (инвестицияланатын капиталға қайтарым)	%	6	9,8	10,1	8,6	6,3	8,37
Жұмыскерлер саны	адам	29 000	28 343	25 117	23 610	22 517	24 469
1 жұмыскерге шаққандағы кіріс	мың теңге	7 180	6 912	8 194	8 904	9 891	17 495
Активтер туралы мәлімет							
Активтер, барлығы	млн теңге	417 693	436 494	468 962	471 314	793 395	1 079 050
Ұзақ мерзімді кредиттер	млн теңге	56 426	27 300	53 795	24 968	135 838	339 138
Меншікті капитал	млн теңге	270 309	292 421	343 798	359 108	380 907	427 358
Өндірістік көрсеткіштер							
Тіркелген желіжолдар саны	желіжолдар	4 063 258	3 878 525	3 670 696	3 425 559	2 978 472	2 849 878
Тіркелген ҚЖҚ абоненттері саны	абоненттер	1 543 138	1 502 632	1 592 146	1 686 785	1 700 977	1 705 495
Ақылы ТВ абоненттері саны	абоненттер	530 630	607 762	670 127	735 419	792 172	774 044
Мобильді байланыс абоненттері саны	абоненттер	851 264	2 028 979	6 439 746	6 914 398	16 128 949	15 529 658
Макроэкономикалық көрсеткіштер							
Қазақстан халқы, барлығы	мың адам	17415,7	17669,9	17918,2	18157,3	18395,6	18611,1
ІЖӨ өсуі	%	104,2	101,2	101,1	104,1	104,1	104,3
Тұтыну бағасының индексі	%	107,4	113,6	108,5	107,1	105,3	105,4
Долларға теңге бағамы, жылға орта есеппен	теңге	179,19	221,73	342,16	326,00	344,71	382,75

2019 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИФАЛАРЫ

ҚАҢТАР



«Қазақтелеком» АҚ Ақмола облысының әкімдігімен және өзге де серіктес компаниялармен бірлесіп «Smart Aqkol» жобасын іске асырды;

«Ақкөл» ситуациялық орталығында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болды;

АҚПАН

«Қазақтелеком» АҚ Беларусь Ұлттық ғылым академиясының Сектораралық сәйкестендіру және электрондық бизнес жүйелері орталығы және Ресейлік «e-PASS.ru» провайдерімен үшжақты меморандумға қол қойды;

«Қазақтелеком» АҚ тауарларды цифрлық таңбалау бойынша форум өткізді;

«Қазақтелеком» АҚ Барселонада өтетін Mobile World Congress 2019-да инфокоммуникация саласындағы инновациялық қызметтерді таныстырды;

«Қазақтелеком» АҚ және Ericsson Қазақстанда 5G радиотелефон технологиясын дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды


«Қазақтелеком» АҚ алғашқы «CORD» бұлтты байланыс торабын енгізу жобасын ұсынды;

«Қазақтелеком» АҚ және Cisco американдық трансұлттық компаниясы арасында Telco Cloud шешімдерін әзірлеу және тестілеу туралы меморандумға қол қойды;

НАУРЫЗ

«Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ акциялары бағалы қағаздар тізіміне енгізіліп, Санкт-Петербург биржасындағы сауда-саттыққа жіберілді;

СӘУІР



«Қазақтелеком» АҚ-да «Сервистік фабрика» филиалы ашылды;

«Қазақтелеком» АҚ жаңа өнімдер – M2M ресурстарды өлшеу сенсорлары мен ақылды жарықтандыруды қосуға арналған құрылғының енгізілгені туралы хабарлайды;

МАМЫР

«Қазақтелеком» АҚ құрамына екі жаңа бас директор келді: Инновациялар жөніндегі бас директор – Нұрлан Мейірманов, сондай-ақ Бизнесі қамтамасыз ету және қолдау жөніндегі бас директор – Тимур Худайбердиев;

«Қазақтелеком» АҚ «Астана экономикалық форумы-2019» аясында 5G технологияларының мүмкіндіктерін көрсетті;



«Қазақтелеком» АҚ «Ашықтық рейтингінде» Қазақстандағы ең ірі компаниялардың ішінде ТОП-15-ке кірді;

«Қазақтелеком» АҚ Tele2 AB біріккен компаниядағы үлесінің 49% сатып алу туралы келісім жасасты;




МАУСЫМ

«Қазақтелеком» АҚ-да жыл сайынғы «Үздік талшықты-оптикалық кәбіл дәнекерлеушісі» республикалық конкурсын өткізді;

BB+

Fitch Ratings «Қазақтелеком» АҚ-ның деңгейін «BB+» деп растады;

«Қазақтелеком» АҚ және Ericsson Алматыда 5G технологиясының мүмкіндіктерін сынақтан өткізді;



«Қазақтелеком» АҚ «Mobile World Congress Shanghai-2019»-ға қатысты;

«Қазақтелеком» АҚ және Қытайдың ірі мобильді байланыс операторы «China Mobile International Limited» бірлесе жұмыс атқару туралы меморандумға қол қойды;

ШІЛДЕ



«Қазақтелеком» АҚ «Smart Arys» жобасын көрсетті;

ТАМЫЗ

«Қазақтелеком» АҚ «CREDO – табыс мәдениетіне бастар жол» жобасын қорытындылады;

«Қазақтелеком» АҚ 5G технологиясын далалық сынақтан сәтті өткізді;

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиев Павлодар облысының цифрландыру деңгейіне жоғары баға берді.



«Қазақтелеком» және Huawei Нұр-Сұлтан қаласында 5G сынақ тестілеуін өткізді;

«Қазақтелеком» АҚ Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласында «Smart City» сынақ жобасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды;

«Қазақтелеком» АҚ «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында инновациялық жобаларды, соның ішінде Ақтау, Түркістан және Арыс қалаларында «Smart City» сынақ жобаларын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы төрт меморандумға қол қойды;

«Қазақтелеком» АҚ «Qoovee.com» ғаламдық сауда алаңының серіктесі болды;

ҚАЗАН



Фото: Profit.kz

«Қазақтелеком» АҚ Мәскеудегі «Mobile 360 – Евразия 2019» конференциясына қатысты;

«Қазақтелеком» АҚ жобалары «WOW! HR KZ» сыйлығына ие болды;

«Қазақтелеком» АҚ және «Қазақстанның даму банкі» мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасына несие желісін ашу туралы келісімге қол қойды;



«Қазақтелеком» АҚ абоненттері ID TV топтамасы «M-1 Global» каналында қолжетімді болды;

CREDO жобасы Мәскеудегі Интерком халықаралық конференциясында үздік деп танылды;

«Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтан қаласында ALTEL инфрақұрылымы негізінде 5G коммерциялық желісін іске қосты;

«Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының ағымдағы жылдың 9 айдағы таза табысы 51 млрд. теңгеден асты;

ҚАРАША

«Қазақтелеком» АҚ Алматыны «Ақылды қала» ретінде дамыту мүмкіндіктерін ұсынды;

«Қазақтелеком» АҚ командасы «WorldSkills Hi-Tech 2019» аясында екінші ашық Еуразия чемпионатының қола жүлдегері атанды;

«Қазақтелеком» АҚ «Абай оқулары-2019» тақырыбында республикалық байқау өткізді;

«Қазақтелеком» АҚ ресейлік IT құрылымымен «IKS холдингімен» BIG DATA-ны енгізу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды;



«Қазақтелеком» АҚ «TMT M&A AWARDS 2019» халықаралық сыйлығына ие болды;

ЖЕЛТОҚСАН

«Қазақтелеком» АҚ Қарағанды облысында «Smart City» сынақ жобаларын іске қосуды жоспарлайды;



«Қазақтелеком» АҚ «3rd IoT Forum Kazakhstan – 2019» халықаралық форумына қатысты.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

ҚЫСҚАША ШОЛУ

КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ

«Қазақтелеком» АҚ (компания, қоғам, Қазақтелеком) Қазақстандағы ірі тіркелген телефония операторы, байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылдық жерде байланыс қызметтерін көрсетуде танылған көшбасшы, сондай-ақ Ұлттық деректер беру желісінің ірі операторларының бірі болып табылады.

Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сауран к., 12.

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес республиканың барлық аумағында байланыс қызметтерінің кең шоғырын көрсететін, құрылып отырған ұлттық ауқымдағы акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру жолымен құрылды.

«Қазақтелеком» АҚ «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (Бастапқы мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының әділет органдары 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізген).

Компания негізгі мақсаты акционерлер мүддесіне сәйкес кіріс алуды көздейтін өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.

Акционерлік қоғам қызметі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 49 шешімімен бекітілген Жарғының негізінде жүзеге асырылады. Жарғы оны ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негіздерін анықтайды.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- коммерциялық қызметтен пайда алу және оны акционерлер мүддесіне пайдалану;
- Қазақстан Республикасы аумағында заманауи телекоммуникация желілерін құру және оны әлемдік телекоммуникация желісіне ықпалдастыру;
- Қазақстан Республикасы аумағы және шетелде телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлерін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісін және жекеменшік телекоммуникация жүйесін құру, құрастыру, пайдалану және техникалық күтім жасау үшін, жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация операторы және соның ішінде қалааралық және халықаралық байланыс операторы функциясын жүзеге асырады.

Компания Қытай, Ресей, Еуропа және Орталық Азиядағы республикалармен барлық шекаралас учаскелерді қосатын магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары желісіне ие болғандықтан транзиттік әлеуетті дамыту және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникация ағындарын ұлғайтуға үлкен көңіл бөледі.

«Қазақтелеком» АҚ ел аумағында тұтастай 248 сервис жүйесі орны, 17 дата орталығымен меншікті желісі, сондай-ақ байланыс орталықтары бар.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның негізгі акционері жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесі 100 пайызды құрайтын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) болып табылады, ол компанияның 51% жай акцияларының ұстаушысы болып табылады.

2020 жылдың басына «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгені құрайды, 10 922 876 жай акциядан және 1 213 653 артықшылықты акциядан тұрады. Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге. «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларының үлесі айналысқа шығарылған акциялар жалпы санының 10% құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ ірі акционерлері құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ өзге Skyline Investment Company S.A. кіреді. Өзге акционерлер

акцияларының пакеті 10% аспайды. 2019 жылы ірі акционерлер құрамында өзгерістер болған жоқ.

1-кесте. «Қазақтелеком» АҚ 2020.01.01 жағдай бойынша жай акцияларының меншік иелері

Акционерлер	Акциялар саны	Үлесі (%) ¹
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	5 570 668	51,00
«SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A.»	2 671 481	24,46
«ADR» («BNY Mellon» номиналды ұстаушысы)	1 046 250	9,58
5% кем үлеспен өзге акционерлер ²	1 634 477	14,96
Жарияланған жай акциялардың барлығы	10 922 876	100

2020.01.01 жағдай бойынша Қоғамның Басқарма, Директорлар кеңесі мүшелері «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларына ие емес, акцияларды қиылыса иемдену жоқ.

«Қазақтелеком» АҚ жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ресми тізіміне қосылған, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына

ауыстырылды. Қазіргі уақытта компанияның жай және артықшылықты акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ «Премиум» ресми санатына кіреді және биржаның негізгі алаңында сатылады.

Қоғам акциялары құнының өзгеруі 2-кестеде берілген.

2-кесте. 2015-2018 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ жай және артықшылықты акциялары құны (Соңғы қолжетімді күнге жабу бағасы)³

Акция түрі	31.12.2015		31.12.2016		31.12.2017		31.12.2018		31.12.2019	
	Бағасы	Өсу қарқыны, %	Бағасы	Өсу қарқыны, %	Бағасы	Өсу қарқыны, %	Бағасы	Өсу қарқыны, %	Бағасы	Өсу қарқыны, %
Жай акциялар (1 дана)	9 280	14 523,0	56,5	20 505,0	121,0	33 499,0	261,0	27 100,0	192,0	
Артықшылықты акциялар (1 дана)	6 812	7 828	14,9	8 500	24,8	12800	87,9	13 600,0	99,6	


¹ Үлес орналастырылған жай акциялар жалпы санына есептелген

² Соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ сатып алған акциялар

³ Өсу қарқыны 2015 жылға қатысты есептеледі



«Қазақтелеком» АҚ ұйымдық құрылымы



«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының құрылымы

Еншілес компаниялар «Қазақтелеком» АҚ тобының телекоммуникация нарығының мобильді сегментіндегі позициясын нығайтады және дәстүрлі телекоммуникациялық

қызметтерді, сондай-ақ есу әлеуеті бар салаға байланысты қызметтерді дамытуға ықпал етеді.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы құрылымы¹

Мобильді байланыс	Инфокоммуникациялық қызметтер
<p>АҚ «Кселл» www.kcell.kz</p> <p>75 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>«Кселл» АҚ ұялы байланыс, қысқа хабарлама тарату, (VAS), интернетке қосылу және деректермен қамдау қызметтерін ұсынады. Компания нарыққа екі бренд арқылы шығып отыр: 1. Kcell, бұл брендтің көздеген аудиториясы корпоративті тұтынушылар. 2. Activ, бұл жалпы бұқаралық абоненттерге бағытталған. Компания кең ауқымды, жоғары сападағы мобильді байланыс арқылы қызмет көрсетеді. Ол бүкіл Қазақстан аумағын қамтиды.</p>	<p>«QazCloud» ЖШС www.qsamruk.kz</p> <p>49 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Бұл сервистік компания – IT-инфрақұрылымды қолдау, техникалық қызмет көрсету, модернизациялау, виртуалды IT-ресурстарды жалға беру және «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының ақпараттарын қорғау сияқты қызметтерді қамтиды.</p>
<p>Khan Tengri Holding BV www.altel.kz www.tele2.kz</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Хан Тенгри Холдинг BV-дің басқаруындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді байланыс операторы нарыққа ALTEL және Tele2 брендтерімен шықты.</p>	<p>«КТ Cloud Lab» ЖШС www.mycloud.kz</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Байланыс орталығы («Қазақтелеком» АҚ абоненттері мен ұялы байланыс операторлары үшін, аутсорсингтік байланыс орталығы қызметтері), дата орталық, ИТ-аутсорсинг қызметтері.</p>
Техникалық ресурстар	Жаңа бизнестер
<p>«ШЫҒЫСТЕЛЕКОМ» ЖШС</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Бұл еншілес ұйым – «Қазақтелеком» АҚ-ның техникалық ресурсы. Бұл ауылдар мен елді мекендерді телефон және интернет байланыстарымен қамтамасыз етумен айналысады.</p>	<p>«НҰРСАТ+» ЖШС www.chokomart.kz</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Бұл «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниясы. Қаржылық төлемақы және электронды сауда саласындағы бизнестің жаңа бағыттарын дамытумен айналысады.</p>
<p>«КТ-АЙИкс» ЖШҚ</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>Бұл «Қазақтелеком» АҚ-ның Ресей Федерациясы аумағындағы байланыс орталығы (Мәскеу).</p>	<p>«Info-NetWireless» ЖШС</p> <p>100 % «Қазақтелеком» АҚ жарғылық капиталдағы үлесі</p> <p>2019 жылы «Info-NetWireless» ЖШС «Қазақтелеком» АҚ-ның компаниялар тобындағы жаңа бизнес бағытын іске асырудың өтпелі кезеңде тұрды. Қазақстан Республикасы бойынша тауарларды таңбалау мен бақылау қызметтерін атқарды. 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да темекіні, аяқ киімді, дәрі-дәрмектер мен сусындарды таңбалау бойынша сынақтық жобаларды іске асырды.</p>

¹ 2019 жылғы наурызда «Қазақтелеком» АҚ еншілес ұйымы - «НҰРСАТ+» АҚ ерікті түрде тарату жөніндегі іс-шаралар аяқталды. Компанияның жұмысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің № 1388 бұйрығы алынды.



БІРІГУ ЖӘНЕ ЖҰТЫЛУ

- «Қазақтелеком» АҚ компанияның нарықтық позициясын күшейтетін сапалы активтерді сатып алу үшін тиімді мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануға ұмтылады.

Компанияның ірі мәмілелері:

- 2019.28.06 Tele 2 Sverige A.B. тиесілі Khan Tengri Holding B. V. акцияларының 49% сатып алу мәмілесі аяқталды, оның нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ иелену үлесінің 100% - ынан Khan Tengri Holding B. V. жалғыз акционері болды.
- 2018 жылғы 21 желтоқсанда «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% сатып алынды.

САЛАНЫҢ РЕТТЕУШІ ОРТАСЫНА ШОЛУ

Қоғамның қызметін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті (бұдан әрі – ҚР ЦДИАӨМ комитеті) реттейді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабының 51), 52), 53), 67) тармақшала-рына сәйкес, Қоғамның қызметін бақылау байланыс, ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба сала-сында, табиғи монополия салаларында жүзеге асырылады.

ҚР ЦДИАӨМ комитеті сондай-ақ телекомму-никация саласындағы табиғи монополиялар бойынша уәкілетті орган болып табылады. Бәсекелестікті қорғау саласында қоғамға қаты-сты өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті жүзеге асырады.

2019 жылғы 15 қаңтарда ҚР «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған жаңа заң қолданысқа енгізілді. Оның негізгі мақсаттары құқықтық негіздерді айқындау, табиғи монополиялар саласындағы қызметті мемлекеттік рет-теу рәсімдерінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің мүдде-лерін қорғауды қамтамасыз ету, реттелетін қызметтердің сапасын арттыруды ынталандыру және оларға сұранысты қанағаттандыру болып табылады.

2019 жыл ішінде «Қазақтелеком» АҚ қызметінде пайдаланылатын ҚР Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізілді.

Сонымен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестициялар тарту, экспортты дамыту және жылжыту,

сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәсе-лелері бойынша өзгерістер мен толықтыру-лар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі ҚР Заңымен Кәсіпкерлік кодекстің 211-бабы алы-нып тасталды, оған сәйкес табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) жатпайтын қызметті жүзеге асыру басталған сәттен бастап бұл туралы монополияға қарсы органды хабардар етуге міндетті. Қазіргі уақытта табиғи монопо-лия субъектісінің мұндай міндеттемесі «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының негізінде уәкілетті органда бар.

Бұдан басқа, 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметінде пайдаланылатын ҚР кейбір заңна-малық актілеріне Азаматтық кодекс, Салық кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекс, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заң, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жау-апкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заң сияқты заңнамалық актілерге жалпы сипат-тағы әртүрлі өзгерістер енгізілді.

Тарифтерді реттеу бөлігінде «Қазақтелеком» АҚ 2019 жылы үш бағыт бойынша мемлекеттік реттеуге жатады:

1. Табиғи монополия саласының қызметтері.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес табиғи монополия субъектісінің қызметін мемлекеттік реттеу тарифті бекіту арқылы жүзеге асырылады.

2. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 238 қаулысымен бекітілген телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесіне:

- Жергілікті телефон байланысы қызметтері;
- Қосылу жылдамдығы 1 536 Кбит/с кем емес интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтері;

3. Күш құрылымдарына, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына көрсетілетін қызметтер жатады.

Жаңа қызметтерді енгізу, телекоммуникация желілерін одан әрі жаңғырту шеңберінде жұмыстар жүргізу кезінде қоғамға радио-жиілік спектрін, нөмірлеу ресурсын пайдалануға рұқсатпен байла-нысты мәселелерді мемлекеттік органдармен келісу талап етіледі.

2015 жылғы 31 желтоқсанда «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы заңды қабылдау мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде ауылдық елді мекендерде ТОБЖ құрылысы бойынша жобаны іске асыру үшін басты рөл атқарады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Министрлік Қазақстан Республикасы өңірлерінің «Цифрлық теңсіздігін» қысқарту мақсатында 2018 жылы «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының Ауылдық елді мекендерін кең жолақты қол-жетімділікпен қамтамасыз ету» мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын (бұдан әрі – МЖӘ жобасы) іске асыруды бастады және 2019 жылы жалғастырды.

МЖӘ жобасының міндеттерін іске асыру мақсатында мемлекеттің мынадай қызметтерді тұтыну кепілдігі түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделген:

- Мектептерге арналған кең жолақты интернетке қатынау;
- Өзге мемлекеттік мекемелерге арналған кең жолақты интер-нетке қатынау;
- Бас прокуратураға арналған облыстық IP VPN;
- басқа мемлекеттік мекемелер үшін республикалық IP VPN.

Еуразиялық Экономикалық Комиссия Кеңесі электр байланысы қызметтерін сауда тәртібінің 14-тармағына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерінің трафикті өткізу бойынша қызметтерге баға белгілеуді орнатудың бірыңғай тәсілін бекітті.



Стратегия



2019 жылы «Өрлеу 2.0»
бағдарламасын іске
асырудан қаржылық әсер

4,35
млрд. теңгені
құрады



МИССИЯ ЖӘНЕ ПАЙЫМ

«Қазақтелеком» АҚ-ның Миссиясы және Пайымы өзгеріссіз қалады, бірақ стратегиялық даму бағыттары мен бастамалар жаңа мазмұнмен толығады.

БАСТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

«Қазақтелеком» АҚ жаңа стратегияны іске асыру үшін үш стратегиялық даму бағытын таңдады:

СДБ 1 «Бірінші таңдау бренді» - түсімді ұлғайту және маркетингі мен сату шығындарын оңтайландырумен телеком нарықта ұзақ мерзімді көшбасшылықты сақтау.

СДБ 2 «Цифрлық платформа» – негізгі бизнес пен желіні цифрлық трансформациялау, сондай-ақ жаңа цифрлық модельдер мен әріптестікті қолдану арқылы бірегей нарықтық жағдайды ақшаға айналдыру.

СДБ 3 «Тиімді ұйымдастыру» – Топтың оңтайлы ұйымдық құрылымына көшу және тиімділікті арттырудың ауқымды бағдарламасын іске қосу.

МИССИЯ



ӨЗГЕРЕ, ТАҢДАНДЫРА ЖӘНЕ ҮМІТ ЕТКЕННЕН ДЕ АСЫП ТҮСІП, ӘРБІР АДАМНЫҢ ҚАЙТАЛАНБАС ӘРІ ӘДЕТТЕГІ ӨМІРІНІҢ БӨЛШЕГІ БОЛУ!

ПАЙЫМ

Инфокоммуникациялар нарығындағы көшбасшы қазақстандық ықпалдастырылған сервис-провайдер



Бірінші таңдау бренді

Түсімді арттыру және маркетинг пен сату шығындарын оңтайландыру арқылы телеком нарығында ұзақ мерзімді көшбасшылықты сақтау



Цифрлық платформа

Негізгі бизнес пен желіні цифрлық трансформациялау, сондай-ақ жаңа цифрлық бизнес-модельдер мен әріптестікті қолдану арқылы нарықтағы бірегей жағдайды ақшаға айналдыру



Тиімді ұйымдастыру


Топтың оңтайлы ұйымдық құрылымына көшу және операциялық тиімділікті арттырудың ауқымды бағдарламасын іске қосу



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жаңа стратегияны іске асыру келешектегі 5 жылда мынадай стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді (2024 жылға мақсаттың жай-күйі)

Жаңа стратегияның негізгі мақсаты сабақтас салалардағы негізгі қызметтің түсімін ұлғайту, сондай-ақ шығындар базасын оңтайландыру арқылы акционерлік құнды, сәйкесінше, Топтың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.





БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Client

Клиент

Клиенттің үміт еткенінен де асып түсу

Негізгі мәні:

- Сыртқы және ішкі клиенттердің қажеттіліктерін дәл әрі толық қанағаттандыруға ұмтылу;
- Клиентпен кері байланысқа түсе отырып, клиенттік сервисті үнемі жетілдіріп отыру;
- Бір қадам алда болу – клиенттің үміт еткенінен де асып түсіп, таң қалдыру.



Responsibility

Нәтиже үшін жауапкершілік

Жауапкершілікті алу —нәтижесіне жауап беру

Негізгі мәні:

- Ақтық нәтиже үшін жеке жауапты болу
- Шешім қабылдауда дербес бола білу
- Үдеріске емес, нәтижеге бағдарлану



Entrepreneurship

Кәсіпкерлік рух

Нарық көшбасшысының кәсіпкерлік батылдығы

Негізгі мәні:

- Кәсіпкерлік бастама жасау: жаңа идеяларды сенімді түрде ұсыну, тәуекелге баруға және жеңіп шығуға дайын болу;
- Амбицияға ие болу, табысқа ұмтылу;
- Бизнесіні дамыту үшін үнемі жаңа мүмкіндіктер іздеу.



Digital culture

Цифрлық мәдениет

Цифрлық коммуникация технологиялары жұмыста және өмірде

Негізгі мәні:

- Жаңалыққа құмар болу және жетістікке талпыну;
- Жаңашылдықпен әрекет ету: цифрлық технологиялар арқылы бизнесті өзгерту;
- Өзгерістерге дайын болу.



Outstanding decisions

Көрнекі шешімдер

Табысты бизнес үшін сапалы шешімдер

Негізгі мәні:

- Шешім қабылдау барысында барлық тараптың мүддесін және алуан түрлі факторларды ескеру;
- Міндеттерді шешуде стандартты емес амал-тәсілдерді қолдану;
- IQ + EQ + DQ¹ балансын қолдау – логиканы, жаңа технологиялар білімін, жаңа әлемнің әлеуметтік және психологиялық трендтерін біріктіре отырып, шешімдер қабылдау.

¹ IQ + EQ + DQ – зият, эмоционалдық зият, цифрлық зият

БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР



МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТА ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

2019 ЖЫЛҒЫ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

(Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, интернет-ақпарат көздеріндегі байланыс нарығы бойынша маркетингтік деректер мен сараптамалық бағалау бойынша ұсынылған)

2018 жылы телекоммуникация нарығының негізгі үрдістері

- 2019 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметтері нарығының жиынтық көлемі 825 млрд. теңгені құрады, өткен жылдың көрсеткішінен 7,1% артық.
- Қызметтер түрі бойынша кірістер құрылымында даму драйвері деректер беру болып табылатын мобильдік байланыс басымдылықты сақтап келеді. Жалпы кірісте мобильдік байланыс үлесінің төмендеуіне қарамастан, ол бұрынғыша барлық нарық көлемінің жартысынан астамын өндіреді – 53,1%.
- Тіркелген телефония үлесі жылдан жылға қысқаруда, 2019 жылы 6,7% дейін төмендеді.
- Абсолютті мәнде кірістердің өсуіне қарамастан, соңғы жылдары тіркелген желілерде деректер беру мен интернет желісіне қатынау қызметтерінің үлесі төмендеу үрдісін көрсетіп отыр.
- 2019 жылы ақылы телевидение сегменті байланыс қызметтерінен түсетін кірістердің 4,4% қамтамасыз етті.
- Бөлшек нарықтың өсуіне қарай байланыс операторларына ұсынылатын қызметтер көлемі де ұлғайып келеді және бұл телеком-қызметтердің жиынтық түсіміндегі сегмент үлесінің өсуінен көрінеді.
- Қарастырылып отырған кезеңде бірігу, жұтылу және кету бойынша ірі мәмілелердің арасында мыналарды ерекше атап көрсетуге болады:
 - «АЛМА-ТВ» және «Icom» ақылы ТВ операторларының абоненттік базаларын біріктіру (номиналды алғанда, заңды тұлға ретінде «Icom» өз абоненттік базасын «АЛМА-ТВ»-ға бере отырып, ақылы ТВ қызметін көрсетпейді);
 - Компанияны оңалту мақсатында сауықтыру басқару рәсімдерін жүргізумен «Арна» АҚ банкроттығы;
 - «SkySilk» және «БиКаДа» өңірлік компаниялардың қосылуы (Ақтау қ.).

2019 жылғы телекоммуникация нарығы

2019 жылдың қорытындылары бойынша байланыс қызметтері нарығының жиынтық көлемі 825 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдың көрсеткішінен 7,1% артты.

5-сурет. 2015-2019 жылдардағы ҚР телекоммуникация нарығының көлемі мен даму қарқыны



(дереккөз: iKS Consulting)

Қызмет түрлері бойынша кірістер құрылымында деректер беру қызметі драйвері болып табылатын мобильдік байланыс басымдыққа ие. Жалпы кірісте мобильдік байланыс үлесінің қысқаруына қарамастан, ол бұрынғысынша барлық нарық көлемінің жартысынан астамын өндіреді - 53,1%.

Тіркелген телефониядан түсетін кіріс үлесі жылдан жылға қысқарып, 2019 жылы 6,7% дейін төмендеді. Сегменттің қысқаруы натуралды түрде алғанда мобильдік және IP алмастыру әсерінен орын алуда және бұл дамыған нарық үшін табиғи үдеріс болып табылады. Мұндай төмендеуді болдырмау шараларының бірі ретінде тіркелген және мобильдік желілерде қызмет ұсынатын операторлар бір топтамаға тіркелген және мобильдік телефония қызметтерін біріктіретін конвергирленген ұсыныстар беруде. 2019 жылдың

қорытындылары бойынша конвергентті қызметтерден түсетін кіріс үлесі жалпы нарық үлесінде 1,7% құрады.

Абсолютті мәнінде кірістің өсуіне қарамастан, тіркелген желілерде деректер беру мен интернет желісіне қатынау қызметтері сегментінің үлесі соңғы жылдары төмендеу үрдісін көрсетіп келеді. Бұл бұл қызмет түрінің кірісі жалпы нарықпен салыстырғанда баяу өседі дегенді білдіреді. Кірістің өсу қарқынының баяулауы бірқатар себептерге байланысты болып отыр: нарықтың дамуы, қызметтің кірігу деңгейінің жоғарылығы және нарық көшбасшылары – «Қазақтелеком» АҚ мен Veeline-нің белсенді бәсекелестігі. Екі компания да үй шаруашылықтарына құрамы жағынан ұқсас қызметтер топтамаларын ұсынады, сәйкесінше, баға тұрғысынан бәсекелесуге мәжбүр.

Тіркелген интернет-қатынау мен деректер беру қызметтері кірістері үлесінің қысқаруына сондай-ақ операторлардың АТ-қызметтерді дамытуы да әсер етеді. АТ-дан түсетін кірістің негізгі көлемі инфрақұрылымдық жобаларға келуіне қарамастан, жыл сайын байланыс операторлары ұсынатын интернет желісі базасындағы АТ-қызметтер мен бизнес-шешімдер үлесі артуда.


2019 жылы ақылы телевидение сегменті байланыс қызметтерінен түсетін жиынтық кірістің 4,4% қамтамасыз етті. Абоненттік базаның белсенді ұлғаюы жағдайында кірістің баяу өсуі мемлекеттің қолдауымен «ОТАУ TV» қамтамасыз ететін тегін базалық телебағдарламалар топтамасын абоненттердің үштен бір бөлігіне жуығы белсенді пайдалануына байланысты.

Бөлшек нарықтың өсуімен бірге байланыс операторларына қызметтер көлемі де ұлғаяды, бұл телеком-қызметтердің жиынтық түсіміндегі сегменттің үлесінің өсуінен байқалады. Желілік инфрақұрылымды жалға беру және деректер беру арналары мен интернет желісіне қатынауды ұсыну байланыс операторларына кірістің негізгі бөлігін әкеледі.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының нарықтағы ұстанымы

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының нарықтағы үлесі 63,9% құрады.

6-сурет. «Қазақтелеком» АҚ нарықтағы үлесінің динамикасы




2018 жылдың соңында «Қазақтелеком» АҚ «Кселл» АҚ акцияларының 75% сатып алды. 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ мен «Мобайл ТелекомСервис» ЖШС қосылды, нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының телекоммуникация нарығындағы жалпы үлесі күрт өсті.

Нарық сегменттері бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының үлесі мынадай:

- Тіркелген телефония - 90%;
- Мобильдік нарық – 61% («Кселл» АҚ және «Мобайл ТелекомСервис» ЖШС үлестерін есепке алғанда);
- Тіркелген интернет - 85%;
- IP-телефония – 58%;
- Ақылы ТВ - 42%;
- ИКТ қызметтері - 18%;
- Операторлық бизнес - 59%.

Тіркелген телефония

7-сурет. Тіркелген телефония нарығының динамикасы, 2015-2019



Дереккөз: iKS-Consulting бағалауы

2019 жылдың қорытындылары бойынша тіркелген телефония қызметтерінен түсетін кіріс 54,03 млрд. теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда 4,99%-ға төмендеді.

Соңғы он жыл ішінде тіркелген телефония нарығы жергілікті, қалааралық және халықаралық бағыттардың барлығында қысқаруда. Бұл ретте егер 2013 жылға дейін жергілікті телефония нарығы телефон желіжолдарының өсімі есебінен ұлғайып, мобильдік желілер мен ОТТ-сервистерге көшкен қалааралық/халықаралық трафик қана төмендесе, 2014 жылдан бастап физикалық өлшемде нарықтың қысқаруы себебінен жергілікті телефония кірісі де төмендеді – абоненттердің кетуі және




тұрғындар мен кәсіпорындардың бір бөлігі байланыс құралы ретінде тіркелген телефония желіжолдарынан мүлде бас тартты.

«Көтерме сауда арзан» қағидаты бойынша түрлі қызметтерді байланыстырып ұсынатын қызметтер топтамасымен қатар, белгіленген төлем есебіне белгілі бір көлемді ұсынатын трафик топтамалары сияқты тіркелген телефония операторларынан топтамалық ұсыныстар кірістің төмендеу қарқынын тежейтін құралдардың бірі болып табылады. Десек те, операторлардың барынша тырысуына қарамастан, тіркелген телефония қызметтерінен түсетін кірістің төмендеуін мүлде болдырмау және IP/OTT-алмастыруға қарсы тұру бүгінде мүмкін емес.

Мобильдік байланыс

2019 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанда мобильдік байланыс нарығының үлесі 438,4 млрд. теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өсім көрсетті. Нарық 2015 жылы орын алған теріс пикеден шығумен бірге, оған қоса түсімнің бүкіл тарихындағы ең жоғары деңгейді көрсетті.

8-сурет. Ұялы байланыс қызметтерінің кірістері, 2015-2019



Дереккөз: iKS-Consulting


Ұялы байланыс нарығы бірінші кезекте жаппай тұтынушыға бейінделген. 2015 жылға дейін барлық операторлардың стратегиясы абоненттердің саны бойынша нарық үлесін қамтуға бағытталған болатын. Бұл абоненттер санын қуу бәйгесі бағалар шиеленісіне әкеліп, абоненттердің кірістілігі мен операторлардың жиынтық кірісіне кері әсер етті. Сонымен қатар ел экономикасына кері әсер еткен теңгенің құнсыздануы қазақстандық кәсіпорындардың өз қызметкерлеріне байланыс

қызметі үшін төлемдер бюджеттерін қысқартуына алып келді. Бұл факторлар ұялы байланыс операторларын абоненттік базаның сапасын арттыру және арнайы қызметтер мен дайын шешімдер арқылы корпоративтік сегментті дамыту бөлігінде өздерінің нарықтық стратегияларын түзетуге мәжбүр етті. Нәтижесінде 2016 жылдан бастап корпоративтік клиенттерге ұсынылатын қызметтер кірісінің үлесі жыл сайын ұлғая бастады және 2019 жылдың қорытындылары бойынша 10% жуықтады. Нарықтың бастапқы даму сатыларында жалпы абоненттік базада бизнес клиенттердің үлестік салмағы бойынша Kcell көшбасшы болса, қазір корпоративтік секторды дамыту барлық операторлар үшін басымдыққа айналды, түсімдегі бизнес пайдаланушылардан түсетін кіріс деңгейі 9-11% болуы барлық операторлар үшін әділ көрсеткіш болып табылады.

Интернет желісіне тіркелген қатынау нарығы

2019 жылы тіркелген байланыс желілеріндегі КЖҚ нарығының көлемі 103,1 млрд. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 2,4% -ға жоғары.

9-сурет. Тіркелген желілердегі КЖҚ қызметтерінің кірісі, 2015-2019



Дереккөз: iKS-Consulting

Даму қарқынының баяулауына және мобильдік желілердегі ұсыныстар тарапынан қысымға қарамастан, КЖҚ нарығы бұрынғыдай оң динамиканы көрсетіп отыр. Кірістің өсу негізі - шағын қалалар мен ауылдық жерлерді қоса алғанда, абоненттер санының артуы. Барлық ойыншылар сымды және/немесе мобильдік телефония, интернет-қатынау, телевидениеден тұратын комбо-топтамаларды ұсынуға ұмтылуда. Үй шаруашылықтарына қызметтер ұсыну бөлігінде «Қазақтелеком» АҚ-дан басқа Beeline мен «АЛМА-ТВ» да белсенділіктерін сақтап келеді.

Деректер беру нарығы

Арналарды жалдау нарығының көлемі 2019 жылы 26,5 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,3%-ға ұлғайды. Арналарды жалдау қызметтері қала немесе ел ішінде офистерінің желісі бар және оларды біріктіруге деген қажеттіліктері бар компанияларға – корпоративтік пайдаланушыларға ғана арналған. Осылайша, арналарды жалдау қызметтерінің барлық кіріс көлемін кәсіпорындар өндіреді.

Арналарды жалдау нарығының өсуі операторлардың корпоративтік сегментті дамыту стратегиясына және компаниялар пайдаланатын қызметтерді өрістегуге байланысты. Офистерді біріктіру кешенді шешім ұсыныстары үшін ерекше маңызды. 2019 жылдың қорытындылары бойынша деректер беру арналарын ұйымдастыру үшін тартылған порттар саны 51,4 мыңды құрады. Бұл бір жыл бұрынғыдан 5,3% -ға жоғары. Жалпы алғанда, нарықта абоненттер санының даму қарқынының оң динамикасы жылына 5-6% тұрақты сақталып келеді.

Абоненттер санының даму қарқыны ақшалай түрде нарықтың өсу қарқынынан біршама алда келеді, бұл нарықтың дамуы мен қанығуына қарай қызмет құнының біртіндеп төмендеуімен байланысты.

IP-телефония нарығы

2019 жылы IP-телефония қызметтерінің кірісі 7,3 млрд. теңгені құрады, бұл алдыңғы жыл көрсеткішінен 3%-ға жоғары.

2019 жылы IP-телефония (телефон желіжолдары) абоненттерінің саны 2018 жылмен салыстырғанда 3,1% -ға ұлғайып, 302 мыңды құрады.


IP-телефония нарығы ақшалай да, заттай да жыл сайын ұлғаюына қарамастан, абоненттер мен кірістің даму қарқыны жылдан жылға төмендеп, нарықтың қанығуға жақын екенін көрсетіп отыр. Бұл қалааралық/халықаралық телефония қызметтеріне деген қажеттілігі бар кәсіпорындардың саны мейлінше шектеулі болуына байланысты. Дәстүрлі телефония нарығының даму шыңы кезеңінде қалааралық/халықаралық бағыттар бойынша тұрақты түрде қоңыраулар жасалған телефон желіжолдарының саны 400 мыңнан асқан жоқ. 2019 жылдың қорытындылары бойынша IP-телефония провайдерлері 302 мың IP-желіжол орнатқанын есепке алғанда, корпоративтік пайдаланушылардың қалааралық/халықаралық қоңырауларға шығындарын қысқарту қажеттілігі қанағаттанарлыққа жақын.

Аталған тренді бақылай отырып, операторлар IP-телефония қызметтерін кеңейтуде, яғни корпоративтік офисішілік телефонияны және виртуалды АТС сервистер есебінен кіріс шақыруларды басқаруға шығыс байланысты арзандатуға назар аударуда.

Ақылы телевидение нарығы

Ақылы ТВ Қазақстанның телекоммуникация нарығында салыстырмалы алғанда шағын, бірақ тұрақты түрде дамып келе жатқан сегмент болып табылады. 2019 жылы ақылы ТВ қызметтерінен түсетін кіріс алдыңғы жылмен салыстырғанда 11,1%-ға өсіп, абсолютті көлемде 36 млрд. теңгені құрады.

10-сурет. Ақылы ТВ қызметтерінің кірісі, 2015-2019



Дереккөз: iKS-Consulting

Ақылы ТВ қызметтерінің кірісінде үй шаруашылықтары дәстүрлі басымдылыққа ие. 2019 жылы олардың үлесіне 34,9 млрд. теңге тиесілі болды, бұл жалпы түсімнің 96,9%. Кәсіпорындарға көрсетілетін қызметтер кірісі 1 млрд. теңге немесе 3,1%, оның 0,12 млрд теңгесі B2G сегментінен түсті.

2019 жылы ақылы ТВ абоненттерінің саны 3618 мыңды құрады, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 4,9%-ға жоғары. Соңғы екі жылда кірістің даму қарқыны абоненттік базаның даму қарқынынан алда келеді, бұл абоненттердің ақылы ТВ қызметтерін тұтыну қарқынының артуымен байланысты.

2019 жылы қазақстандық үй шаруашылықтары арасында ақылы ТВ кірігуі 66,1% құрады. Кәсіпорындар сегментінде бұл көрсеткіш 24,4% құрады.



Телекоммуникация қызметтерінің операторлық нарығы


Операторлық сегментте кірістер мынадай бағыттар бойынша қалыптасады:

- магистралдық байланыс арналарын жалға беру;
- интернет желісіне қатынау арналарын ұсыну (IP-транзит);
- телефон трафигін өткізу және қосу;
- халықаралық трафик транзиті;
- кәбілдік инфрақұрылымды жалға беру.

Операторларға ұсынылатын қызметтер нарығын ұялы операторлар бір-біріне көрсететін мобильдік интерконнект қызметтерімен толықтыруына болады. Алайда осы зерттеу аясында интерконнект қызметінің кірістері мобильдік нарық көлемінде ескерілген.

Байланыс операторларына ұсынылатын қызметтер нарығы 2019 жылы 85,4 млрд теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда 9,7% -ға ұлғайды.

11-сурет. Байланыс операторларына ұсынылатын қызметтер кірісі, 2010-2019



■ Кірістер, млрд теңге
— Даму қарқыны, %


Дереккөз: iKS-Consulting

2019 жылы кірістер құрылымында мейлінше үлкен үлес салмағы желілік инфрақұрылымды жалдау қызметтеріне тиесілі - 36% немесе 30,72 млрд. теңге. Одан аз ғана төмен көрсеткіш деректер беру арналарын жалға беру қызметтері үлесінде - жиынтық кірістің 33,4% немесе 28,54 млрд. теңге. Үшінші орында халықаралық трафик өткізу мен IP-транзит қызметтері - 19,04 млрд теңге немесе сегменттегі жалпы түсімнің 22,3%. Қалған 8,3% немесе 7,07 млрд теңге операторларды ортақ пайдаланылатын желіге қосу үлесіне тиесілі.

ИКТ нарығы

2019 жылы ИТ нарығының көлемі 653,6 млрд. теңгені құрады, 2018 жылмен салыстырғанда 20,1% -ға артты.

12-сурет. ИТ қызметтерінен түсетін кіріс динамикасы, 2010-2019



■ Кірістер, млрд теңге
— Даму қарқыны, %

Дереккөз: iKS-Consulting

2016 жылы нарық көлемінің төмендеуі теңгенің кезекті құнсыздануына байланысты болды, нәтижесінде негізінен импортталатын, сәйкесінше, ұлттық валютаға шаққанда елеулі қымбаттаған телекоммуникация жабдығына деген сұраныс айтарлықтай төмендеді.

Тұрақты даму саласындағы бастама #1.

«ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ТИІМДІЛІКТІ КӨТЕРУ

«ӨРЛЕУ» ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2019 жыл компанияның алты жылдық «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасының аяқталу және ауқымды Цифрлық трансформация бағдарламасының басталу жылы болды.

«Өрлеу» аясында 2019 жылы өнім портфелі мен цифрлық платформаларды дамыту бойынша жұмыстар жүзеге асырылды.


Атап айтқанда, 2019 жылдың наурыз және қыркүйек айларында «Қазақтелеком» АҚ абоненттері үшін нарықпен салыстырғанда мейлінше тиімді шарттарда «ivi» және «okko» онлайн-кинотеатрлары коммерциялық пайдалануға енгізілді. iD-TV қызметіне мейлінше жоғары рейтингіе ие жаңа телеарналарды қосуға келісімшарттар жасалды. B2B сегменті абоненттері үшін IPS Firewall базасында «Интернет және VPN арналарды қорғау» қызметі іске қосылды. Vas-қызметтерді өткізу және іске қосу сұлбасы өзгертіліп, бұл оларды пайдалануды 4% -дан 45%-ға көтеруге мүмкіндік берді.

«Ашық цифрлық платформа» (АЦП) құру аясында ISMET.kz-ке 20 әріптестік ИТ-сервис шығарылды, ШОБ және «Қазақтелеком» АҚ ИКК клиенттері мен ФДО клиенттеріне қызмет көрсету жүйесі енгізілді.

«Ақылды қалалар» салуға арналған телекоммуникация инфрақұрылымының қажетті элементі болып табылатын сымсыз энергиялық тиімді LoRa желілерін салу жалғастырылды. Республиканың 13 қаласында 234 базалық стансы орнатылды.

Жылжыту арналарын, стауды және клиенттерге қызмет көрсетуді цифрландыру міндеттерін ұстана отырып, смс-хабарламалар арқылы «Қазақтелеком» АҚ сервистерін сатып алуды верификациялау бойынша клиенттік жолдың бір бөлігі цифрландырылды. Сондай-ақ B2B абоненттерімен электрондық іс-қимыл функционалы іске асырылды, ол арқылы үлгі шарттар, шот-фактуралар мен орындалған жұмыс актілері жасалады, шығыс хат-хабарларға қол қойылады – барлығын электрондық түрде алуға болады.


«Сервистік фабрика»



1. РДТ «Алматытелеком, г.Алматы - «Алматытелеком» ӨТД Алматы қ.
2. г. Шымкент – Шымкент қ.
3. г. Нур-Сұлтан – Нур-Сұлтан қ.
4. г.Ақтобе – Ақтобе қ.
5. г. Усть-Каменогорск – Өскемен қ.
6. г. Қостанай – Қостанай қ.

2019 жылы «Өрлеу 2.0» бағдарламасын іске асырудан қаржылық әсер 4.35 млрд. теңгені құрады, бұл жоспарға қатысты 262 %

13-сурет. 2019 жылы жинақталған қаржылық әсер, млрд теңге





2019 жылы компания көпдеңгейлі цифрлық сервистік платформаларды құруды басты назарға алып, жүргізілген жұмыстар нәтижесінде «Виртуальды дата-орталық» және «Инфрақұрылым сервис ретінде» қызметтері іске қосылды. «Бұлтты» қызметтерді бірлесіп ұсыну үшін сыртқы бұлтты сервистермен («AWS», «mail.ru», «ИТ-град») ықпалдастыру мүмкіндігі іске асырылуда. Орталықтандырылған деректерді басқару міндеттерін шешу үшін 42 серверде өнімді орта жасалды, ол бизнес-кейстер моделін қалыптастыруға, B2B, B2C клиенттерінің профильдерін талдауға, маркетингтік науқандар жүргізуге және жоғары дәлдікке ие болжалдық модельдерді құруға мүмкіндік береді.

Өткен жылы компанияның тиімді ұйымдық архитектурасын құру және қолдаушы функцияларды орталықтандыру үшін «Сервистік фабрика» филиалы құрылып, оған компанияның барлық қолданыстағы қаржылық, заң, HR, әкімшілік ортақ қызмет көрсету орталықтары ауыстырылды. Барлық филиалдың әкімшілік – шаруашылық қызметі бойынша функционал қосымша, атап айтқанда, жылжымайтын мүлікті басқару, көлікпен қамтамасыз ету, шаруашылық функциялары орталықтандырылды.

Ұйымдық құрылымды жетілдіру аясында қызметтер инсталляциясы функционалы техникалық блоктан B2C-ге берілді, B2C және B2B коммерциялық дивизиондарында инсталляциялық жұмыстар бөлімшелері құрылды, сондай-ақ өңірлік телекоммуникация дирекцияларынан (ӨТД) B2C мен B2B-ге сату бөлімдерінің мынадай функциялары берілді: есептілік қалыптастыру, сатуды қолдау, дебиторлық берешекпен жұмыс, төлемдер енгізу және қайта есептеу. Сонымен қатар, «Кселл» АҚ-мен сатып алу функциялары «Телеком-Жинақтау» дирекциясына орталықтандырылды.

Ұйымдық құрылымды жетілдіру аясында қызметтер инсталляциясы функционалы техникалық блоктан B2C-ге берілді, B2C және B2B коммерциялық дивизиондарында инсталляциялық жұмыстар бөлімшелері құрылды, сондай-ақ өңірлік телекоммуникация дирекцияларынан (ӨТД) B2C мен B2B-ге сату бөлімдерінің мынадай функциялары берілді: есептілік қалыптастыру, сатуды қолдау, дебиторлық берешекпен жұмыс, төлемдер енгізу және қайта есептеу. Сонымен қатар, «Кселл» АҚ-мен сатып алу функциялары «Телеком-Жинақтау» дирекциясына орталықтандырылды.

«Өрлеу» жаңғырту бағдарламасының қорытындылары бойынша бос ақша қаражаты тиімділігі 2019 жылы 4,4 млрд теңгені құрады. Ал 2014 - 2019 жылдар аралығындағы кезеңде «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы 110 млрд теңге тиімділікті қамтамасыз етті.

2020 жылы компания алдында ұйымдық құрылымды жетілдіру, нарық пен жаңа қызметтерді дамыту, цифрландыру мен операциялық тиімділік бойынша ірі міндеттер тұр.

Стратегияны өзекті ету нәтижесінде 2019 жылдың соңында «Serpın» жаңа трансформация бағдарламасы әзірленді.

ӨРЛЕУ 2.0

2019 жылы 3 СДБ,
63 жоба
4,4 млрд. тг. әсер берді

SERPİN

3 СДБ,
12 старт бастама,
46 жоба

Стратегиялық даму бағыттары

- Бірінші таңдау бренді
- Цифрлық трансформация
- Тиімді ұйымдастыру



Өзектендірілген Стратегияда «Шығындарды трансформациялау» бағыты «Тиімді ұйымдастыру» бағыты болып қайта құрылды

2019 жылы «Өрлеу 2.0» 6 жобалары бойынша негізгі жетістіктер



Жылжымайтын мүлікті оңтайландыру жобасы аясында

22 700
шаршы метр

жылжымайтын мүлік сатылды



«Сервистік фабрика» жаңа филиалына

2 700 бірлік

персонал ауыстырылды



B2B-де өнім каталогы жобасы бойынша

345 млн. теңге

алынды (ФДО бойынша Кселл-мен шарт)



e-commerce жобасы бойынша

496 млн. теңгеге

тауар бірлігі сатылды және жеткізілді



Кетуді басқару жобасы аясында 160 нөміріне қызметтерді ажырату сұрақтарымен шыққан клиенттердің

53 %

сақталып қалды



B2C жобасы аясында қызметтерді инсталляцияда нарядтарды орындау мерзімі

2 есе

қысқарды



Үлкен деректерді сырттай ақшаға айналдырудан

75 млн. теңге

алынды



«Smart City» жобасы аясында 13 қалада

234

«LoRa» базалық стансы орнатылды



Big Data жобасы аясында Павлодар қ. ДӨО-де

42 сервер

орнатылды



Бизнес және қаржылық шолу

Тіркелген КЖҚ
абонеттері саны

1 705 495

Ақылы ТВ қосу
орындары саны

774 044



ӨНІМДЕР МЕН СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

B2C

2019 жылдың басында Қоғамның бөлшек сегменттегі жаңа коммерциялық стратегиясы әзірленді. Стратегия аясында жаңа бизнес-модель және клиенттермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған өнімдік ұсыныстардың жаңа қатары ұсынылып, іске асырылды. Ұзақ мерзімді келісімшарт жасасу арқылы клиенттер мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізеді: бағаның көтерілмейтініне кепілдік беріледі, қызметтердің параметрлері едеуір жақсарады және базалық тарифтерге айтарлықтай шегерім ұсынылады. 2019 жылдың қорытындылары жаңа бизнес-модель мен жаңа тарифтер қатарының жоғары тиімділігін растады. Тек бір жылдың өзінде әрбір бесінші клиент ұзақ мерзімді келісімшартқа ауысқан.

Барлық ұзақ мерзімді келісімшарттың
72%-ы
3 жылға жасалған

Өнімдік ұсыныстарды дамыту шеңберінде «Кселл» АҚ-мен қызметтерді бірлесіп ұсынуға шарт жасалды. 2019 жылы нарықтағы қолжетімді интернет, телевидение және мобильдік байланыс қызметтері ішінде параметрлері үздік «Ultra» топтамалық өнімдік ұсынысы нарыққа шығарылды. 2019 жылдың 4-тоқсанында «Black» және «Ultra» топтамаларының кең ауқымдағы жарнамалық науқаны жүргізілді.

ТВ-өнімі сапа тұрғысынан жақсартылды:

- контент 170 ТВ арнасына дейін кеңейтіліп
- ADSL желісінде HD-пішімінде хабар тарату енгізілді.

2019 жылы іске асырылған іс-шаралар қызметтерді сату көлемін 0,5 млрд теңгеге арттырып, клиенттердің қызметтерден табиғи бас тарту көрсеткішін 12 мың бірлікке немесе 2018 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,2% азайтуға мүмкіндік берді.


Нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сегменттегі түсім

113
млрд теңге

көлемінде тарихи максимумға жетті

2019 жылы іске асырылған іс-шаралар қызметтерді сату көлемін 0,5 млрд теңгеге арттырып, клиенттердің қызметтерден табиғи бас тарту көрсеткішін 12 мың бірлікке немесе 2018 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,2% азайтуға мүмкіндік берді. Клиенттердің төлем тәртібі едеуір жақсарды, бұл өз кезегінде кассалық түсімнің 2018 жылмен салыстырғанда 5% өсуіне және мерзімі өткен дебиторлық берешек деңгейінің 2 еседей төмендеуіне ықпал етті.

14-сурет. Тарихи максимум



ЖАҢА БИЗНЕС-МОДЕЛЬ: ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Жаңа бизнес-модель клиенттермен өзара кепілдік қарастырылған ұзақ мерзімді келісімшарт жүйесін енгізу есебінен клиенттің өмірлік циклі құндылығының (CLV – customer lifetime value) көрсеткішін арттыруға бағытталған. Компания клиент ұзақ мерзімді келісімшарт жасасқан жағдайда (3 жылға дейін) оған параметрлері мен тізбесі барынша жоғары қызметтерге төмен бағамен қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Сонымен қатар клиентке келісімшарттың қолданыс мерзімінде бағаны көтермеуге кепілдік беріледі. Клиент компанияның ұзақ мерзімді ниеттестігіне кепілдікті келісімшарт арқылы бекітеді.

Ұзақ мерзімді келісімшарт жүйесі абоненттің өмірлік циклі (CLV) ұзақтығын айтарлықтай арттыруға және күтім шығынын азайтып, клиенттік базаны кеңейтуге ықпал етеді.

2019 ЖЫЛҒЫ БИЗНЕСТІҢ БАСТЫ ДРАЙВЕРЛЕРІ: ЖАҢА ҚАТАРДАҒЫ ЕҢ ТАНЫМАЛ ТОПТАМАЛАР ТУРАЛЫ

Жаңа бизнес-модельге сәйкес әзірленген өнімдік ұсыныстардың жаңа қатарына бірнеше топтамалық шешімдер кіреді.

Ultra

Жаңа қатардың флагманы революциялық «Ultra» топтамасы болып табылады. Бұл бүгінгі таңда нарықтағы барлық үздік ерекшеліктерді қамтыған ымырасыз шешім:

- ең талғампаз клиенттің барлық қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, жылдамдық параметрлері 500 Мбит/с дейінгі интернет;
- 15/30 ГБ интернет-трафигі және Kcell, Activ, Tele2, ALTEL желілеріне, сондай-ақ ҚР бойынша қалалық телефондарға лимитсіз дауыс трафигі бар мобильдік байланыс. Бұл ретте клиент мобильдік байланыс

- провайдері (ALTEL немесе Kcell) мен sim-карталар санын өзі таңдай алады;
- «ТНТ», «Пятница!» («Friday! International») рейтингісі ең жоғары ойын-сауық телеарналары, «Настрой Кино!» және «Viasat Premium HD» телеарналар тобы қамтылған 170 телеарналық iD TV цифрлық теледидеиенің премиум топтамасы;
 - қалалық және ауылдық нөмірлерге, сондай-ақ Tele2 мен ALTEL мобильдік желілеріне лимитсіз трафигі бар тіркелген үй телефоны қызметтері топтамаға бонус ретінде енгізілген.

Black

Сондай-ақ «Black» топтамасына 4 қызмет кіреді: 500 Мбит/с дейінгі жылдамдықтағы тіркелген интернет, премиум iD TV топтамасы, ALTEL мобильдік байланысы және Tele2/ALTEL желілері мен қалалық нөмірлерге лимитсіз трафигі бар үй телефоны.

Silver

«Silver» топтамасы клиентке үй телефоны, тіркелген интернет қызметтерін және цифрлық ТВ немесе мобильдік байланыс қызметтерінің бірін таңдау мүмкіндігін ұсынады.

СЕРВИС-МЕНЕДЖМЕНТ: 3 НЕГІЗГІ БАҒЫТ

1. Персоналды сервистік қызмет көрсетудің жаңа стандарттарына оқыту

Қызмет көрсету сапасын және абоненттердің айнымас қарым-қатынасын жақсарту мақсатында 2019 жылы сервис стандарттары жетілдіріліп, фронт-офис жұмыскерлері үшін бизнес-құзыреттерді бекіту мен дамытуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған бірқатар оқыту іс-шаралары жүргізілді. Ұсынылатын сервис сапасын бақылау үшін жаңартылған стандарттарға сәйкес қызметкерлердің жұмысына жүйелі түрде мониторинг жасалып, қателермен жұмыстар жүргізіледі.

2. Кері байланысты ұйымдастыру: digital-ға акцент жасау

Абоненттерге қызмет көрсету уақытын қысқарту мақсатында компания қашықтан көрсетілетін сервистік операцияларды белсенді түрде дамытып, өзіне өзі қызмет көрсету режиміндегі олардың үлесін де арттыруда. Қазіргі таңда абоненттер үшін жеке кабинеттің жаңартылған нұсқасы қолжетімді. Абонент офиске бармай-ақ, қызметтерді жылдам әрі өз ыңғайына қарай басқара алады. Сондай-ақ www.telecom.kz корпоративтік порталында абоненттерге автоматты ботпен қызмет көрсету бойынша пилоттық жоба іске қосылуда. Әлеуметтік желілерде абоненттермен жұмыс істеу механизмі өзгертілді.



3. Абоненттерді ұстап қалу әдістерін жетілдіру

2019 жылы абоненттерді ұстап қалу мақсатында «Save Desk» жаңартылған тарифтер қатары әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Абоненттердің компаниядағы өмір сүру мерзімін арттыруға және оларды 3 жылға дейінгі мерзіммен алдын ала ұстап қалуға бағытталған келісімшарттық өнімдік ұсыныстар қатары іске қосылды. 2019 жылы қызметтерден бас тартқан абоненттермен жұмыс істейтін жұмыскерлерді уәждеу жүйесі өзгертіліп, персонал есепті кезеңде бас тартудың жеке жоспарын орындау нәтижелері бойынша бонус беруді көздейтін бірыңғай уәждеу бағдарламасына ауыстырылды. 2019 жылы қызметтерден бас тартудың алдын алу, яғни тәуекел тобына түскен абоненттерді ұстап қалу жұмыстары басталды. Бұл іс-шаралар В2С сегментінде қызметтерден бас тартудың жоспарлы көрсеткіштерін орындауға және 2019 жылы абоненттерді ұстап қалу үлесін 52% дейін көтеруге мүмкіндік берді.

ҚЫЗМЕТТЕР ҚОСУ: ИНСТАЛЛЯЦИЯ ҮДЕРІСІН 5 ЕСЕ ЖЕДЕЛДЕТУ

Компания қызметтерді қосу және инсталляциялау үдерістерін жетілдіруге көп көңіл бөледі. Бұл бағытта 2019 жылы үш негізгі міндет іске асырылды: техникалық мүмкіндік болған жағдайда қызметті қосу уақытын азайту, қызметтер топтамасын бір барғанда қосу, клиентке бағдарланған сервис деңгейін арттыру.

Осылайша техникалық мүмкіндік болған жағдайда абонентке қызметті қосу уақыты 5 есе қысқарды. Егер 2018 жылы қызметті қосудың орташа уақыты 126 сағатты (5 күн) құраса, 2019 жылдың қорытындысы бойынша қызметті қосудың орташа уақыты 26 сағатты (1 күн) құрады.

2019 жылы қосудың орташа уақыты

26

сағат болды

Абоненттердің айнымас қарым-қатынасын арттыру мақсатында инсталляциялау үдерісі барлық қызметті бір барғанда-ақ қосуға дейін қысқартылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша толық инсталляцияны бір барғанда орындау көрсеткіші 85% дейін өсті, 2018 жылы бұл көрсеткіш 35% орындалған.

Компания келісімшартты бірінші жасасқан сәттен бастап абоненттерге жоғары деңгейде қызмет көрсетуге тырысады. 2019 жыл техникалық персонал, атап айтқанда, инсталляторлар тарапынан клиентпен қарым-қатынас жасау сапасын жақсартуға бағытталды. 2019 жыл бойы қызмет көрсету сапасын арттыру тұрғысынан инсталляторларды жоспарлы түрде оқыту жүргізілді. 2019 жылдың соңында қызметтерді инсталляциялау бойынша бригаданың NPS 76% құрады, 2018 жылғы көрсеткіш - 25%. 2020 жылы қызметтерді инсталляциялау үдерісінің көрсеткіштерін sms-өлшеуді енгізу жоспарланып отыр.

САТУ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ: ЛИДОГЕНЕРАЦИЯ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ЖАРНАМАЛЫҚ НАУҚАН

2019 жылы Бөлшек бизнес жөніндегі дивизион болашақтағы цифрлық белсенді сатудың негізін қалауды бастады. Өткен жылдың шілде айында лидогенерация жобасы іске қосылды. Бұл жобаның мақсаты цифрлық ортада «Ultra» топтамалық өнімдік ұсынысының өтімділігін арттыру болды.

Лидогенерация құралы жарнама мен сатуды тығыз байланыстыра отырып, сонымен қатар әлеуетті абонент мақсатты өнімді қосу үшін орындайтын әрекеттер санын азайтады.

Аталған жобаның және сатудағы мұндай амал-тәсілдің жалпы артықшылықтары өте көп. Біріншіден, бұл – қажет кезінде компанияны 180 градусқа өзгертуге мүмкіндік беретін икемділік. Екіншіден, оңтайландыру әлеуеті – бұл құралдың арқасында кедергілер мен әлсіз жерлерді анықтау және жою арқылы сату үдерісінің барлық сатыларын талдап қана қоймай, сондай-ақ креативті тәсілдерді, БСҰ мен гипотезаларды тестілеуге де мүмкіндік туады. Нәтижесінде ROI мен жалпы тиімділік артады. Үшіншіден, ауқымдылық – науқанды санаулы күндер ішінде бүкіл Қазақстан бойынша іске қоса аламыз. Ал оған классикалық тәсілдердің көмегімен қол жеткізу мүмкін емес. Сонымен қатар жоба адами фактордың ықпалын азайтады. Әрине сату үдерісіне, атап айтқанда, күрделі топтамалық шешімдерге адамның қатысын толықтай тоқтата алмаймыз. Бірақ лидогенерация әлеуетті абоненттердің өнімге деген қызығушылығын қалыптастыруға адамның кері ықпалын азайтуға мүмкіндік береді.

Жоба өз тиімділігін барынша дәлелдеді.

Икемділігі мен оңтайландыру әлеуеті есебінен шілде айымен салыстырғанда қарашада қызметтерге қосылған абоненттер саны 4,6 есе артты. Тұрақты аналитика мен «боттлнектерді» жою арқасында сәтті іске асырылған қоңырауды қызметті қосуға өтінім беруге дейін жеткізу көрсеткіші 1,7 есе өсті. 2019 жылдың соңына қарай жобаның жалпы ROI 4 есе артты.

B2B, B2G

2019 жылы компанияның корпоративтік нарықтағы қызметінің нәтижелері бойынша түсім B2B, B2G, B2O сегменттері бөлігінде **120 млрд 386 млн теңгені** құрады.

2019 жылы қызметтерді өткізуден түскен кіріс 2018 жылмен салыстырғанда 113,0% артты.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік сегменттегі кірісі құрылымының 33,30% мөлшеріндегі үлесін деректер беру желісі қызметтерін ұсынудан түскен кіріс құрады. Тасымал желісі арналарын жалға беру қызметтерінен кіріс үлесі 15,92%, ал халықаралық операторлармен келісім бойынша кіріс үлесі 10,26% құрады.

Алдын ала қабылданған бастамалардың арқасында ADSL бойынша орташа түсім 2,2%, FTTx – 7%-ға өсті. Технологиялық тұрғыдан кіріс ең

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы қызметтер сатудан кіріс

+113,0%

жоғары және клиенттердің ARPU одан әрі дамыту мен өсіру үшін маңызды болып табылатын FTTx және IP VPN негізгі қызметтері бойынша көрсеткіш айтарлықтай өсті:

- FTTx бойынша **13%-ға**;
- IP VPN бойынша **17%-ға**.


«Қазақтелеком» АҚ – цифрлық экономиканың бизнес-әріптесі» стратегиялық міндетін іске асыру шеңберінде 2019 жылы корпоративтік сегменттегі жаңа қызметтерден түсімнің өсімі өткен жылмен салыстырғанда 232% құрады.

Корпоративтік нарықтағы басқыншы бәсекелестік ортаға қарамастан, клиенттерді ұстап қалу пайызы 4 есе артты. Ұстап қалған клиенттердің 51% ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. B2B NPS ниеттестік деңгейінің корпоративтік көрсеткіші 2019 жылы 22,9% құрады, алдыңғы жылмен салыстырғанда 6,2% көбейген.

Компанияның B2B клиенттерінің портфелі 2019 жылдың соңына қарай 90 мың клиентті, B2G-де 15 мыңнан астам мемлекеттік кәсіпорынды құрайды. 2019 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік сегментінде шамамен 11 мың жаңа клиент тартылған, оның ішінде 3 мыңнан астам заңды тұлға, 7 мың жеке кәсіпкер және 400 мемлекеттік кәсіпорын қамтылған.

2019 жылы B2B сегментінде негізгі күш өнімдік қатарды кеңейту, дербестендіру және цифрлық қызмет көрсету сияқты бағыттарға салынды.

15-сурет. B2B, B2G, B2O сегменттеріндегі 2019/2018 кірістің өсімі





Бүгінгі компания Стратегия Бизнес және қаржылық шолу Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Тұрақты даму	Корпоративтік басқару Қосымша ақпарат Қосымшалар Шоғырландырылған қаржылық есептілік
---	---

ӨНІМДІК ҚАТАРДЫ КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ САРАЛАУ

Әртүрлі санаттағы корпоративтік клиенттердің қажеттіліктерін зерттеуде сегменттелген және нысаналы тәсілді қолдану компания үшін қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар жаңа өнім әзірлеп, ұсынуға мүмкіндік берді. Жаңа өнімдерді әзірлеу кезінде инновациялық тұрғыдан тың болуымен қатар оларды компанияда бұған дейін қолданыстағы өнімдермен құрамдастыру мүмкіндігі де міндетті критерий болып табылады.

Шағын бизнес үшін интернетке тегін сымсыз қатынау ұсынатын «Wi-Fi SOHO» өнімі ұсынылды. Сондай-ақ біздің корпоративтік клиенттеріміз болып табылатын ұйымдарға келушілер үшін sms-авторландыру мүмкіндігі қарастырылған. Клиент өз келушілеріне интернет желісіне жылдамдығы жоғары интернетке қатынау ұсынумен қатар бастапқы веб-парақшаны өз қалауынша дербестендіріп, қосылу аналитикасын да бақылай алады. Бұл ретте ұйым бөгде оператордың интернетін пайдаланған жағдайда да «Wi-Fi SOHO» өнімінің функционалдығы толықтай сақталады. «Қазақтелеком» АҚ өз тарапынан сервистің қолжетімділігін қамтамасыз ету және Wi-Fi арқылы қосылуға қажетті авторландыру мен аналитика жасау рәсімдері үшін жауапкершілікті көтереді.

Орта бизнестің өкілдері үшін барынша кешенді, сонымен қатар барынша тиімді құрал ретінде «Wi-Fi Target» өнімі ұсынылды. Компания өз клиенттеріне sms-авторландыру арқылы интернет желісіне сымсыз қатынаумен қоса, кеңейтілген аналитика жүргізу және келушілерімен өзара интерактивті іс-қимыл жасау үшін түрлі маркетингтік құралдарды пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Сауалнамалар жүргізу, тауарлар мен қызметтерді жарнамалау, түрлі хабарламалар жасау және артықшылықтарды талдау – «Wi-Fi Target» өнімінің мүмкіндіктері бұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта осы өнімнің негізінде қосымша сервистер мен мүмкіндіктер қалыптастыру жоспарланып отыр. Олар клиентке өз тұтынушыларымен жеке коммуникацияның барлық артықшылығын пайдалануға мүмкіндік тудырады.

Клиенттердің қажеттіліктерін нысаналы әдіспен зерттеу арқылы компания компьютерлік ойын клубтарына арналған «Game» арнайы өнімін әзірлеп шығарды. Бұл өнім еуропалық ойын серверлеріне басымдылықпен қол жеткізіп, түпкілікті тұтынушылардың халықаралық қарсыластарымен онлайн ойыннан барынша ләззат алуына мүмкіндік береді. «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасында киберспортты дамытуға белсенді ат салысуда. Компания киберспортты дәріптеу және оның деңгейін көтеру арқылы осы бағытта жаңа өнімдер әзірлеуде. Тиісті инфрақұрылым мен жылдам интернетті ұсына отырып, «Game» тарифін енгізу Қазақстанда киберспорттың дамуына жаңа серпін береді.

САТУДЫ ЖӘНЕ КЛИЕНТКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Компанияның цифрландыру саласындағы бастамалары ең алдымен «Қазақтелеком» АҚ клиенттеріне сату және қызмет көрсету үдерістерін қозғайды. Шағын бизнес үшін «Unibox» онлайн өнімдік құрылымдаушысы ұсынылды. Бұл өнімнің көмегімен клиенттер жеке қызметтер жиынтығын құрып, сервистерді қысқа мерзім ішінде өзінің күнделікті қызметімен ықпалдстыра алады. Сондай-ақ өткен жылы қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «қағазсыз пішімде» қызмет көрсетуге көшу бойынша жобаны іске асыру басталды. Аталған жоба клиенттерге шарт жасасу және орындалған жұмыстардың актілері мен шот-фактураларын алу үшін корпоративтік сату орталықтарына баруын қажет етпейді. Барлық материал электронды түрде «ISMET.KZ» порталына орналастырылады. Сонымен қатар клиенттер үшін жеке кабинетте қызметтер ақысын төлеу, құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қою және тұтынған қызметтері бойынша егжей-тегжейлі анықтама алу мүмкіндігі пайда болды. «Қағазсыз пішімге» көшу нәтижесінде қызмет көрсету уақыты 1-2 күннен 10 минутқа дейін қысқарды. 2019 жылы жасалған шарттар мен қосымша келісімдердің саны 2,5 мыңнан асты. Абоненттерге шамамен 5,5 млн орындалған жұмыстардың актілері мен шот-фактуралары электронды пішімде ұсынылды.

2019 жылы нарықта үш жаңа фискалдық деректер операторының (ФДО) пайда болуы «Қазақтелеком» АҚ-ның көшбасшылық позицияларына әсер еткен жоқ. Бұған компанияның бизнес-үдерістерін оңтайландыру мен цифрландыру және түпкілікті пайдаланушыларына қызмет ұсыну есебінен қол жеткізілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ ФДО клиенттік базасының өсімі 200% жоғары шығып, компанияның кірістер бойынша болжамынан асып түсті.

Компания ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен ФДО жүйесін мемлекеттік дерек қорларымен ықпалдастыру жөнінде тұрақты түрде өзара іс-қимыл жасап, ФДО саласын дамыту міндеттері мен жоспарларын жүйелі негізде талқылап отырады.

Жоба аясында салық органдарында «БКМ онлайн тіркеу» жаңа сервисі іске қосылды. Бұл бақылау-кассалық машиналарын онлайн режимінде тіркеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ құжаттаманы автоматты режимде ұсыну және «ISMET.KZ» порталы арқылы ФДО қызметіне онлайн-төлем жүргізу сервистері жетілдіріліп, ФДО порталында кәсіпкерлердің «Х» пен «Z» есептерін беру автоматтандырылды. Күн сайын тәулік бойы қоңырау қабылдайтын ФДО қызметтерінің түпкілікті пайдаланушыларына арналған колл-орталық жаңғыртылды.

Тұрғындардың азаматтық белсенділігін арттыру және салықтық сауатын дамыту, сондай-ақ бюджетке салық түсімдерін көбейту мақсатында 2019 жылғы 1 мамыр мен 8 тамыз аралығында Қоғам ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп «Таңдау» арнайы қосымшасының көмегімен «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясын өткізді. Акцияның қорытындысы бойынша 100 жеңімпаз анықталды. Акцияға шамамен 800 мың чек тіркеген 25 мыңнан аса пайдаланушы қатысты.

ФДО қызметтерін ұсыну сапасын көтеру үшін компания ілеспе ИТ-инфрақұрылымын қуатын арттырып, «Қазақтелеком» АҚ технологиялық серіктестері болып табылатын мобильдік операторлардың желісін дамыту есебінен қамту аймағын кеңейтті. Қазақстан Республикасы бойынша қызмет көрсету орындарын көбейту үшін техникалық қызмет көрсету орталықтарымен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

B2O

Ұялы байланыс нарығы құрылымындағы өзгерістер және мобильдік дауыс трафигінің көлемі азаюы «Қазақтелеком» АҚ операторлық сегментті жалпы бизнесіне әсер еткен жоқ. Бұл бағыттағы өсім 350% аса көрсеткішке жетті. Дауыс трафигінің қосымша халықаралық көлемін тарту және халықаралық бағыттар бойынша ұялы байланыс операторлары үшін тиімді баға саясатын қолдану өсімнің негізгі драйвері болды.

Өткен жылы байланыс операторлары тарапынан «Қазақтелеком» АҚ интернет қызметтеріне сұраныс 110 % асты. Алдағы кезеңдерде де осы үрдісті сақтап қалу жоспарланып отыр, бұған өз кезегінде ұялы байланыс абоненттері тұтынатын мобильді интернет-трафик көлемінің артуы да ықпал етпек. «Қазақтелеком» АҚ-ға ұялы байланыс операторларына интернет қызметтерін сату көлеміне пропорционалды мөлшерде ішкі транзит үшін пайдаланылатын республикалық байланыс арналарын жалға беру есебінен қосымша кіріс түсті.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ тарихында алғаш рет қытайлық басты байланыс операторлары үшін Еуропа-Азия бағытында IRU (Indefeasible rights of use) талаптарымен сыйымдылығы 100 Гб/с транзиттік арналар ұйымдастырылды. Транзиттік байланыс арналары қызметтерінің жалпы көлемі 25% артты.

2019 жылы интернет желісіне қатынайтын сыртқы арналардың көлемі 23% өсіп, бұл ретте қызметтің өзіндік құны 15% азайтылды.

2020 жылы транзиттік арналар мен IPLC есебінен халықаралық B2O артады деп болжануда. Негізгі өсімді транзиттік арналарды Қытай-Еуропа бағытында және Орталық Азияға сату арқылы қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2019 жылы интернет желісіне қатынаудың сыртқы арналарының көлемі

+ 23%

2019 жылы интернет желісіне қатынау қызметінің өзіндік құны

-15%
төмендеді



«ТАЛШЫҚТЫ ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЖОЛДАРЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ КЕҢЖОЛАҚТЫ ҚАТЫНАУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» ЖОБАСЫ

«Қазақтелеком» АҚ цифрлық технологияларды пайдалану арқылы еліміздің әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына белсенді түрде әрі тікелей қатысады.

Бағдарлама аясында компания талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін кеңжолға қатынаудан

қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды жобаны іске асыруды жалғастыруда. Жоба нәтижесінде 2019 жылы 206 ауылдық елді мекендегі 699 мемлекеттік мекемені қосу үшін 4731 км ТОВЖ салынды. Бүгінгі таңда талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын пайдалану арқылы 381 ауылдық елді мекендегі 1 153 мемлекеттік мекеме қосылды, оның ішінде: 396 мектеп, 332 медициналық мекеме мен 425 мемлекеттік басқарудың әкімшілік және стратегиялық объектісі бар. Мемлекеттік мекемелерді ТОВЖ-ға қосу мемлекеттік органдардың электронды құжатайналымының бірыңғай жүйесіне қатынауды, сондай-ақ мемлекеттік интернет-порталдарға қатынауды мүмкіндігін ұсынды. Бұл өз кезегінде халыққа көрсетілетін қызметтер шоғырын ұлғайтты. Азаматтар үшін ақпараттық технологиялардың көмегімен қашықтан оқу арқылы жаңа жұмыс машықтарын үйрену, біліктілігін арттыру және қайта дайындықтан өту, сондай-ақ телемедицина қызметтері мен электронды үкімет қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктері пайда болды.

Жобаны жалпы іске асыру мерзімі 14 жылды (2018-2032 жылдар)

құрайды және мына кезеңдерден тұрады:

- құрылыс кезеңі: **қазан, 2018-2020 жылдар (3 жыл);**
- қызметтерді көрсету кезеңі: **2018-2032 жылдар (14 жыл).**

Жоба шеңберінде ҚР 828 АЕМ-де 2 496 мемлекеттік мекемені (ММ/БҰ) қосу көзделген. Қоғам 14,5 мың километрден аса ТОВЖ салуы қажет.



ЖАҢА БИЗНЕСТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



«БҰЛТТЫ» БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

2017 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да «бұлтты» бейнебақылау жобасын іске асыру басталды. Жобаның бірінші кезеңі Қазақстан Республикасының 18 қаласындағы көппәтерлі үйлердің кіреберістеріне орнатылған камералардан бейнедеректерді жинау және сақтауды қамтамасыз ететін «бұлтты» бейнебақылау платформасына 16 940 бейнекамераны қосу үшін инфрақұрылымды дайындауға бағытталған. «Бұлтты» бейнебақылаудың артықшылығы арнайы әзірленген мобильді қосымша мен web-портал арқылы бейне смартфоннан және басқа құрылғылардан онлайн-қатынау болып табылады. Сонымен қатар мұрағатта 7 тәулікке дейін сақталатын жазбаларды қарау мүмкіндігі көзделген. ДӨО-дағы сақталатын бейнедеректер Tier 3 класы деңгейінде қорғалады. Бейнебақылау камералардан VPN-арналар арқылы беріледі және ол деректердің қажетті деңгейдегі қауіпсіздігін, қорғалуын және сақталуын қамтамасыз етеді. ИМ/ІІД жедел басқару орталығымен республикалық, қалалық және аудандық деңгейлерде ықпалдастыру жүргізілген. Қызметті ұсыну географиясы: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен 14 облыс орталығы. 2018 жылы жобаның 2-ші кезеңі іске асырылып, соның аясында «бұлтты» бейнебақылау ресурстары мен платформасы, оның ішінде B2B сегментінде 11 440 камераны қосу үшін кеңейтілді.

2019 жылы «бұлтты» бейнебақылау инфрақұрылымын қалыптастыру үдерісі аяқталды:

- 30 000-нан аса бейнекамера орнатылды;
- 15 Петабайтқа дейінгі бейнежазбаларды сақтау үшін серверлерді кеңейту жүргізілді;
- «бұлтты» бейнебақылау платформасымен желілік түйіспе 200 Гбит/с дейін кеңейтілді.

Бұнымен қатар B2B/B2G сегменттері үшін «бұлтты» бейнебақылау бойынша өнім іске қосылды. Қоғамдық орындарда орнатылған бейнекамераларға онлайн-қатынау бойынша мемлекеттік органдармен пилоттық жобалар жүргізілді.

«Бұлтты» бейнебақылау платформасына қосуға

16 940

бейнекамера дайындалды



BLOCKCHAIN

«Қазақтелеком» АҚ 2019 жылы географиялық тұрғыда Қазақстан Республикасының Павлодар, Қарағанды, Шымкент және Ақтөбе қалаларында таратылған және қорғалған деректер беру арналарымен қосылған, Tier II және одан жоғары деңгейде деректерді өңдеу орталықтары базасында BaaS (Blockchain-as-a-Service) тұжырымдамасы бойынша Blockchain есептеу және инфрақұрылымдық ресурстар ұсыну жөнінде жаңа бизнес-бағытты іске қосты. Hurefladger fabric жүйесімен басқарылады, ал бұл блокчейн-жүйелерін құрудың қолданыстағы тұжырымдамаларына толықтай сай келеді.



Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ ҚР-да блокчейн технологияларын стандарттау үдерісіне қатысу мақсатында «Қазақстан Республикасында блокчейн және криптологияларды дамытудың ұлттық қауымдастығы» ЗТБ қатысушысы болып табылады.

Сонымен қатар 2019 жылы «blockchain ресурстарын ұсыну платформасын дамыту» өнімі нарыққа шығарылды.



LORA ЖЕЛІСІ БАЗАСЫНДАҒЫ «IOT» ӨНІМДЕРІ

2019 жылы компания Қазақстанның 13 қаласында ТКШ есептеуіштерінен көрсетулерді қашықтан жинауға арналған LoRa технологиясы базасындағы LPWAN деректер берудің сымсыз желісін таратудың 2-кезеңін аяқтады. Бұл «Қазақтелеком» АҚ-ға елімізде «IoT» өнімдерін одан әрі дамытуға, ал өзара машинааралық іс-қимылдың арқасында энергоресурстық және коммуналдық қызметтерге есептеуіштердің көрсетулерін еңбек шығынынсыз беруге мүмкіндік берді. Желінің артықшылықтары қамту радиусының 5 км дейін кеңдігі есебінен жоғары ауқымдылығы, түпкілікті құрылғылар батареяларының пайдалану мерзімінің ұзақтығы және оның протоколының құрылғылардың кең шоғыры үшін ашықтығы болып табылады.

Жалпы жоба бойынша 324 базалық стансы орнатылды және пәтерлер мен үйлердегі 4000 сезгек ақпаратты кез келген уақыт интервалында бірыңғай дата-орталыққа жеткізеді. Осылайша, энергоресурстық компаниялар қызметтерді тұтыну көлемін бақылап, есептеуіштерден сенімді көрсетулер берілуін қамтамасыз ете алады.

Аталған жоба аясында:

- 14 қалада + 324 базалық стансы;
- + 37 000 көппәтерлі үй;
- + 1 800 000 үй шаруашылығы;
- + 1 600 000 ы/с су сезгектері, электр, жарықтандыру, қалалардағы люктер;
- + 5 000 шаршы км қалалық аумақ қосылды.



«SMART AQKOL» АҚЫЛДЫ ҚАЛАСЫН САЛУ ЖОБАСЫ

2019 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі шеңберінде Ақмола облысының Ақкөл қаласында «Smart Aqkol» жобасын іске асыру жалғасын тапты. Бағдарламаға «Қазақтелеком» АҚ «ақылды қала» жобасының операторы ретінде қатысады. Іс жүзінде «Smart Aqkol» ақылды қалалар салу үшін «Қазақтелеком» АҚ мүмкіндіктері мен шешімдерін көрсететін алаң болып табылады.

Аталған ахуалдық стенд ішінде «Қазақтелеком» АҚ Ақкөл қ. іске асырған «Smart City» инфрақұрылымы мен жобаларымен таныстыратын стенд ұйымдастырылған, атап айтқанда:

- «Бұлтты» бейнебақылау және бейнеаналитика;
- «Smart Metering» (ақылды ТКШ);
- «Smart Home» («ақылды үй»);
- «Қазақтелеком» АҚ оптикалық инфрақұрылымы;
- Оптикалық тасымал желісі;
- Қалалар ішіндегі оптикалық желілер;
- Үйлер ішіндегі оптикалық инфраструктура;
- ДӨО;
- Қазақстанда 5G тестілеу.



5G

«Қазақтелеком» АҚ трендтерді жіті бақылап отырады және 5G технологиясын инфрақұрылымдық сервистер мен жаңа бизнес-мүмкіндіктерін құру мақсатында қарастырады. 2018 жылы компания Қазақстанда 5G технологиясын белсенді түрде енгізуді бастады.

Қазақстан Республикасында 5G технологиясын тестілеу және енгізу бойынша жол картасына сәйкес 2019 жылы Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және Алматы облысында далалық жағдайларда 10 рет 5G тестілеуі жүргізілді. Радиожиіліктер диапазоны 3,5 ГГц және 28 ГГц құрады. Бұл ретте әртүрлі кейстерге қолдануға арналған түрлі өндірушілердің жабдығы мен бағдарламалық жасақтамасы пайдаланылды. 5G технологиясын «non-stand-alone» режимінде тестілеу үшін Tele2/ALTEL және Kcell желісі ядросының элементтері жаңартылды, бұл тестілеуді коммерциялық желілерде абоненттік құрылғыларды пайдалану арқылы жүргізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ 2019 жылғы 24 қазанда «Astana Hub» халықаралық IT-стартаптар технопаркінің резиденттері 5G шешімдерін тұрақты негізде тестілеуі үшін «Astana Hub» аумағында 3,5 ГГц радиожиіліктер диапазонында 5G базалық стансысы іске қосылды.

ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмасына сәйкес және Қазақстан Республикасында 5G технологиясын тестілеу және енгізу бойынша жол картасын орындау аясында республикада 5G технологияларын енгізу тұжырымдамасын әзірлеу жұмыстары басталды. Тұжырымдамада елімізде 5G технологияларын енгізудің техникалық, реттеушілік, қаржы-экономикалық және санитарлы-эпидемиологиялық аспектілері қарастырылатын болады. 2019 жылдың соңында аталған тұжырымдаманың 1-ші бөлігі аяқталды, қалған бөлігін 2020 жылдың мамыр айында бітіру жоспарланып отыр.



TELCO CLOUD

«Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясы шеңберінде технологиялық және инфрақұрылымдық жобаларды белсенді дамыту жұмыстары басталды. Осындай жобалардың бірі «Деректер беру желілерін SDN/NFV-ға көшіру» болып табылады. Аталған жобаның шеңберінде тораптар мен ДӨО-ның көп бөлігін виртуалдандырылған желілік және есептеу сервистерінің өнімділігі жоғары платформасына ауыстыруды қамтитын жаңа архитектура құру жоспарлануда. Осы мақсаттарда 2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ желісінде имплементациялау үшін OCP (Open Compute Platform) серверлік жабдығы мен Leaf&Spine коммутация фабрикасынан тұратын CORD (Central Office as a Data Center) мақсатты архитектурасы таңдалып, дайындалды. Сондай-ақ аталған жоба аясында PoC (Proof of concept) өткізіліп, RedHat OpenStack базасындағы VIM виртуалды ортасының жұмысы тексеруден өткізілді және VNF (virtualized network function) – түпкілікті сервистер виртуалды ортада тестіленді:

- CGNAT;
- vCPE;
- DPI / Қауіпсіз интернет;
- Firewall/IPS/AntiDDoS;
- Мобильдік желілерге арналған vEPC.

Алматы қ. технологиялық алаңда CORD-тарап ұйымдастырылды. Бұл шешім ETSI MANO референстік моделіне сәйкес келесі құрамдастарды қамтиды:

- LSO (Lifecycle Service Orchestrator);
- NFV оркестратор;
- VNF менеджер;
- VIM (Virtual Infrastructure Manager);
- CORD-SDN.



КОНТЕНТ-ПРОВАЙДЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылы Google Global Cache кәштеу платформасының өткізу мүмкіндігі 129 Гбит/с-қа арттырылды. Барлық кәштеу платформаларын (Google, Facebook, Vk.com, Akamai) есепке алғанда, жалпы кәштелген трафик шамамен 2 142 Гбит/с-тың 1 050 Гбит/с құрайды және бұл 4,8 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ 2019 жылы Франкфурттегі (AWS Direct Connect) Amazon Web Services қатысу орнымен тікелей түйісу бойынша пилот ұйымдастырылды. Осы пилот шеңберінде 2 клиентке қорғалған VPN арналары көмегімен жергілікті ДӨӨ клиенттері мен Amazon Web Services арасында желілік қосылыстар ұйымдастырылды.



E-COMMERCE

Электронды коммерция қызметтерін дамыту «chocomart.kz» және «intermarket.kz» интернет-дүкендері базасында жүзеге асырылады.

Электронды коммерцияны дамыту аясында 2019 жылы мынадай іс-шаралар орындалды:

- Серіктестермен шарттарға қол қою және ассортименттік матрицаны арттыру;
- Қоржынды толтыру үшін таңдалған тауармен бірге релевантты тауарларды көрсету функционалын іске асыру және сервистік жақсарту мақсатында тауарға тапсырыс берген сәттен бастап клиентке хабарландыру функционалын іске асыру;
- Өзі тасымалдау орнын ашу. «MyPost» және «Tastamat» постапаттары желісімен ықпалдастыруды аяқтау. Өңірлерге жеткізу мерзімдерін жаңа логистикалық серіктестер арқылы қысқарту.
- «chocomart.kz» тауарын орнату қызметімен бірге сату» сервисін дамыту;
- «Kcell» АҚ-мен смартфондарды өткізу туралы шарттарға қол қою;
- Компаниялар тобы өнімдерінің экожүйесін дамытуды қамтамасыз ету үшін www.telecom.kz сайтында «Дүкен» бөлімін орналастыру;
- «Еуразиялық банкпен» және «Каспи банкпен» техникалық ықпалдасуды аяқтау. Тауарларды бөліп төлеу және кредитке беру арқылы сатуды бастау.



FINTECH

Fintech – «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының өз күшімен әзірленген ктрау төлем жүйесі.

Жобаны іске асыру шеңберінде 2019 жылы «ктрау» өнімі www.telecom.kz және ISMET.kz ресурстарында ғана төлемдерді жинаудың ішкі механизмі ретінде жұмыс істеді. Жұмыс кезеңінде (2019 жылы мамыр мен желтоқсан аралығында) жалпы сомасы 68 млн теңгеге 15 мыңнан аса транзакция (байланыс қызметтері, коммуналдық қызметтер және тасымал қызметтері үшін төлемдер) қабылданып, өңделді. Сонымен қатар «ктрау» (web, ios, android) сервисінде кезеңдер бойынша берешек пен өсімпұлдарды (егжей-тегжейлі мәліметтерімен) көрсететін жаңа функция іске асырылды.

Жұмыс кезеңінде (2019 жылғы мамыр-желтоқсан) жалпы сомасы

68 млн теңгеге
15 000 -нан

аса транзакция қабылданып, өңделді



BIG DATA

Big Data жобасы «Қазақтелеком» АҚ-да 2018 жылдан бастап іске асырылуда. Жүйе нақты бизнес-кейстерді шешуге бағытталған: клиенттердің қызметтерден бас тарту себептерін анықтау, тұтынушылық бейіндерді болжау және сатушылар үшін таргеттелген ұсыныстарды қалыптастыру.

Аталған жоба «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының түрлі бағыттары үшін маңызды болғандықтан, «Қазақтелеком» АҚ Big Data сервистеріне айрықша көңіл бөледі.



БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН БҰЛТТЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Бұлтты бухгалтерлік есеп сервисі 2018 жылы іске қосылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша сервиске Павлодар, Ақсу, Екібастұз және Талдықорған қалаларындағы 300-ден аса білім беру мекемесі қосылған. Бұлтты есеп жүйесі бухгалтерлік, кадрлық есепті және контингент (білім алушылар) есебін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу үшін өте өзекті мәселе. Сервисті енгізу нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті басқару органдары білім беру мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы, сондай-ақ нақты пайдаланылған бюджет қаражаты туралы сенімді әрі жедел ақпаратқа білім алушылар мен оқытушылар туралы мәліметпен бірге қол жеткізе алады. Бұлтты бухгалтерлік есеп сервисі орташа есеппен алғанда, бір білім беру мекемесіне жылына шамамен 58% үнемдеуге мүмкіндік береді.

2019 жылы Big Data платформасы қызмет көрсету серверіне орнатылып, ішкі және сыртқы дереккөздері қосылды және B2C мен B2B сегменттері үшін клиенттік деректердің әмбебап модельдері құрылды.



БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН «АШЫҚ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА»

Бизнеске арналған «Ашық цифрлық платформа» жобасы немесе «ISMET.kz» қазақстандық бизнес үшін ақпараттық іргетас құру бойынша бастамалар аясында іске асырылады. Платформада кәсіпкерлердің күнделікті бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, бизнесті тиімділікпен басқаруды ұйымдастыруға, өз өнімін өткізетін жаңа нарықты табуға, мемлекеттік қолдау шараларына ыңғайлы қол жеткізуге және т.б. мүмкіндік беретін, бизнеске арналған цифрлық сервистер шоғырланған.

2019 жылы Қоғам жобаны дамыту және оның өтімділігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарды. Бүгінгі таңда платформада бизнеске арналған 30-дан аса сервис және «Қазақтелеком» АҚ 25 қызметі орналастырылған. «ISMET.kz» платформасында «Qoovee» сервисін пайдалану арқылы халықаралық сауда жасауға болады. 2019 жылғы қарашада Алматы қаласында «ISMET.KZ» және «Qoovee» ауқымды халықаралық форум ұйымдастырып, оған 8 елден 450 кәсіпкер қатысты.

Жоба шеңберінде электронды құжатайналым сервисі функционалын дамыту бойынша көлемді жұмыстар жүргізілді. «Қазақтелеком» АҚ қызметтері бойынша электронды шарттарды, ОЖА, ЖШФ, салыстыру актілерін дайындау және оларға қол қою «ISMET.KZ» АЦП пайдаланушыларының жеке кабинетінде жүзеге асырылады. Электронды құжатайналым Қоғамның корпоративтік жүйелерімен ықпалдастырылды: CRM- 2.0 және шот ұсыну-дың биллингтік жүйесі (АЕЖ).

«ISMET.KZ» мобильдік қосымшасында өз бизнесіңді табысты жүргізу үшін ең қажетті онлайн-сервистер жиналған:

- Бухгалтерлерге арналған «бұлтты» есеп;
- Дүкендерге арналған деректерді автоматты түрде беретін кассалар;
- Ігі-қызметтерге арналған электронды құжатайналым;
- Заңгерлер үшін контрагенттерді тексеру;
- ЖК үшін бюджетке электронды төлемдер;
- ТБС және дөңгелек ауыстыру орындарына арналған қосымшалар;
- Кафелер мен мейрамханаларға арналған есеп жүйесі.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ клиенттері үшін шамамен

3 млн құжат
цифрландырылды.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖЕЛІНІ ДАМУ

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛ ЖЕЛІСІН ДАМУ

2019 жылы қолданыстағы Ұлттық ақпараттық супермагистральдың (ҰАСМ) өткізу мүмкіндігін кеңейту бойынша жобалар шеңберінде DWDM магистральдық желісін салу бойынша жұмыстар жалғастырылды:

- Сыртқы интернет арналарының жиынтық қуаты 940-тан 1200 Гбит/с дейін ұлғайтылды;
- DWDM магистральдық желісі жабдығының құрастырылған сыйымдылығы 1 380 Гбит/с кеңейтілді:
 - шекаралас өтпезолдарды кеңейту үшін 1'380 Гбит/с;
 - транзиттік трафикті өткізу үшін 2*100G (1+1) и 24*10G;
 - МТЖД трафигін өткізу үшін 8*100GE и 53*10GE.
- Трафикті қорғауды қамтамасыз ету үшін Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз, Петропавл, Қостанай қалаларындағы ROADM тораптық стансыларында енгізу-шығару қосымша құрылымы ұйымдастырылды;
- 1 270 корпоративтік клиентті қосу үшін ТОБЖ салынды. Жобаны іске асыру басталған уақыттан бері барлығы 9 932 корпоративтік клиентті қосу үшін ТОБЖ салынды.

ДБМЖ ЖЕЛІСІ

Магистральдық деректер беру желісі

20 портқа

100G

17 портқа

40G

300 портқа

10G

Атырау, Көкшетау, Талдықорған қалаларында SDN жаңа желілеріне қатынау деңгейі жабдығының миграциясы аяқталды.

Алматы қаласында SDN желісінің құрылысы аяқталды.

Cache-серверлердің өткізу мүмкіндігі 1360Гбит/с-тан 1680Гбит/с-қа арттырылды.

IPTV ҚЫЗМЕТІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ДАМУ

- Қосымша 59 700 iDTV қосу орнын қамтамасыз ететін клиенттік жабдық саны (STB) арттырылды;
- Дебиторлық берешек туралы абоненттерге автоматты хабарландыру жүйесі енгізілді;
- FTTH желісінің сыйымдылығы 85 310 портқа көбейтілді;
- Павлодар қ. ДӨО-да Wi-Fi желісінің аппаратты-бағдарламалық кешені пайдалануға берілді; 1 900 қатынау орнына арналған клиенттік жабдық орнатылды.



ЖЕРГІЛІКТІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖЕЛІЛЕРІ

Республиканың жергілікті телекоммуникация желісінде **6 117 коммутация орны (КО) бар. Оның ішінде: қалалық телефон желісі (ҚТЖ) 3 201 КО, ауылдық телефон желісі (бұдан әрі – АТЖ) 2 916 КО бар.**

Жалпы құрастырылған

5 209 054
нөмірді құрады

ҚТЖ құрастырылған сыйымдылығы

3 883 536
нөмірді құрады

АТЖ құрастырылған сыйымдылығы

1 325 518
нөмірді құрады

Жалпы іске тартылған сыйымдылық

2 867 784
нөмірді құрады

ҚТЖ іске тартылған сыйымдылығы

2 051 550
нөмірді құрады

АТЖ іске тартылған сыйымдылығы

816 234
нөмірді құрады

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға 6 998 мектептің 6 994-і, соның ішінде ауылдық елді мекендегі 5 242 мектептің 5 238-і телефондандырылды.

Интернет желісіне КЖҚ технологиясы бойынша 5 395 мектеп, соның ішінде ауылдық 3 884 мектеп қосылды (басқа провайдерлерді қоспағанда).

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға тіркелген желіжолдар саны 2 849 878 бірлікті құрады, соның ішінде ҚТЖ – 2 042 681 бірлік, АТЖ – 807 197 бірлік. Бұл ретте қызметтен бас тартқан жеке тұлғалар саны өткен жылмен салыстырғанда 128 594 бірлікке азайды, оның ішінде ҚТЖ бойынша 81 296 бірлікке, АТЖ бойынша 47 298 бірлікке азайды.

2019 жылы Қоғам телефон желісін оңтайландыру аясында:

- 45 370 телефония абонентін мыс желіжолдарынан FTTH желісіне ауыстырды;
- Нұр-Сұлтан мен Тараз қалаларында АҚТС пайдаланудан шығарылды;
- мобильдік операторлардың желілері АҚТС-дан SSW бағдарламалық коммутаторларына ауыстырылды.

Жедел-ізвестіру іс-шаралары жүйесін енгізу жоспарына сәйкес 96 коммутациялық жүйе сертификаттаудан өткізілді.

Желілерді басқаруды орталықтандыру

«Өрлеу» трансформациялау бағдарламасы шеңберінде телекоммуникация желілерін басқаруды орталықтандыру бойынша жоба іске асырылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша:

- қатынау желісі бойынша абоненттік қосылуларды өлшеу, талдау және диагностикалау жүйесі әзірленді және енгізілді;
- желілік қауіпсіздік қамтамасыз ету, сервистерді мониторингілеу, ресурстардың сапасы мен өнімділігін басқару үдерістері орталықтандырылды;
- «Қазақтелеком» АҚ клиенттеріне қызмет көрсету функцияларын орталықтандыры отырып, клиенттерге техникалық қолдау көрсететін бірінші желіжолды қалыптастыру аяқталды;
- гермоаймақтардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін бақылау бойынша аппаратты-бағдарламалық кешен пайдалануға енгізілді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

Тұрақты даму саласындағы бастама #2
Экономикалық нәтижелілік пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

2019 жылы компания ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізді.

2019 жылы компания ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізді:

- «Қазақтелеком» АҚ желісінде тіркелген желіжолдар саны 2 849 878 желіжолды немесе 2018 жылғы фактімен салыстырғанда 95% құрады. Тіркелген желіжолдар санының төмендеуіне пайдаланушылардың тіркелген байланыс қызметтерінен мобильді байланысқа көшуі әсер етті, бұл үрдіс бүкіл әлемде орын алуда;
- КЖҚ абоненттерінің саны 1 700 495 портты құрады, бұл 2018 жылғы фактімен салыстырғанда 100%;
- ақылы телевидение абоненттерінің саны 774 044 орынды немесе өткен жылғы фактімен салыстырғанда 98% құрады, соның ішінде iD TV – 640 969 орын.

«Қазақтелеком» АҚ бойынша қызметтерді сатудан шоғырландырылған кіріс
428 081
млн теңгені құрады. Жоспар 102% орындалды.

Шоғырландырылған таза пайда
60 345
млн теңгені құрады, бұл жоспардан 287%-ға асты.

ЕБИТДА – салық, кредит үшін пайыздар мен амортизациялық есептеулер шегерілгенге дейінгі пайда жоспарланған көрсеткіштен 117% асты. Нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша ЕБИТДА көрсеткіші
177 038
млн теңгені құрады, ал жоспар 151 357 млн теңге болатын.

«Қазақтелеком» АҚ 2019 жылға қызметтер сатудан шоғырландырылған кірісі
428 081
млн теңгені құрады

ЕБИТДА маржасының деңгейі
41,4%


% құрап, жоспарланған көрсеткіштерден 114,6% асты. Аталған көрсеткішке операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығынды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілді.

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша 2019 жылғы күрделі салымдар көлемі
72 795
млн теңгені немесе өткен жылғы фактімен салыстырғанда 152% құрады. Жоспар 88,3% орындалды.

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша есепті кезеңдегі негізгі қызметтен шоғырландырылған шығыс
348 161
млн теңгені құрады





ARPU (бір абонентке шаққандағы орташа кіріс)
5 038
теңгені құрады

16-сурет. ARPU өзгеру динамикасы, 2012-2018 (теңгемен)






2019 жылы кірістің мейлінше көп үлес салмағы мыналарға тиесілі болды:



17-сурет. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобындағы кірістер құрылымы



18-сурет. 5 жыл ішіндегі кірістің мейлінше елеулі баптарының динамикасы, млн теңге



Соңғы бірнеше жылда тіркелген телефония қосылуларының көлемі мен дауыс трафигінің төмендегені байқалады. Нәтижесінде абоненттік сегмент бойынша ҚХТБ қызметтерінен кірістің өсу қарқыны мынадай себептермен төмендеді:


- мобильдік байланыстың таралу деңгейінің артуы және мобильдік операторлар тарифтерінің төмендігі;
- қоңырау шалудың балама түрлері мен алмастырушы қызметтер танымалдылығының артуы (VoIP, Skype, What's up және т.б.).

Сондай-ақ тіркелген КЖҚ көлемдерінің өсу қарқыны азайғаны байқалады. Бұл бәсекелестіктің артуы, соның ішінде мобильді КЖҚ дамуы салдарынан орын алуда.

«Қазақтелеком» АҚ «тәжірибелі» қызметтерден азайған кірістің орнын толтыру және теңдестірілген өнім портфелін құру мақсатында:

1. Әлі де экстенсивті өсуі мүмкін сегменттерде белсенді даму және нарық үлесін арттыру стратегиясын әзірлеуде, атап айтқанда:
 - ақылы ТВ;
 - жаңа қызметтер.
2. Қосымша сервистерді өз уақытында енгізеді – бұл ең алдымен конвергенттелген қызметтер, ДӨО, жүйелік ықпалдастыру, «бұлтты есептеулер» қызметтері (SaaS, PaaS), пайдаланушылардың кең тобына арналған контент-сервистер (тақырыптық web-порталдар, мобильді коммерция, мобильді маркетинг, мультимедиялық контент және т.б.).

19-сурет. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылғы кіріс құрылымындағы өзгерістер, млн теңгемен



Интернет желісіне КЖҚ қатынау қызметтерінің таралу деңгейінің өсуіне және IT-технологиялардың дамуына байланысты қызметтерді тұтыну стилі өзгерді. Тұтынушылар интернет қосымшалары арқылы VoIP технологиясын пайдалану жолымен дауыс қызметтерін тұтынуға көбірек ауысуда және бұл дәстүрлі телефония қызметтерін тұтыну дәрежесіне әсер етуде. Деректер беру желісінің қызметтері сұраныста үздіктер қатарын бастап тұр.

«Кселл» АҚ

Компания «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобына 2018 жылы кірді. «Кселл» АҚ дауыс беру акцияларының 75% сатып алу бойынша мәміле «Қазақтелеком» АҚ үшін ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес мобильді байланыс нарығындағы орнын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді.

«Қазақтелеком» АҚ өзінің екі ұялы байланыс операторы базасында тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында барлығы үшін өзара тиімді бірыңғай платформа жасау жұмысын жүргізуде. Соның аясында:

- радиожиілік және желілік ресурстар мен инфрақұрылым объектілерін тең құқылы негізде өзара пайдалану/біріктірілген байланыс желісін құру;
- құрылыс және желі элементтеріне, сондай-ақ оның ілеспе қолдау жүйелеріне (биллинг, технологиялық басқару, инфрақұрылым элементтеріне күтім жасау) күтім жасау шығындарын азайту;
- қамтуды арттыру;
- ұялы байланыс қызметтерінің сапасын жақсарту және тұрғындарға қолжетімді инновациялық цифрлық технологияларды жаппай енгізу.

3- Кесте. 2018-2019 жылдардың нәтижелері

	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	Орындау
Абоненттер (мың.)	8 969	8 804	8 275	94%
ARPU (теңге)	1 154	1 232	1 333	108%
Кірістер (млн теңге)	149 701	151 712	156 657	103%
ЕБИТДА (млн теңге)	50 943	58 430	63 067	108%
Таза пайда (млн теңге)	8 531	1,2	10 212	843 203%

¹ «Қазақтелеком» АҚ кірістерінің жалпы құрылымындағы үлес

**Негізгі қорытындылар:**

- Соңғы 5 жылда бірінші рет негізгі қаржы және операциялық көрсеткіштер бойынша жағымсыз тренділер жойылды.
- Сервистік түсім жағымды трендіні көрсетеді, бір жылдағы өсім бұған дейін берілген болжамды деректерге сәйкес келеді (3-5%).
- «Көлемнен құндылыққа» жаңа дистрибуция стратегиясын іске асыру.
- 16 ҚЕХС қолдану есебінсіз EBITDA өсімі, бір жылдағы өсім бұған дейін берілген болжамды деректерге сәйкес келеді (3-5%).
- «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп конвергенттелген өнім шығару.
- Телефондар сату бойынша онлайн дүкен ашу.
- Private LTE, eSIM жаңа жобаларын, банктерге арналған скрининг жүйелерін, IoT жобаларын іске қосу.

Khan Tengri Holding BV

«Қазақтелеком» АҚ 2019 жылғы маусымда Tele2 Sverige AB «Қазақтелеком» АҚ-ға ұсынған «пут» опционын өткізу бойынша мәмілені аяқтап, соның нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ «Khan Tengri Holding BV» акцияларының 100% ие болды.

Мобильдік сегментті дамыту мен инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудағы «Қазақтелеком» АҚ тәжірибесін ескере отырып, мәмілені «Кселл» АҚ дауыс беру акцияларын сатып алумен бір уақытта іске асыру екі оператордың техникалық мүмкіндіктерін біріктіру кезінде синергиялар қатарын іске асыру есебінен телекоммуникация саласында дамытуға оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ бизнес ауқымы 4G технологияларын дамытуды жеделдетіп, республикамызда 5G стандартын алғашқы болып енгізуді қамтамасыз етеді.

Негізгі қорытындылар:

- тұрғындарды қамтуды кеңейту: 3G -**89%** LTE/LTE Advanced – **75,7%**;
- мобильді байланыс нарығындағы үлес – **28%** (2019 жылғы 3-тоқсан қорытындысы бойынша);
- бір жыл ішінде түрлі сервистер мен қызметтер іске қосылды, соның ішінде телевизиялық арналар мен бейне контентті интернет, QAZAQSHA VOD контенті арқылы көруге мүмкіндік беретін Altel TV ойын-сауық сервистері.

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГІЛЕР ДИНАМИКАСЫ

2019 жылғы 24 маусымда **Fitch Ratings** халықаралық рейтинглік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ эмитенті дефолттың ұзақ мерзімді рейтингін «BB+» деңгейінде растады, сондай-ақ кредиттік рейтинг бойынша болжамды «Жағымдыға» дейін жақсартты.

Рейтинг бойынша болжамды жақсарту Қоғам «Кселл» АҚ-ға 75 пайыздық қатысу үлесін сатып алуды аяқтағаннан кейін және компания Tele2-мен («Tele2»/ALTEL БК) бірлескен кәсіпорынға қалған 49 пайыздық үлесті сатып алуды қаржыландыру мақсатында 80 млрд теңге сомаға облигацияларды сәтті жариялағаннан кейін жүзеге асты.

Агенттіктің пікірі бойынша Қоғамның рейтингілері нарықтың тіркелген және мобильдік байланыс сегменттеріндегі компанияның басымды позицияларына, сондай-ақ бос ақша ағынын шығаруына, бірқалыпты леввериджі мен жағымды реттеуші ортаға байланысты қалыптасты.

Standard & Poor's 2018 жылғы желтоқсанда Қоғамның кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB» деңгейінде растады, бұл «Қазақтелеком» АҚ-ның «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% сатып алу туралы келісімге қол қойылғаннан кейін орын алды. Агенттікте мәміле «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобына мобильдік байланыс нарығындағы үлесін 64% дейін өсіріп, бизнес маржиналдығын ұлғайтуға және оның әрі қарай өсуі үшін мүмкіндіктер қамтамасыз етуге жол ашты деп атап өтті. Қоғамға **Standard & Poor's** берген рейтинг Tele2-мен («Tele2»/ALTEL БК) бірлескен кәсіпорынға қалған 49 пайыздық үлесті сатып алу бойынша мәміле жабылғаннан кейін де өзгерген жоқ.

«Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингісінің «Кселл» АҚ, Khan Tengri Holding B.V. сияқты компаниялардағы үлестерді сатып алу бойынша мәмілелерді жапқаннан кейін де «BB+» деңгейінде сақталуы компанияның кредит төлеу мүмкіндігі мен тәуекелдерді тиімді басқару деңгейі жоғары екенін және республиканың телекоммуникация нарығындағы Қоғамның көшбасшы ретіндегі ұстанымдарын табыспен сақтап қалғанын көрсететін жағымды оқиға болып табылады.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

Қоғамның кредиттік портфелінің құрамы теңдестірілген және оған ұлттық валютадағы міндеттемелер ғана кіреді.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ «Кселл» АҚ-ға 75 пайыздық қатысу үлесін сатып алу мақсатында жалпы сомасы 100 000 000 000 теңгеге облигациялар орналастырды. 2018 жылғы 6 қараша мен 12 желтоқсанда Қоғамның облигациялары Astana International Exchange – «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасының ресми тізіміне енгізілді.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Tele2-мен («Tele2»/ALTEL БК) бірлескен кәсіпорынға қалған 49 пайыздық үлесті сатып алу үшін жалпы сомасы 80 000 000 000 теңгеге облигациялар шығарып, Қазақстандық қор биржасының (KASE) сауда жүйесіне орналастырды.

«Қазақтелеком» АҚ 2019 жылдың төртінші тоқсанында «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолға қатынасумен қамтамасыз ету» стратегиялық инвестициялық жобасы үшін «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дан тартымды талаптармен қаржыландыру тартты. Бұл Қоғамның жобаны барынша тиімді тәсілмен іске асыруына және Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін интернет желісіне кеңжолға қатынасумен қамтамасыз етуде елеулі үлес қосуына мүмкіндік береді.

Қоғам өз міндеттемелерін уақытында және толық көлемде орындайтын, көпжылдық кредиттік тарихы бар сенімді қарызгер болып табылады. Қоғамның сенімді беделі мен жоағры қаржылық тұрақтылығы арқасында қарыздық қаржыландыруға барлық қажеттілік компанияның қаржы саясатына сәйкес қаражат көздерінен уақытында жабылып отырады.

Қазіргі уақытта ұзақ мерзімді әрі теңдестірілген өсімді қамтамасыз ету үшін «Қазақтелеком» АҚ борышы мен қаржылық тұрақтылығын басқару мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

4 – Кесте. 2019 жылдың нәтижелері

	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	Орындау
Абоненттер (мың)	7 160	8 426	7 255	86%
ARPU (теңге)	1 437	1 435	1 649	115%
Кірістер (млн теңге)	122 214	143 195	143 306	100%
EBITDA (млн теңге)	41 866	54 090	65 304	121%
Таза пайда (млн теңге)	11 958	14 276	19 943	140%



ЖАУАПТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР


Компания жүзеге асыратын инвестициялар арқылы өңірлердегі өндірістік-экономикалық базаны дамытуға, қоршаған ортаны сақтауға, еңбек құқығын іске асыруға ықпал етуге тырысады және өз жауапкершілігін түсінеді. Компания экологиялық, әлеуметтік қағидаттар мен басқару қағидаттарының элементтерін, сондай-ақ тұрақты даму жоспарларын қамтитын экономикалық даму жөніндегі ұлттық бағдарламаларға қол көрсетіп отырады.

ESG бағалау кезінде компания Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары, Есептілік бойынша ғаламдық бастама (GRI), ХҚК мен ЕҚДБ Экологиялық және Әлеуметтік стандарттары, БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттары және т.б. сияқты халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Инвестициялық талдау аясында және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде экологиялық, әлеуметтік факторларды, сондай-ақ корпоративтік адал басқару факторларын бағалауды көздейтін жауапты инвестициялау тәжірибелерін дамыту мақсатында компания инвестициялармен тікелей байланысты мынадай тұрақты даму қағидаттарын ұстанады:

- жоғары әдеп стандарттарын енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;
- адами капиталға инвестиция салу және бәсекеге қабілетті білімге қол жеткізу; беделді, брендті нығайту және айқындылықты арттыру;
- қаржылық тұрақтылықты күшейту;
- жауапты сатып алуларға және инвестициялық қызметте ESG қағидаттарын ықпалдас-тыруға ықпал ету;
- денсаулық және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және қолдау;
- экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

20-сурет. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бойынша инвестициялық жобалар портфелі



Инвестициялық жобалар:

«Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кең жолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы

2019.31.12 күрделі салымдарды игеру
20,482 млрд теңгені құрады

Жоба бойынша барлығы
25,334 млрд теңге игерілді

«Қазақстан Республикасында IP TV қызметін енгізу және дамыту» жобасы

2019 жылы күрделі салымдарды игеру
1,596 млрд теңгені құрады

«Қазақтелеком» АҚ филиалдарында КЖҚ қызметтерін дамыту» жобасы

2019 жылдың қорытындысы бойынша күрделі салымдарды игеру
6,52 млрд теңге сомасын құрады

«Облыс орталықтарының, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларының корпоративтік клиенттері үшін оптикалық тарату желісін салу» жобасы

2019 жылы күрделі салымдарды игеру
1,294 млрд теңгені құрады

ЖАУАПТЫ САТЫП АЛУ

Біздің жеткізулер тізбегін басқару жүйеміз рәсімдердің айқындылығына, бәсекелестік жағдайларының теңдігіне, адал серіктестікке, тауарлар мен қызметтердің уақытында жеткізілуіне, өнім берушілердің сенімділігіне және барлық тараптың тиісті нормаларды толықтай сақтайтынына кепілдік береді. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобында сатып алу үдерістері электронды сатып алудың ақпараттық жүйесінде (www.tender.sk.kz) жүзеге асырылады.


2019 жылғы жеткізулерде жергілікті қамту үлесі

54,08% құрады

Компанияда сатып алулардағы жергілікті қамту көрсеткіштерін мониторингілеу тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Мониторинг нәтижелері жергілікті қамту мониторингі картасында (www.kmks.kz) көрнекі түрде көрсетілген.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобында жалпы сомасы 95,662 млрд теңгеге 8 430 шарт жасалды. Сондай-ақ жалпы сомасы 9,978 млрд теңгеге бұған дейін жасалған ұзақ мерзімді шарттарды демеу жұмыстары жалғасын тапты. Ұзақ мерзімді шарттар жасау мақсаты жыл сайын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша шығыстардың баптарын қысқарту және Қазақстанда шығарылатын тауарларды сатып алу бөлігінде отандық өндірушілермен өзара қарым-қатынасты дамыту, импортты алмастыратын жаңа тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді игеруге ықпал ету болып табылады.

21-сурет. Сатып алуды өткізу тәсілі бойынша бөлу



2019 жылғы жеткізулердегі жергілікті қамту үлесі

54,08% құрады (тауарлар бойынша – 22,79%, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 81,11%),

соның ішінде ұзақ мерзімді шарттар бойынша –

83,61% (тауарлар бойынша – 72,08%, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 85,62%).

Жергілікті қамту бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында Қоғам холдингілік кооперацияны дамыту және сатып алу кезінде холдингке кіретін ұйымдарға, холдингтің тауар өндірушілері тізіліміне кіретін сатып алынатын тауарды өндірушілерге басымдылық ұсыну бойынша жұмыстар жүргізеді.


2019 жылы сатып алу жоспары

95% орындалды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5% жоғары.

Компания өз қызметінде еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін компаниялармен ынтымақтасуға тырысады.

ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 45001 стандарттары бойынша сертификатталған білікті жеткізушілер мен мердігерлер саны 2019 жылы 107-ні құрады.

22-сурет. Сатып алу түрі бойынша бөлу





Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау



ТБКЖ тиімділігін басқарудың жиынтық бағасы

97,2 % құрады



Корпоративтік тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдасы болып табылады, стратегиялық және операциялық мақсаттарға, дұрыс есептілікті дайындау және қолданылатын заңнамалар мен «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес ұйымдарының ішкі талаптарын сақтау саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

барлық деңгейінде бизнестің өмір цикліне сәйкес мынадай өзара байланысты құрамдастарды басшылыққа алады:

1. басқару және мәдениет;
2. стратегия және мақсат қою;
3. қызметтің тиімділігі;
4. мониторинг және өзгерістерді енгізу;
5. ақпарат, коммуникация және есептілік.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) тиімді жұмысы мақсатында Қоғам қызметтің

«Қазақтелеком» АҚ Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) 5 құрамдастан және 17 қағидаттан тұратын модельде құрылған

Құрамдас	Принципы
1. Басқару және мәдениет	<ul style="list-style-type: none"> • Басшылық стилі және этикалық қағидаттар. • Директорлар кеңесінің рөлі. • Ұйымдық құрылым және өкілеттіктерді шектеу. • Құзыреттілік және персоналды дамыту. • Ішкі бақылау саласындағы жауапкершілік
2. Тәуекелдерді бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • Мақсат қою. • Тәуекелдерді анықтау және талдау. • Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау. • Өзгерістер мониторингі
3. Бақылау рәсімдері (БР)	<ul style="list-style-type: none"> • Дизайн және БР операциялық тиімділігі. • Технологияларды пайдалану. • Саясаттар мен рәсімдер
4. Ақпарат және коммуникация	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпараттық алмасу. • Ішкі бақылау саласындағы ішкі коммуникациялар. • Ішкі бақылау саласындағы сыртқы
5. Мониторинг	<ul style="list-style-type: none"> • Ішкі бақылау жүйесінің жұмысын бағалау. • Ішкі бақылау жүйесі саласындағы есептілік.

2019 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқарудың ағымдағы моделін жетілдіру 2019-2021 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1. «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты.
2. Тәуекелдердің басты индикаторлары жүйесін әзірлеу, енгізу және мониторингілеу әдістемесі.
3. «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу қағидалары.
4. «Қазақтелеком» АҚ тәуекел аппетитін есептеу және каскадтау әдістемесі.
5. «Қазақтелеком» АҚ іске асқан тәуекелдері мен оқиғаларын есепке алу және талдау қағидалары.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жыл сайын Компанияның тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекітеді. Корпоративтік тәуекелдер тіркелімінде


Компанияның даму жоспарының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттары мен басты көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер ете алатын тәуекелдер көрсетіледі.

2019 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдері Қоғам қызметінің басты көрсеткіштерінің рұқсат берілетін ауытқу (толеранттық) деңгейі шегінде. Компания кезеңнің мақсаттарына әсерін төмендету үшін басты тәуекелдерді проактивті басқару бойынша іс-шараларды іске асырады. Тәуекелдерді басқару қызметі тәуекелдерді басқарудың динамикасын мониторингілеуді және тәуекелдер митигациясына бағытталған іс-шаралардың орындалуына бақылауды тұрақты жүргізіп отырады. Мониторинг нәтижелері тәуекелдер бойынша есептілік түрінде компания Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тоқсан сайын ұсынылады.


2019 жылы Ішкі бақылау қызметі мен Тәуекелдерді басқару қызметі бірлесіп, Корпоративтік тәуекелдер тіркеліміне кері әсер ететін, тәуекелдердің іске асу ықтималдығын арттыратын және кейбір тәуекелдердің Тәуекелдер картасының қауіпті аймағына миграциясын

арттыруға әсер ететін ауытқуларды анықтау мақсатында Өңірлік телекоммуникация дирекцияларының жекелеген бизнес үдерістеріне верификация мен тәуекел-аудит жүргізді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде өңірлердің ішкі бақылау тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

23-сурет. Санаттар бойынша тәуекелдер радары



24-сурет. Тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылар





Қауіп-қатер туралы ақпарат

«Қазақтелеком» АҚ қызметіне мақсаттарға қол жеткізуде елеулі түрде белгісіздік жағдайларын тудыратын түрлі қауіп-қатерлер әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты тәуекелдерді басқару

бойынша алдын алу шараларын қамтамасыз ету мақсатында кері әсері мен оларды төмендету іс-шаралары көрсетілген ықтимал қауіп-қатерлер айқындалды. Алайда, «Қазақтелеком» АҚ қазіргі уақытта белгісіз немесе «Қазақтелеком» АҚ елеусіз деп есептейтін басқа қауіп-қатерлердің болуын жоққа шығармайды.

Ықтимал қауіп-қатер	Төмендету іс-шаралары	Бағалау Әсері/Ықтималдығы
Заңнамадағы Қоғамның бизнес жүргізуінде шектеулерге әкелетін өзгерістер	<ul style="list-style-type: none"> Байланыс саласындағы уәкілетті органмен тығыз қарым-қатынас. Заңдар мен НҚА жобаларын мониторингілеу, мүдделі тұлғаларды заңнама жобалары/өзгерістері туралы уақытылы хабардар ету. Уәкілетті органда, ҰТҚ, ҰКП-да байланыс саласындағы заңнама өзгерістері мәселелері бойынша жұмыс топтарына қатысу. Парламенттегі Дөңгелек үстелге, РКҚКК-ге, Экономикалық саясат жөніндегі кеңеске проблемалық мәселелерді шығару. Депутаттармен кездесулер ұйымдастыру. 	3/4
Топ деңгейіндегі түсім каннибализациясы және топшілік бәсекелестік	<ul style="list-style-type: none"> Топ деңгейінде стратегиялық басқару бөлімшесін құру. Барлық топ мүшелеріне корпоративтік деңгейде теңгерімделген ҚБК құру. Клиенттік профильдерді сегменттеуді қамтамасыз ету және топ қатысушыларының бизнес қызметін жүргізу. 	3/3
Мемлекеттің қатысуымен жүретін ірі инфрақұрылымдық жобалардың кешіктірілуі және орындалмауы	<ul style="list-style-type: none"> Нақты нәтижелікті және акционерлік құнға әсерді есептеу үшін басқарушылық есептілікті енгізу. Жобалардың орындалмауының елеулі қауіп-қатерлері анықталған жағдайда жобаның шарттары бойынша мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл. Жобаларға қатысушылар үшін корпоративтік деңгейде теңгерімделген ҚБК құру. 	3/3
Ықтимал желідегі іркілістер, кідірстер және/немесе мобильдік операторлар интеграциясы аясында синергияның толық іске аспауы	<ul style="list-style-type: none"> Топты стратегиялық басқару бөлімшесімен интеграция және коллобарация жобасы бойынша орган құру. Нақты синергияны және акционерлік құнға әсерді есептеу үшін басқарушылық есептілікті енгізу. Топ қатысушылары үшін корпоративтік деңгейде теңгерімделген ҚБК құру. 	3/3

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріндегі үздік тәжірибелер мен стандарттарды одан әрі енгізу


Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үдерістері пайда түсіру мен залалды болдырмау мақсаттарында әлеуетті мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен қауіп-қатерді азайту арасындағы теңгерімге қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл үдерістер басқарушылық үдерістің маңызды құрамдасы және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әлемдік тәжірибені ескере келе, Қоғам халықаралық стандарттарға, Қор талаптарына, корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес ТБКЖ мен ІБҚ дамытуды қамтамасыз етуге және Топқа қойылған мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін тәуекелдерді төмендетіп, сондай-ақ өсу мүмкіндігін беруге тиісті үш негізгі міндетті айқындады:

- Топта тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту және олардың стратегиялық/тактикалық жоспарлау, инвестициялық қызмет үдерістерімен және бизнес-шешімдер қабылдаумен интеграциясы;
- Бизнес иелерінің тәуекелдерді басқаруды жақсарту жауапкершілігін және олардың елеулі тәуекелдер, алынған сабақтар және түзетуші шаралар туралы ДК-ні хабардар етудегі ролін арттыру;
- Топта ТБКЖ мен ІБҚ кемелдігі мен тиімділігі деңгейін арттыру.

2019 жылдың IV тоқсанында «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ТБКЖ мен ІБҚ тиімділігіне бағалау жүргізді. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде ТБКЖ тиімділігінің жиынтық бағасы 97,2%, ал ІБҚ тиімділігінің жиынтық бағасы 98,6% құрады.

25-сурет. ТБКЖ бағасы



Сақтық қағидаты

Қоғам өзінің негізгі құндылықтарын берік ұстанатынын көрсетеді. Акционердің (лердің), Директорлар кеңесінің және Басқарманың барлық шешімдері осы шешімнен туындауы мүмкін тәуекелдер және олардың факторларының талдауымен расталады. Аталған органдардың отырыстарына арналған материалдарда және осындай отырыстардың нәтижелері бойынша хаттамаларда қажет жағдайда ықтимал тәуекелдер мен олардың факторларының талдамасы қамтылады.

Қоғам тәуекелдерге кешенді көзқарасты қалыптастырады және бағалайды. Тәуекелдерді басқару бойынша басымды шараларды анықтау бақылау рәсімдерін енгізу мен ықтимал залалдың мөлшері арасындағы қатынасты бағалау кезінде экономикалық жағынан тиімді іске асырылуы тиіс. Қоғам алдында тұратын барлық ықтимал тәуекелдерді анықтау мен бақылау барысында негізгі тәуекелдерді анықтау мен бақылау басымдылыққа ие.



Тұрақты даму



2019 жылы компаниядағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі

69 % құрады

Компаниядағы ұжымдық шартпен қамтылған жұмыскерлер пайызы

96 %



ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Қоғамның тұрақты дамуына көмектесу «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.



2015 жылдың қыркүйек айында тұрақты даму мәселелері бойынша БҰҰ саммитінде мемлекет пен үкімет басшылары тұрақты даму саласындағы 17 мақсатты қоса алғанда, 2030 жылға дейінгі кезеңге күн тәртібін қабылдады. Жауапты компания ретінде «Қазақтелеком» АҚ БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қосылады.

Тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ қызметі бизнесті жауапты жүргізу және экономикалық өсу, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқат үшін жаңа мүмкіндіктерді ашатын инновациялық әлеует қағидатына негізделеді.

«Қазақтелеком» АҚ қамту орындарында халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инновациялық технологиялардың, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының көмегімен өз қызметтерінің сапасын көтеруге, қызметінің айқын болуына, экологиялық мәселелерге теріс ықпалды төмендетуге көңіл бөледі.

Тұрақты даму саласындағы біздің басым стратегиялық мақсаттарымыз:

Бизнес-әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету. Біз клиенттеріміздің, серіктестеріміз бен акционерлеріміздің алдында айқындылықты арттырамыз.

Компания тобының қызметкерлері. Біз тарымды еңбек жағдайларын ұсынамыз, кәсіби дамуды қамтамасыз етеміз, қызметкердердің денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне қамқорлық танытамыз.

Қоршаған орта. Біз қоршаған ортаға тигізер әсерді бақылау және төмендету шараларын қолданамыз.

Қоғам. Біз волонтерлық және қайырымдылық бағдарламаларын жүргіземіз.

Қызметтер. Біз клиенттеріміз үшін қызметтерімізді мейлінше сапалы және пайдалы етуге мүмкіндік беретін инновацияларды әзірлейміз және енгіземіз.

Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясын іске асыру «Тұрақты даму саласындағы жекелеген жаһандық мақсаттарды» орындауға оң әсер етеді, атап айтқанда:

1. барлығын қамтитын, әділ, сапалы білім беруді қамтамасыз ету;
2. тұрақты экономикалық өсуге және барлығы үшін лайықты жұмысқа көмектесу;
3. айқын инфрақұрылым құру, тұрақты индустриаландыруға және инновацияларды енгізуге көмектесу;
4. теңсіздікті төмендету;
5. қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, тіршілікке төзімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;
6. тұтыну және өндірудің ұтымды үлгілерін қамтамасыз ету;
7. құрлықтың экожүйелерін сақтау;
8. бейбіт және ашық қоғамдарды құруға көмектесу, барлығы үшін әділ сотқа жүгінуді қамтамасыз ету және тиімді, есеп беретін және барлық деңгейде кеңінен қатысуға негізделген мекемелерді құру;
9. тұрақты дамуға қол жеткізу құралдарын бекіту және тұрақты даму мүддесі үшін жаһандық серіктестік механизмдерінің жұмысын белсенді ету.

Телекоммуникация нарығында жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілікпен үйлескен заманауи және ілгері технологияларды пайдаланудағы біздің мүмкіндігіміз республиканың миллиондаған азаматының өмір сүру сапасын жүйелі жақсартуымызға мүмкіндік береді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Тұрақты даму саласындағы тәуекелге бағдарлы амал-тәсіл

Тәуекелдерді басқару тұрақты дамудың ажырамас бөлігі болып табылады. Компания барлық стейкхолдер алдында өзінің жауапкершілігін мәлімдейді және тұрақты даму тәуекелдеріне уақытында бағалау жүргізуге, бақылау мен басқаруға міндеттенеді. Бұл ретте үш құрамдас бөлік тұрғысынан анықтау ішкі және сыртқы стейкхолдерлер үшін кеңінен қаралатын болады. Осылайша, «әлеуметтік тәуекелдерді» анықтау компанияның жұмыскерлері/акционерлері алдындағы жауапкершілікпен

қатар, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, жергілікті қоғамдастықтардың тіршілік етуіне арналған құралдар, әлеуметтік байланыстылық, мәдени ресурстар, осал топтар, гендерлік теңсіздік, жеткізу тізбектерінде туындайтын және жеткізушілердің құқықтарына қатысты тиісті еңбек нормаларын сақтамаумен байланысты тәуекелдер сияқты ұғымдардан тұрады. Экологиялық тәуекелдер жергілікті деңгейде экологияға ғана әсер емес, тұтас климаттың өзгерісі ретінде ұсынылған. Экологиялық тәуекелдер кеңейтілген және компанияның қандай да бір активінің жергілікті қоғамдастығына, сондай-ақ тұтас елге экономикалық әсер ретінде ұсынылған.

Тұрақты даму тәуекелдерін талдауды мүдделі құрылымдық бөлімшелер Тәуекелдерді басқару қызметінің көмегімен тұрақты негізде жүргізіп отырады және нәтижесі компанияның шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімінде көрсетіледі.

Тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ басты әсерлері, тәуекелдері, сондай-ақ мүмкіндіктері (SWOT-талдау)

Экономикалық аспект:

- Инновациялар және технологиялық прогресс;
- Жергілікті экономикалық өсу.

Әлеуметтік аспект:

- Қоғамның қарқынды дамуы;
- Қалаланудың өсуі.

Экологиялық аспект:

- Табиғи ресурстардың сарқылу және қоршаған ортаның ластану проблемаларының маңыздылығын көтеру;
- Электр энергиясын тұтынудың жаһандық өсуі.

Экономикалық аспект:

- Нарықта қамту пайызының артуы;
- Бизнес пен мемлекет үшін жаңа технологияларды дамыту.

Әлеуметтік аспект:

- «Ақылды қаланың» технологиялық шешімдері;
- Тұрғындар үшін бұлтты сақтау технологияларын пайдалану артықшылықтары;
- ИКТ технологиялары арқылы білім беру және медицина деңгейін көтеру.

Экологиялық аспект:

- Тұрақты даму қағидаттарын енгізу;
- Салаларды экологияландыру.

Экономикалық аспект:

- Әлемдік экономиканың өсу қарқынын төмендету;
- Саяси тұрақсыздықтың әлеуеті.

Әлеуметтік аспект:

- ИКТ қызметтерін ұсынудың техникалық проблемаларынан адамдардың наразылық білдіруінің артуы;
- Бәсекелестіктің өсуін күшейту.

Экологиялық аспект:

- Табиғи ресурстардың сарқылуы;
- Климаттың өзгеруі;
- Қоршаған ортаның ластануы.
- Глобальный рост потребления электроэнергии.

Экономикалық аспект:

- Мемлекеттік басқару құрылымындағы өзгерістер;
- Саяси шиеленіс, кибершабуылдар.

Әлеуметтік аспект:

- Жұмыскерлердің ереуілдерімен, митингілермен байланысты әлеуметтік осал проблемалар.

Экологиялық аспект:

- Жергілікті экологиялық проблемалардың өсуі;
- Экологиялық апаттар.



Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

«Қазақтелеком» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы компанияның AA1000AP, AA1000SES және GRI стандарттарына сәйкес түрлі топтармен жүйелі диалог жүргізуді күнделікті практикаға енгізуіне негізделген. Жұмыскерлер, акционерлер мен бизнес-серіктестер, еншілес компаниялар, кәсіподақтар, клиенттер, мемлекеттік органдар мен жергілікті қоғамдастықтар Қоғамның елеулі

мүдделі тараптары болып табылады. Компания мүдделердің өзара әсері мен қиылысу дәрежесін ескере отырып, Қоғамның қызметін жүзеге асыру нәтижесінде тікелей немесе жанама, оң немесе теріс әсерге ұшырау дәрежесі бойынша, сондай-ақ өндірістік үдерістерге, корпоративтік басқаруға немесе брендке деген ниеттестікке әлеуетті ықпал ету мүмкіндігі бойынша стейкхолдерлердің ортасын анықтайды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қағидаттары мен іс-жосықтарын Тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ саясаты қалыптастырады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл платформасы

Мүдделі тараптар	Құндылықтар саласы	Басты мәселелер
Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлік капитал Стратегиялық бағыт және бағдар Ақпаратты ашу айқындылығын көтеру 	<ul style="list-style-type: none"> Өнімділік Даму стратегиясын енгізу Дивидендтер Ақпараттың ашықтығы мен оны ашу
Жұмыскерлер	<ul style="list-style-type: none"> Адами әлеуетті дамыту Ынтымақтастыққа негізделген еңбек қатынастары Компанияға ниеттестік 	<ul style="list-style-type: none"> Жалақы Әлеуметтік пакет Қауіпсіз еңбек жағдайлары Кәсіби өсу
Еншілес ұйымдар	<ul style="list-style-type: none"> Стратегиялық ресурстар мен мүмкіндіктер Болашақта даму мүмкіндіктері 	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік органдармен жұмыс істеу кезінде көмектесу Коммерциялық мүдделер
Кәсіподақ	<ul style="list-style-type: none"> Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектесу Еңбек қатынастарын реттеу және жанжалдарды шешу 	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыскерлердің қорғалуы бойынша әлеуметтік жауапкершілік Ұжымдық шарт Заңнама нормаларын сақтау
Серіктестер	<ul style="list-style-type: none"> Жеткізудің тиімді тізбегі және құнды құру тізбегі Жобаларды бірлесіп іске асыру Технологиялар, біліктілік пен инновациялар трансферті 	<ul style="list-style-type: none"> Коммерциялық мүдделер Сатып алудың ашықтығы (нәтижелердің сенімділігі, тұрақтылығы, талаптарды сақтау) Бизнесті жүргізудің әдеп нормалары
Клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның ниеттестігі Тауарлар мен қызметтерді сатып алу жолымен қаржылық ресурстар 	<ul style="list-style-type: none"> Коммерциялық мүдделер Қызметтердің сапалы сипаттамалары Қызметтерді білікті сервистік қолдау
Мемлекеттік органдар мен жергілікті қоғамдастықтар	<ul style="list-style-type: none"> Макроэкономикалық және әлеуметтік саясат Лоббилендіру мүмкіндігі Жанжалдарды шешудегі жұмыс күшінің тұрақтылығы Өзара қолдау және бейімдеу 	<ul style="list-style-type: none"> Заңнамалық және атқарушылық функцияларды жүзеге асыру Телекоммуникация саласында мемлекеттік саясатты іске асыру Жұмыс орындарын құру Демеушілік және қайырымдылық

МӘНДІЛІКТІ ТАЛДАУ

Біз бірлескен салмақты әрі үйлесімді шешімдерді қабылдау үшін өзіміздің мүдделі тараптарды мәнді тақырыптар мен маңызды мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тарта отырып, олармен өзара іс-қимыл жасау маңыздылығына ерекше көңіл бөлдік.


Мүдделі тараптардың қажеттілігін ұғынып, олар үшін компанияның тұрақты дамуы не екенін анықтау үшін біз мәнділікке талдау жүргіздік. Бірінші кезеңде тұрақтылыққа байланысты 35 аспектіні анықтадық. Елеулі

аспектілерді анықтау үшін барлық басты стейкхолдерге сауалнама жүргізіп талқыладық. Сауалнамалар мен сұхбат нәтижесі бойынша компания мен біздің басты мүдделі тараптарымыз үшін мәні бар елеулі аспектілерді анықтадық.

Деректерді жинау және жүргізілген SWOT-талдау нәтижесінде алынған мәліметтер респонденттер мейлінше көңіл бөлген тұрақты даму саласындағы жалпы ортаны анықтауымызға септігін тигізді.

Осы есепте тұрақты даму саласындағы жалпы ортадан компанияның ағымдағы даму кезеңінде анағұрлым басым болып табылатын, біздің салалық ерекшелігімізге және мүдделі тараптардың ой-пікіріне жауап беретін елеулі тақырыптарға көңіл бөлдік.

25-сурет. Біздің елеулі тақырыптар матрицамыз





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Тұрақты даму саласындағы бастамалар болып табылатын корпоративтік басқару мен корпоративтік мәдениет – тұрақты даму негізі және компания портфелінің құнына әсер ететін маңызды факторлар.

«Қазақтелеком» АҚ ұзақ мерзімді құнын өсіруге ұмтыла отырып, өзінің экономикаға, экология мен қоғамға ықпал ету маңыздылығын ұғынады, мүдделі тараптардың мүдделер балансын сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, жан-жақты ойластырылған әрі тиімді өзара іс-қимыл жасау амалы компаниялар тобының тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

2019 жылы компания тұрақты даму саласындағы мына бастамаларды анықтады:

1. «Цифрлық трансформация» бағдарламасы арқылы тиімділікті көтеру.
2. Экономикалық нәтижелілік пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
3. Жоғары әдеп стандарттары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету.
4. Тұрақты дамуға адами ресурстардың үлес қосуы шеңберінде оларды дамыту.
5. Әлеуметті жауапты серіктестік.
6. Жарақаттануды төмендету және қауіпсіз еңбек мәдениетінің деңгейін көтеру.
7. Қоршаған ортаға компанияның ықпалын төмендету.
8. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру.

БАСТАМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕМЕН АЛМАСУ

Компания өз қызметінің тұрақтылығын көтеру шеңберінде ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыта отырып, ұлттық және халықаралық деңгейде түрлі қауымдастықтардың міндеттерін іске асыруға қатысады. Қоғам ашық, сындарлы диалог және мемлекеттік органдармен, бизнеспен, қоғаммен жауапты өзара іс-қимылға бағдарланған және бұл ретте заңнаманың нормалары мен корпоративтік және іскери әдептің жоғары стандарттарын басшылыққа алады. Өзара іс-қимылдың басты бағыттары: телекоммуникация нарығын дамыту, заңнама мен нормативтік базаны дамыту және жетілдіру, бірлескен жобаларды бастамаға алу және іске асыру, сала мен өңірлерді тұрақты дамыту бойынша басты бастамаларды ілгерілету. Компания түрлі мақсатты топтармен жұмыс істей жүріп, төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық қауымдастықтарда өз қызметін жүзеге асырады.

- Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы (ҰТҚ)
- Бәсекелестікті дамыту қауымдастығы
- «Қазақстанның машина жасау одағы» ЗТБ
- Халықаралық электр байланысы одағы (ХЭО)
- Байланыс саласындағы өңірлік ынтымақтастық (БҚЫ)
- «Нұр-Отан» партиясы жанындағы кәсіпкерлікті қолдау бойынша республикалық кеңес (ПКҚРК)
- «Атамекен» ҚР ҰКП
- «Жасыл» экономика үшін коалиция және G-GLOBA дамыту» ЗТБ
- Блокчейн және криптехнологиялардың ұлттық қауымдастығы
- «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ
- «ИКС Холдинг»

2019 жылы компания Барселонада **Mobile World Congress** – 2019 Бүкіләлемдік мобильді конгресіне қатысты. Конгресте CORD алғашқы бұлтты байланыс торабын тармақтау бойынша жобаны көрсетті. Халықаралық форум шеңберінде «Қазақтелеком» Telco Cloud саласындағы Cisco корпорациясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«Қазақтелеком» Smart City, 5G, Big Data, blockchain, NFVi/NFV MANO, бұлтты бейнебақылау, электронды коммерция және биометрия бағыттарындағы өз жетістіктерін дүние жүзінің барлық байланысшылары үшін басты іс-шаралардың азиялық нұсқасы болып табылатын **Mobile World Congress Shanghai 2019** форумында көрсетті.

«Қазақтелеком» үшін жаһандық инвент болған тағы бір іс-шара Мәскеу қаласында GSMA (Global System for Mobile Communications Association) қауымдастығы өткізген «Mobile 360 – Евразия 2019» мобильді байланыс саласындағы конференция болды. Панельдік сессиялардың бірінде оператор сарапшы қоғамдастыққа 5G желілерін дамыту стратегиясына қатысты өз пайымын, сондай-ақ технологияның Қазақстандағы экономикалық үдерістерге ықпалын айтып өтті.

Қалыптасқан дәстүр бойынша 2019 жылы компания **заттар интернетіне арналған үшінші жыл сайынғы халықаралық форум** өткізді. IoT әзірлеушілер мен тұтынушылардың бұл кездесуінің басты ерекшелігі оларды жетілдіруді және елімізде енгізіліп қойған нарықтың осы сегментінің желілерін дамытуды талқылау болды.

2019 жылы қыркүйек айында «Қазақтелеком» **TEDxAstana 2019** конференциясының серіктесі болды. TEDxAstana командасы мен «Қазақтелеком» АҚ идеологиялық серіктестігі жетістіктерінің мол тарихы бар компанияның «қайта туу» ұстанымын тиімді көрсетуге көмектесіп қана қоймай, трансформация идеясын терең, құнды деңгейде қабылдауға көмектесетін сыртқы және ішкі стейкхолдерлер үшін компанияның бастамаларын қисынды жалғасу мен дамыту болды.

Компания **Qoeee.com серіктесімен бірлесіп, кәсіпкерлердің алғашқы халықаралық форумын** өткізді. Бұл форум Орталық Азиядағы бизнестің 450-ден астам өкілінің басын қосты. Кездесу барысында «Қазақтелеком» бизнесмендерге ISMET.kz 10 үздік онлайн-қосымшасын ұсынды. Іс-шара барысында қатысушылар бизнестегі цифрлық технологияларды, Орталық Азия елдері арасындағы импорт және экспорт мүмкіндіктерін, сондай-ақ онлайн-платформалар көмегімен халықаралық сауда мәселелерін талқылады.

Өткен жылы компания **Ресей мен Қазақстан арасында Өңіраралық ынтымақтастықтың XVI форумы** шеңберінде өткен цифрлық трансформация бойынша панельдік сессияға қатысты.

2019 жылы ұйымдастырылған «Шекарамен шектес ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында өңіраралық форум екіжақты қарым-қатынастарды бекіту, екі мемлекеттің іскери және серіктестік байланыстарын дамыту алаңы болды.

«Ресей және Қазақстан: цифрлық трансформация» тақырыбындағы панельдік сессияда екі елдің IT нарығының өкілдері мемлекетік және жеке саланы цифрландыру бойынша бірлескен жобаларды іске асыру, сондай-ақ IT жобаларын дамыту мәселелерін және Ресей мен Қазақстан нарығына шығу мүмкіндігін талқылады.

Компания China Mobile, China Telecom, MTC, Equinix, RETN, Өзбектелеком, Қырғызтелеком сияқты және т.б. шетелдік байланыс операторларының қатысуымен **«Carrier Meeting» XI халықаралық конференциясының ұйымдастырушысы** болды. Конференцияның қатысушыларына соңғы жылдардағы «Қазақтелеком» АҚ жетістіктері, сондай-ақ компанияның жаңа жобалары, оның ішінде Қазақстанда 5G енгізу жобасы ұсынылды.

Біздің компания ұлттық масштабтағы іс-шараларды өткізуге ұдайы техникалық қолдау көрсетіп отырады. Осылайша, түрлі қызмет салаларын дамытуға көмек көрсетеміз.



Тұрақты даму саласындағы бастама #3. ЖОҒАРЫ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыртқы және ішкі стейкхолдерлермен өзара тиімді қарым-қатынасты қолдау компания үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Компания өз беделіне нұқсан келтірмеуге тырысады, сондай-ақ жұмыскерлері мен стейкхолдерлерінен әдеп пен адалдықтың жоғары стандарттарын және барлық заңнамалық норманы сақтауын талап етеді.

Қоғамда жемқорлыққа төзбеушілікті дәріптейтін құндылықтар жүйесін нығайту мақсатында мынадай құжаттар өзектендірілді және бекітілді:

- «Жемқорлыққа қарсы күрес саясаты»;
- «Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты»;
- «Ықтимал әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарландыру саясаты»;
- «Іскери әдеп кодексі».

Есепті кезеңде жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Қоғамның бизнес-үдерістеріне талдау жасалып, соның нәтижесі бойынша Жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді және ол Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

Аталған жоспарды орындау үшін Қоғамның сатып алу, персоналды жалдау және оладың қозғалысы, абоненттерге тарифтік жоспарларды ұсыну, шарттар бойынша төлемдер салаларын реттейтін ішкі құжаттарына өзгерістер енгізілді.

Сондай-ақ Қоғам жеткізушілермен және іскери серіктестерімен жасасатын шарттарға өзгерістер енгізілді. Бұл

шарттарға сәйкес Қоғамның жеткізушілері мен іскери серіктестері Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау және Қоғамға шарттарға байланысты қаржы-шаруашылық құжаттаманы аудиттеу мүмкіндігін беру бойынша міндеттемелерді қабылдайды.

Компанияда комплаенс-мәдениетті қалыптастыру және жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы білім деңгейін арттыру мақсатында «Жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа саясаттарымен таныстыру» тақырыбында семинарлар мен вебинар өткізілді.

2019 жылғы қазанда «Өзін өзі ұстау әдебі» ойын турнирі өткізіліп, қатысушыларға ішкі саясаттармен және Іскери әдеп кодексімен арнайы әзірленген онлайн ойын түрінде еркін танысу мүмкіндігі берілді, сондай-ақ соңында тестілеу жүргізіліп, жеңімпаздар анықталды. Бұл ойын 1400 жұмыскердің қатысуға қызығушылығын тудырды. Ойын нәтижелері бойынша жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берілді.

2019 жылы Қоғамда «Қазақтелеком» АҚ-да жемқорлыққа, әдепсіз/заңсыз әрекеттерге қарсы күрес және мүдделер қайшылығын реттеу» тақырыбында жұмыскерлерді жыл сайынғы қашықтан оқыту курсы енгізілді.

Қоғамның еншілес ұйымдарында комплаенс-мәдениетті сақтау бойынша бақылау функциялары жүктелетін жауапты тұлғалар анықталып, тағайындалды.

Қоғамға деген сенімді арттыру үшін бірыңғай «тікелей желі» іске асырылды. Сол арқылы Комплаенс қызметі «Қазақтелеком» АҚ кез келген еншілес ұйымына қатысты проблемалы мәселе бойынша өтініштер қабылдайды.

«Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының 2019.08.01 №3-п бұйрығы) белгіленген мерзімде толық көлемде орындалды.

«Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының 2019.08.01 №3-п бұйрығы) белгіленген мерзімде толық көлемде орындалды.

Біз барлық мүдделі тұлға талан-таражға салу, алаақтық, жемқорлық, бизнесті жүргізудің негізгі қағидаттарын, Іскери әдеп кодексін немесе ҚР заңнамасының нормаларын бұзу бойынша орын алған немесе ықтимал кез келген факт туралы хабарлай алатын мынадай түрлі тетіктер әзірлеп шығардық:

1. компанияның сайтында <http://survey.deloitte-hotline.com/s3/sk-gu> сілтемесі бойынша немесе hotline@telecom.kz болмаса sk.hotline@deloitte.kz электронды пошталарына онлайн хабарлама жіберу;
2. 8 800 080 1994 нөміріне қоңырау шалу;
3. сатып алу мәселелеріне қатысты шағымдар мен арыздар жинау бойынша тікелей желі: 8 7272 26 82 61;
4. әлеуметтік-еңбек құқықтарын бұзуға қатысты мәселелер бойынша ombudsmen@telecom.kz, ombudsmen@cssc.kz электронды поштасына хабарлама жіберу;
5. Комплаенс қызметіне хабарлау.

«Қазақтелеком» АҚ-да ықтимал әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясатына сәйкес Қоғам мыналарға кепілдік береді:

- Қоғамдағы күрделі мәселелер туралы хабарлаған тұлғаларға қатысты толық құпиялылық;
- заңсыз әрекет фактілері туралы хабарлаған Жұмыскерге қатысты қудалаудың болмауы.

Аталған саясатқа сәйкес бірқатар жұмыскер Қоғамға материалдық және беделдік залал келтіру фактісін анықтап, оның алдын алуға мүмкіндік берген ақпараты үшін материалдық сыйақы алды.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен ЕТҰ-да демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге мораторий жарияланды. Жаңа модельге сәйкес Қор компаниялары тобының барлық демеушілік және қайырымдылық қызметін бірыңғай оператор - "Samruk Kazyna Trust" әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

Тұрақты даму саласындағы бастама #4. АДАМИ РЕСУРСТЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҮЛЕСІ АЯСЫНДА ОЛАРДЫ ДАМУ



Біздің басты құндылығымыз – жұмыскерлеріміз

Біздің жұмыскерлеріміз – бизнес-стратегиямыздың ғана емес, әлеуметтік миссиямыздың да басты элементі. Бизнесіміздегі тиімділік жұмыскерлеріміздің кәсіби біліктілігіне, жоғары жауапкершілігіне және компанияға деген адал көзқарасына негізделген.

Қоғам әрқашан жұмыскерлерінің еңбек жағдайларын жақсартып, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және компания ішінде әлеуметтік дамуға арналған алаңдар құрып, жұмыскерлерді дамытуға тырысып отырады.

Жыл қорытындысы бойынша құпия хабарландыру желісі арқылы 140-тан аса өтініш қаралды. Барлық 100% өтініш белгіленген мерзімде қаралып, тексерулер мен түзету іс-шаралары жүргізілді. Еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру бөлігінде Қоғамның 50-ден аса жұмыскерінің құқығы қорғалды.



Кадрлық құрам

2019 жылы «Қазақтелеком АҚ тізімдік саны

22 784

адамды құрады,

ал нақты саны 20 867 адамды құрады, соның ішінде 6 714-і – әйел.
Персоналдың гендерлік бөлінісі бойынша 63,4% - еркектен, 36,6% - әйелден тұрады.

Компаниядағы персоналдың қозғалысы туралы егжей-тегжейлі деректер осы Есептің 2-қосымшасында берілген.

Декреттік демалыстағы жұмыскерлерді қоса алғанда, әкімшілік-басқарушылық персоналдың (ӘБП) тізімдік саны

1 632

адамды құрады

ӘБП нақты саны

1 434

адамды құрады

5-кесте. Персоналды жынысы мен жасы бойынша бөлгендегі саны

Жас топтары	еркектер	әйелдер
30-ға дейін	4 600	2 483
31-40	3 484	2 006
41-50	3 074	1 946
51+	2 988	1 724
Барлығы:	14 146	8 159

Кадрлардың тұрақтамауы

10,3 % құрады

2019 жылы өз қалауы бойынша

2 341

адам жұмыстан босатылды

6-кесте. Персоналдың қозғалысы бойынша деректер

Жас топтары	2019 жылы компанияға жұмысқа қабылданған персонал		2019 жылы компаниядан жұмыстан босатылған персонал	
	еркектер	әйелдер	еркектер	әйелдер
30-ға дейін	1 214	614	1 139	536
31-40	263	188	470	319
41-50	120	75	260	189
51+	39	17	287	226
Барлығы:	1 636	894	2 156	1 270

Бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы жұмыскерлер саны есепті кезең соңында 1 917 адамды құрады. Бұл ретте әйелдер үлесі – 98%, еркектер – 2%.

Персоналымыздың тиімділігін арттырамыз

ПЕРСОНАЛДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

2019 жылы бос жұмыс орнына 2989 конкурс жарияланып, түрлі арналар арқылы 60000-нан аса кері байланыс алынды. Ішкі кандидаттармен 406 бос жұмыс орны жабылды. Жалпы жабылған бос жұмыс орындарының 48% жаппай кәсіп жұмысшыларына тиесілі болды, ал 45% - орта буынның мамандары мен басшылары. Функционалдық блоктар бойынша жабылған бос жұмыс орындарының үлесі: 52% - техникалық персонал, 26% - В2С және 10% - В2В.

Өтінім беруден бастап соңғы кандидатқа жұмыс туралы ұсынысты дайындауға дейінгі барлық кезеңді қоса алғанда, 2019 жылы персоналды іздеу және іріктеу үдерісі біріздендіріліп, Персоналды басқару бойынша ортақ қызмет көрсету орталығында орталықтандырылды.

Функцияны орталықтандыру персоналды тарту рәсімін оңтайландыруға және оның айқындылығын арттыруға, сондай-ақ олардың жасына, жынысына, ұлты мен діни көзқарасына қарамастан, барлық кандидат үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етті.

2019 жылы «PROtelecom» тағылымдама бағдарламасы» жобасы барлық филиалға таратылып, Қазақстанның 17 қаласын қамтыды. Жоба Қазақстан Республикасының үздік жоғары оқу орындарының түлектері арасынан талантты жастарды тартуды, сыртқы кадрлық резервті құруды, тартымды жұмыс беруші ретінде «Қазақтелеком» АҚ имиджін одан әрі қалыптастыруды, тәлімгерлік институтын дамытуды, Қоғамда кросс - өзара функционалдық іс-қимылды жақсартуды көздейді.

Тағылымдамаға Қазақстанның 17 қаласынан 40 жоғары оқу орнының бейінді және бизнес мамандықтарының студенттері тартылды. Әрбір тағылымдамадан өтушіге жобаның негізгі қатысушылары болып табылатын жоғары білікті жұмыскерлер қатарынан тәлімгерлер бекітілген.

Осылайша, жоба қорытындысы бойынша финалистер анықталып, 22 жас маман жұмысқа қабылданды. Сонымен қатар компанияның барлық құрылымдық бөлімшесінде тәлімгерлер оқытылды.

2019 жылы жаңа жұмыскерлерді бейімдеу шеңберінде ойын түрінде оқыту нысаны әзірленді. Үдерістің геймификациясы жаңа жұмыскерге машықтануға, білім алуға, компания туралы барынша тиімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жаңартылған бейімдеу бағдарламасы жаңа жұмыскерлерге ғана емес, компанияда бұрыннан қызмет атқаратын мамандарға да арналған. Жалпы бағдарлама персоналдың тұрақтамау көрсеткішін азайтуға және жаңа жұмыскерді алғашқы жұмыс күнінен бастап компаниямен таныстыруға бағытталған.



КАДРЛЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ

Компания қызмет көрсету сапасын және HR үдерістерінің тиімділігін арттыру үшін бар күшін салуда. 2019 жылы мынадай жобалар әзірленді және іске асырылды:

ПБЖ Лотус корпоративтік ақпараттық жүйесін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің порталымен ықпалдастыру. Аталған жоба шеңберінде Қоғам жұмыскерлерінің аты-жөні, ЖСН, штаттық лауазымы, бөлімшесі, айлықақысы, орналасқан жері, еңбек шартын жасасу күні, аяқталу күні және т.б. сияқты жеке деректерін беру бойынша шлюз іске асырылады. Еңбек шарттарымен қатар оларға барлық қосымша келісім де беріледі.

HR бизнес-үдерістерін роботтандыру және автоматтандыру. Демалыстар мен іссапарлардың барлық түрі қамтылған 14 HR бизнес-үдерісі автоматтандырылды. Сондай-ақ «жұмыс уақытын есепке алу» және «жеке еңбек шарттарына қосымша келісімдер» үдерістері роботтандырылды. Роботтандыру аясында RPA (Robotic Process Automation) – роботтандырылған автоматты үдеріс технологиясы пайдаланылды. UiPath бағдарламалық жасақтамасын пайдаланатын бұл технология күнделікті жиі қайталанатын операцияларды орындайтын жұмыскердің орнын алмастыратын бағдарламалық робот болып табылады. Бұл ретте бағдарламалық робот 24/7 режимінде жұмыс істей алады.

мобильдік қосымша. Бұл жоба Қоғамның жұмыскерлеріне HR қызметтерін шынайы уақыт режимінде пайдалануға мүмкіндік береді. Жоба аясында SAP HCM, ПБЖ Лотус, ПЫЖ АЖ, Мираполис ақпараттық есепке алу жүйелері мен 4telecom.kz порталының негізгі функционалдығы іске асырылды.

СЫЙАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Өнімділікті басқару жүйесі жұмыскерлердің алдына тиісті кезеңге арналған қызметтің басты көрсеткіштері (ҚБК) түріндегі нақты, өлшенетін мақсаттар мен міндеттер қоюды көздейді. Жұмыскерлер ҚБК орындалуына қарай сыйақыланады. Сондай-ақ жеке даму жоспары (ЖДЖ) жүйесі енгізілді, соның нәтижесінде әрбір жұмыскер өз білімі мен машықтарын дамытуға жіті көңіл бөліп, жеке тиімділігі мен нәтижелілігін арттыра алады.

Еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі лауазымдарды және жұмыскерлердің жұмыс тиімділігін бағалауға негізделген.

- компания лауазымдарды бағалау үшін «Нау Group» компаниясының әдістемесі бойынша грейдтеу жүйесін пайдаланады. Лауазымдарды бағалаудың бірыңғай тәсілі компаниялар тобындағы лауазымдарды объективті салыстыруға, еліміздегі, өңірдегі және жалпы ғаламдағы мамандардың жалақасын салыстыруға мүмкіндік берді.
- жұмыс тиімділігін бағалау үдерісі сыйақылау, ынталандыру, бонус беру, оқыту және кәсіби дамыту, сондай-ақ жұмыскерлерді ұстап қалу үшін негіз болып табылады. Жұмыскерлердің жұмыс тиімділігін бағалау Қоғамның стратегиялық мақсаттарын орындау үшін жұмыскерлердің жұмыс нәтижелеріне, машықтарына, білімі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарлы анықтауға көмектеседі және мынадай негізгі қағидаттарға сүйенеді:
 - сенімге құрылған әділ және объективті кері байланыс ұсыну;
 - оқыту мен дамытуға қажеттіліктерді анықтауға көмектесу;
 - қызметтің жеке көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу.
- «Қазақтелеком» АҚ қабылдаған уәждеу жүйесі қызметті бағалау мен сыйақылау бойынша енгізілген жүйені қоса алғанда, жұмыскерлерді олардың нақты жұмыс нәтижелеріне қарай сыйақылауды қамтамасыз етеді. Жұмыскерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті, экономикалық тұрғыдан тиімді сыйақылау жүйесін құру маңызды болып табылады. Еңбекке ақы төлеу және сыйлық ақы берумен қатар, жеңілдіктер мен ақшалай емес сыйақыны қамтитын тұтас сыйақылауға көңіл бөлінеді.

ТАЛАНТТАРДЫ БАСҚАРУ

Қоғамда Персоналды басқару стратегиясына сәйкес негізгі лауазымдарды алмастырудың ішкі көзі ретінде кадрлық пулды қалыптастыру және даярлау мақсатын көздейтін «Таланттарды басқару» жобасы іске асырылуда. Аталған жоба талантты жұмыскерлердің жоғары кәсіптік деңгейін анықтау және

оларды ұстап қалу құралы болып табылады. Бұл жоба аясында «Көшбасшылық мектебі» жұмыс істейді, бұл бағдарламада резервтегі мамандар басқару және көшбасшылық дағдыларды дамыту бойынша кезең-кезеңімен оқытылады. Есепті кезең ішінде 83 негізгі бос жұмыс орнының ішіндегі басты бос лауазымдарға 42 резервист тағайындалды, бұл 50,6% құрайды.

Жұмыскерлерімізді дамытамыз

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

2019 жылы бір жұмыскерге шаққанда оқытудың орташа сағат саны 47,37 сағатты құрады. 2019 жылы оқытылған және біліктілігін көтерген жұмыскерлер саны – 13118.

Еркектер

658 497 сағат

Әйелдер

324 335 сағат

457 колледж студенті үшін өндірісте техникалық оқу ұйымдастырылды, соның ішінде 42 – дуалды оқыту жүйесі бойынша. 214 ЖОО студентіне тәжірибе алу базасы ұсынылды.

2019 жылы 28 қашықтан оқытудың жаңа курсы әзірленді.

2018 жылдан бері «Өрлеу» бағдарламасы шеңберінде функционалдық академиялар іске қосылып, жұмыс істеуде. Бұл академиялар мамандарды қызмет бағыттары бойынша мақсатты және нүктелі оқытуға бағытталған.

«Сату академиясы-2019» оқыту бағдарламасының 1-кезеңі іске қосылған. Бағдарлама қызметті бағалау нәтижелері жоғары мамандар мен басшылардың құзыреттілігін арттыру мақсатында B2C және B2B сегменттеріне арналған. Сондай-ақ Сату академиясы шеңберінде B2B басшылары үшін интегралдық сессия



өткізіліп, жаңа клиенттерді белсенді тарту, бұрынғы клиенттерді қайтару және қазіргі клиенттерді ұстап қалу стратегиясын әзірлеу тақырыптары қарастырылды. Абоненттермен жұмыс мәселелері бойынша soft collection үшін оқыту, сондай-ақ В2С бағытының желілік басшылары үшін «Негізгі басқарушылық машықтар» тренингі ұйымдастырылды.

Техникалық академияда «Абоненттік оптикалық желіжолды құрастыру және GPON желісінде қызметтерді инсталляциялау», «ВЖЖ-да жұмыстар жүргізу кезінде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі техникасы», «Дизель-генераторлық құрылығыларда жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізу» бағдарламалары бойынша виртуалды шынайылық пішімінде оқыту түрі енгізілуде. Әзірленген оқыту бағдарламасына сәйкес Т1, Т2 және Т3 желілерін бірыңғай басқару орталығының телекоммуникация желілерін басқаруды орталықтандыру бойынша жұмыскерлерді сертификаттау жүргізілуде.

WOW!HR-2019 HR және ішкі коммуникациялар саласындағы ірі бизнес премиясында біздің компаниямыз «Виртуалды шынайылық пішімінде практикалық оқыту» DIGITAL SOLUTIONS (бизнесісті дамытуға ықпал ететін IT-жобалар мен құралдар) номинациясында екінші орын алды.

Қаржы академиясы қаржы бағытындағы жұмыскерлерді құрылымдық оқытуға бағытталған. Дайындық жоспарына сәйкес қаржы-экономикалық бағыттағы жұмыскерлер лауазымдарының бейіні сипатталып, оқыту тақырыптары анықталды. Академияны 2020 жылы іске қосу жоспарланып отыр.

Компания барлық жұмыскеріне қазақстандық үздік тренерлерден білім алу мүмкіндігін беру, адамдарды онлайн оқуға тарту, өзін өзі дамытуға талпындыру үшін бар күшін салуда. EducationPro жобасы компанияның кез келген жұмыскеріне танымал бизнес тренерлердің мастер кластарын вебинар пішімінде тыңдауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда 7 вебинар өткізілді, әр вебинардағы тыңдаушылардың орташа саны 350 адамды құрайды. Вебинарлардың жазбасы ортақ медиатекаға орналастырылады және барлық жұмыскер өзіне ыңғайлы уақытта оларға қол жеткізе алады.

Компанияда «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының базасында негізгі компоненттері корпоратившілік оқыту және корпоративтік қашықтан оқыту жүйесі болып табылатын оқыту жүйесі жұмыс істеп келеді. Кез келген жұмыскер қашықтан оқу курсына тіркеліп, электронды жүйедегі курстарды оқи алады және курсты бітірген соң оқығандығы туралы сертификат беріледі.

Біздің компаниямыз үздік мамандарды тартады және олардың әлеуетін дамытып отырады. Соның дәлелі ретінде «Қазақтелеком» АҚ Ресей Федерациясының Екатеринбург қ. WorldSkills Hi-Tech 2019 аясындағы екінші еуразиялық ашық чемпионатта «Магистральды байланыс желіжолдары. ТОВЖ салу және пайдалану» құзыреті бойынша үшінші орынға ие болды. Біздің мамандарымыз «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің жоғары біліктілік деңгейін екінші жыл қатарынан растап отыр. Мұндай конкурстар халықаралық деңгейдегі үздік мамандармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде жұмыскерлерді кәсіби өсуге ынталандырады.

Корпоративтік мәдениетті жақсартамыз

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР. CREDO ЖОБАСЫ

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік мәдениеті Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруға ықпал ететін тиімді жұмыс ортасын құруға бағытталған.

Персоналдың мінез-құлқындағы өзгерістер – корпоративтік мәдениетті трансформациялаудағы түпкілікті мақсат, ол идеологиялық құрамдасы мен бизнес-үдерістерін өзгерту жолымен қамтамасыз етіледі.

Компанияда CREDO корпоративтік құндылықтар моделі іске асырылған.

CREDO моделі мынадай бес құндылықты біріктіреді:

C – клиентке бейінділік, клиенттің күткенінен де асып түсуге тырысу,

R (responsibility) – нәтиже үшін жауапкершілік, шешім қабылдауда дербес бола білу,

E (enterpenership) – кәсіпкерлік рух, жаңа идеяларды ұсыну және бизнесісті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіру қабілеті,

D (digital culture) – цифрлық мәдениет, жұмыстағы және тұрмыстағы цифрлық технологиялар,

O (outstanding decisions) – көрнекі шешімдерді ұсыну және өмірде жүзеге асыра білу.

«Корпоративтік мәдениет» үдерісінің негізгі міндеттері:

1. Қоғам жұмыскерінің мінез-құлқын тәртіптемелейтін корпоративтік құндылықтарды, әлеуметтік этикалық нормаларды айқындау және насихаттау, корпоративтік коммуникация қағидаларын және корпоративтік стильді сақтау;
2. «mytelecom.kz» әлеуметтік желісін дамыту;
3. Қоғамда командалық жұмысты, ниеттестікті, қолайлы әрі шығармашалық ахуалды ынталандыратын корпоративтік іс-шараларды өткізу;
4. жұмыскерлердің пікірін анықтауға арналған зерттеулер жүргізу (әлеуметтік сауалнамалар).

2018 жылдың сәуір айынан бастап «Қазақтелеком» АҚ компаниясының жұмыскерлері CREDO жаңа корпоративтік мәдениет моделіне көшті.

«CREDO: табыс мәдениетіне жол» жобасы бизнес-үдерістер бойынша бірегей шешімдерді анықтауға, өндірістік шығындарды қысқартуға, клиенттік сервисті, жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсартуға және т.б. бағытталған.

2018-2019 жылдардың қорытындылары бойынша 5000 жұмыскер тартылды және 400 жоба әзірленді. Аталған жобаларды іске асыру компанияға 3 млрд теңгеден аса мөлшерде жиынтық кіріс әкелу әлеуетіне ие.

Енгізілген және іске асырылып жатқан басты жобалар туралы ақпарат компанияның 4telecom.kz ішкі порталына орналастырылған.

«CREDO - табыс мәдениетіне жол» жобасын іске асыру Қоғамның барлық филилдарына жоспарлы түрде таратылатын болады.

«CREDO - табыс мәдениетіне жол» жобасы Мәскеуде өткен халықаралық «Intercom» конференциясында онлайн-дауыс беру қорытындысы бойынша үздік деп танылды.

Жастар саясаты

2018 жылдың соңында Жастелеком жастар ұйымына трансформация жасалып, атауы Ztelecom болып өзгертілді. Ұйымдық құрылымына да өзгерістер енгізілді. Бұрынғы иерархиялық құрылымда компанияның түрлі бизнес-үдерістеріне қатысуға белсенді жастардың



мүмкіндігі болған жоқ. Ztelescom-да горизонталь-жазық ұйымдық құрылым жасалған. Трансформация барысында жастар ұйымының құрамы да өзгерді – сандық құрамнан сапалық құрамға көшу таңдалды. Жастар ұйымының құрамын жаңарту үшін 2019 жылдың наурыз айында 6 ірі өңірде жас белсенді жұмыскерлердің қатысуымен ассесмент ұйымдастырылды. Нәтижесінде 35 көшбасшы іріктеліп, олар тренерлік бойынша оқудан өтті, көшбасшылық бағдарламасы бойынша 200 сағатқа жуық білім алып, Қоғамның 600-ден аса жұмыскерін оқытты.

Z-telecom жас көшбасшылары алдында жаңашыл идеялардың генераторы болу және жұмыскерлердің өмірін жақсарту мен бизнес-үдерістерді оңтайландыруға арналған түрлі жобалардың бастамашысы болу міндеті тұр. Бүгінде компанияда жобаларды іске асыруға тартылған беленді жастар саны -250.

Өткен жылдың желтоқсан айында Алматы қ. Z-telecom жастар ұйымының форумы өтті, онда компанияның жас көшбасшылары мынадай номинациялар бойынша филиалдарда іске асырылған үздік жобалармен таныстырды: «үздік инновациялық жоба», «үздік бизнес-жоба», «үздік жоба #PRO Адамдар».

Қараша айында Z-telecom мүшелері портфельдік компаниялардың жас жұмыскерлерін қолдау үшін Қорда құрылған «Jas Samiryc» ауқымды жобасының қолдауымен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұйымдастырған слет жұмысына қатысты. Іс-шараға Қазақстанның барлық өңірінен 300-ден аса жас маман қатысты.

Спорттық іс-шаралар

Қоғамда жұмыскерлердің командалық рухы мен ынтымақтастығын нығайтатын спорттық іс-шаралар белсенді түрде ұйымдастырылады. Шаңғы жарысы, шахмат, үстел теннисі, армрестлинг, арқан тарту, мини-футбол, волейбол, мылтық ату және күш жаттығуларынан тұрақты түрде спартакиадалар өткізіліп тұрады. «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлері компанияның ішкі іс-шараларымен қатар, қалалық және республикалық деңгейдегі жарыстарға да қатысады.

- 2019 жылы Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлері «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған VI спартакиадаға қатысты. Компания атынан мынадай спорт түрлері бойынша командалар қатысты: стритбол, мини-футбол, волейбол, киберспорт, тоғыз-құмалақ.
- Өткен жылдың желтоқсан айында компания жұмыскерлері арасында - Counter Strike: Global Offensive және Dota2 - екі киберспорт түрінен «Қазақтелеком» АҚ I киберспорт турнирі өтті. Іріктеу кезеңіне еліміздің барлық өңірінен CS: GO бойынша 22 команда және Dota2 бойынша 18 команда қатысты. Киберспорттық жарыстар нәтижесінде мықты командалар анықталды: Counter-Strike: Global Offensive финалдық ойынында Сервистік фабрика мен Батыс ӨТД командалары кездесіп, 2:0 есебімен Сервистік фабрика жеңіске жетті. Dota2 бойынша ТЖББО құрама командасы АЖД командасын 2:0 есебімен ұтты.

Алдағы уақытта компания жұмыскерлері арасында электрондық спорт түрін насихаттау мақсатында корпоративтік турнирлер өткізуді жоспарлап отыр.

- Орталық өңірлік телекоммуникация дирекциясының жұмыскерлері триатлоннан көпшілікке танымал Ironman 70.3. жарыстарына қатысты.

Ішкі коммуникациялар

Біз корпоративтік мәдениетті компанияның табысты дамуының маңызды факторы және персонал жұмысының тиімділігін арттырудың нәтижелі құралы деп санаймыз. Корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға тиімді жасалған корпоратившілік коммуникациялар жүйесі ықпал етеді:

- 4telecom.kz корпоратившілік порталы;
- «Байланыс» журналы;
- CREDO жобасы;
- корпоративтік іс-шаралар.

Ішкі коммуникациялар бөлігінде 2019 жылы мынадай жұмыстар жүргізілді:

- коммуникациялар тұжырымдамасы әзірленді;
- коммуникациялар арналары жақсартылды: ішкі портал реди-зайны мен қайта құрылымдау жүзеге асырылды, қосымша функционал – бас директорлардың блогы мен қосымша айдарлар енгізілді. Компания басшыларының онлайн коммуникациялық кездесулерін өткізу тәжірибесі енгізілді. Осылайша, Қоғам Басқармасының барлық мүшелерімен онлайн-конференциялар, компанияның филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері басшыларымен 100-ден аса іс-шара өткізілді;
- ішкі порталға кірудің орташа көрсеткіші күніне 5 мыңнан 8 мыңға дейін артты;
- жаңалықтар функционалымен мобильдік қосымша әзірленді;
- барлық филиалдарда корпоративтік жаңалықтарды есепке алу жазбалары жасалды.

Тұрақты даму саласындағы бастама #5. ЭЛЕУМЕТТІК-ЖАУАПТЫ ӘРІПТЕСТІК

Әлеуметтік саясат

«Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуы, жұмыскердің ертеңгі күнге деген сенімділігін қолдау мәселелеріне жауапты қарайды.

«Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік жауапкершілігі бизнестің корпоративтік жауапкершілігінің маңызды құрамдасы және Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметтің басты көрсеткіштерінің бірі болып табылды.

«Қазақтелеком» АҚ тұрақты даму саласындағы әлеуметтік қызметінде өзінің қатысу орындарында әлеуметтік және білім беру бағдарламалары, қызметтің айқындығы, экологиялық мәселелерге кері әсер етуді төмендету арқылы тұрғындар өмірінің сапасын арттыруға ерекше назар аударады.

Қоғамның әлеуметтік қызметін дамытуға жүйелі амал-тәсіл мақсатында компанияда 2018-2021 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік жобаларын іске асыру бойынша корпоративтік бағдарлама әзірленіп, бекітілді, атап ақанда: волонтерлік қозғалысты дамыту, әлеуметтік аз қамтылған жұмыскерлерді қолдау, балалар үйлерімен, қайырымдылық қорларымен ынтымақтастық және т.б.

Қоғамның жұмыскерлері мен зейнеткерлерінің әлеуметтік қорғалуы компанияның әлеуметтік саясатының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады

Компания Ұжымдық шартқа сәйкес жұмыскердің жұмыспен қамтылу сипатына қарамастан (тұрақты немесе уақытша) мынадай әлеуметтік қолдау түрлерін көрсетеді:

- некені тіркеу кезіндегі материалдық көмек;
- бала тууына/ жаңадан туылған баланы асырап алуына байланысты материалдық көмек;
- жыл сайынғы еңбек демалысын ұсыну кезінде сауықтыру үшін материалдық көмек;
- уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу;
- бала бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша қосымша демалысқа ақы төлеу;
- жұмыскерлерді мерейтойлық даталарға орай бағалы сыйлықпен көтермелеу;
- зейнетке алғаш рет шыққанда біржолғы жәрдемақы;
- егер жұмыскерге 1 немесе 2-ші топ мүгедектігі белгіленсе, біржолғы жәрдемақы төлеу;
- жұмыскердің жақын туысы қайтыс болғанда жерлеуді ұйымдастыру үшін материалдық көмек;
- ерікті медициналық сақтандыру аясында жұмыскерлерге медициналық көмек көрсету;
- зейнетке шығатын жұмыскерге біржолғы жәрдемақы төлеу;
- моральды-психологиялық қолдау көрсету үшін компанияда өткізілетін мерекелік және салтанатты іс-шараларға компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлерін шақыру.

Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарлама берудің ең аз кезеңі ҚР Еңбек кодексі бойынша 4 апта (30 күнтізбелік күн), Ұжымдық шарт бойынша 45 күнтізбелік күнді құрайды. Бүгінде компания 9 мыңнан аса зейнеткерге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Жыл сайын оларға атаулы қайырымдылық көмек көрсету, кәсіби мерекеге және Қарттар күніне орай кездесулер өткізу көзделген.

Байланысшылар күніне орай компанияның барлық филиалында байланыс ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Қарт кісілерге және еңбек ардагерлеріне ерекше құрмет көрсету – компанияның мейірімділік пен қамқорлық көрсету дәстүрлерінің бірі. Іс-шараның басты мақсаты – білім мен кәсіби дағдының негізін қалайтын келешек пен өткен шақ арасының үзілмеуі, ұрпақтар сабақтастығы.

Әлеуметтік даму жобалары

Қатысу өңірлерінің және тұтас мемлекеттің дамуындағы жоғары көрсеткіштер ұзақ мерзімдегі болашақта тұрақты даму саласындағы Қоғамның қойған мақсаттарына қол жеткізуіне ықпал ететін басты факторлардың бірі екенін түсіне отырып, Компания қатысу өңірлерінде және тұтас мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына көңіл бөледі. Қатысу өңірлерінде компания өз іскери белсенділігімен қатар, мемлекеттік билік пен басқару органдарымен, коммерциялық емес және қоғамдық мекемелермен, корпоративтік

Ұжымдық шартен қамтылған компания жұмыскерлерінің пайызы

96 % құрайды



клиенттермен, тұтынушылармен және жалпы қоғаммен өзара іс-қимылда үздік жұмыс беруші және үздік әріптес мәртебесіне қол жеткізуге ұмтылады.


Бұл бағытта Қоғамның қызметі мыналарды қамтиды:

1. қатысу өңірлерінің өндірістік және экономикалық дамуына, оның ішінде жаңа телекоммуникациялық инфрақұрылым жасау, жұмыс орындарын құру бойынша жобаларды іске асыру арқылы қатысу;
2. әлеуметтік және қайырымдылық бағдарламалар арқылы өңірлерді әлеуметтік дамытуға қатысу;
3. жама мамандарды дайындауды ұйымдастыру, профильдік орта арнайы және жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынас құру, ұйымда студенттер үшін тәжірибе мен тағылымдамдан өтуді ұйымдастыру арқылы білім беру жүйесін дамытуға қолдау көрсету;
4. балалар мен жасөспірімдер спорты мен дене шынықтыруды дамытуды қоса алғанда, спорттық-сауықтыру қозғалысын қолдау;
5. мемлекет тұрғындарын тарифтер мен жылдамдық бойынша бәсекеге қабілетті жоғары сапалы байланыс қызметтерімен кеңінен қамту;
6. Қоғамның стратегиялық даму жоспарларына және Қазақстан Республикасы өңірлерімен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде ықпалдастырылған операторды кезең-кезеңмен құра отырып, мобильдік желіні дамыту.

Әлеуметтік тұрақтылық

2019 жылы компанияда әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 69% құрады, бұл рейтинг шкаласына сәйкес оны тұрақты дамып келе жатқан компаниялар санатына жатқызуға мүмкіндік береді.

26-сурет. Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %



Қор компанияларының тобында жыл сайын өндірістік ұжымдарда әлеуметтік жағдайға мониторинг жүргізіліп отырады. Осы мақсаттарда «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» (бұдан әрі - ӘТИ) зерттеуі жүзеге асырылады.

Компания жұмыскерлердің әлеуметтік ахуалына ерекше көңіл бөледі. Өндірістік персоналдың әлеуметтік көңіл-күйі мен ахуалы туындаған проблемаларды шешуде сындарлы көзқарас пен оң ахуалдың болуын көрсетеді. ӘТИ көрсеткіштерінде 5 пайызға дейін ауытқуға жол берілетінін атап өту қажет. Бұл ауытқуға еңбек ұжымдарының көңіл-күйіне тікелей әсер ететін шкі де сыртқы да факторлар болуы мүмкін.

Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығының ұсынған нәтижелеріне сәйкес 2019 жылы көрсеткіштердің рұқсат етілген аралықта аз ғана төмендеуі тіркелді. ӘТИ 2018 жылмен салыстырғанда 2 позицияға төмендеді:

- «Іске тартылу» критерийі бойынша еңбек жағдайларына қанағаттану және компанияға ниеттестіктің елеулі төмендеуі байқалады. Сонымен қатар коммуникациялар мен өзара қарым-қатынасты бағалау бойынша ұстаным жақсарған;
- еңбек жағдайлары бойынша филиалдарда еңбек жағдайларын жақсарту қажеттілігі бар;
- «Персоналдың ниеттестігі» критерийі бойынша басшылықтың алдын ала біржақты пікірінің болмауы, еңбекке ақы төлеу мен басшылық лауазымдарға тағайындаулардағы әділдік мәселелеріне назар ерекше;
- еңбек қауіпсіздігі мен жұмыскерлердің барлық нұсқамаларды сақтау қажеттілігін түсіну деңгейі өте жоғары деңгейде. Сонымен қатар әрбір үшінші жұмыскер өз әріптестері тарапынан ЕҚ ережелерін бұзу фактілерін жасыруы да орын алады;
- бірінші басшылардан ақпарат алудың таралуы өткен жылмен салыстырғанда төмендеді. Менеджментке өндірістік мәселелермен қатар, әлеуметтік-тұрмыстық

мәселелер бойынша да еңбек ұжымының бірінші басшылармен кездесулерінің саны мен сапасын арттыру қажет;

- компанияда 2018 жылмен салыстырғанда әлеуметтік тыныштық байқалады. Еңбек ұжымының басым бөлігінде рұқсат етілмеген наразылық акцияларына қатысу ниеті байқалмайды және өздерін көтеріліске қатысуға итермелей алатын ешбір себеп жоқ деп санайды.

ӘТИ қорытындылары бойынша компания түзетуші әрекеттерді орындады. Іске асырылған іс-шаралар талдамасы еңбек жағдайларын жақсарту бойынша айтарлықтай амалдар жүзеге асырылғаннан көрсетіп отыр.

Ақпараттық саясат

Біздің ақпараттық ашықтығымыз – бизнеске сенімді арттырудың қажетті шарты, ал жария есептілік оның маңызды құрамдасы болып табылады.

Компанияда ақпаратпен жұмыс тәртібін анықтайтын Ақпараттық саясат, Ақпаратты ашу жөніндегі тәртіптеме енгізіліп, қолданылады. Осы құжаттарға сәйкес компания мүдделі тұлғаларға өз қызметі туралы елеулі ақпаратты ұсынады және міндетті ақпаратты ашумен шектелмеудің (қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес) және тұрақты негізде қоғамды стратегиясы мен миссиясы, саясаттары мен қағидалары, елеулі оқиғалары мен өз қызметінің басты көрсеткіштері, өткізілетін сатып алулары туралы хабардар ету туралы қабылдаған міндеттемелерін растайды. Ақпараттық саясатты іске асыруда компания мынадай қағидаларды ұстанады:

- Анықтық қағидаты;
- Шұғылдық қағидаты;
- Жүйелілік қағидаты;
- Проактивтілік және достық қарым-қатынас қағидаты;
- Прагматизм және мақсатты аудиторияның мүддесін қорғау қағидаты;
- Цифрландыру және мультимедиялылық қағидаты;
- Құпиялылық қағидаты.

Компанияның ресми www.telecom.kz сайтындағы жарияланымдар, брифингілер, баспасөз конференциялары, мүдделі тараптармен кездесулер қоғамды ақпараттандыру мен инвестициялық қоғамдастықтың негізгі арналары болып табылады. Қоғам БАҚпен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Бұл іс-шаралар барысында компанияның өкілдерімен кездесу ұйымдастыруды, баспасөз конференциялары мен брифингілер өткізуді, сондай-ақ баспасөз хабарламаларын жариялауды қажет ететін қандай да бір оқиғаларға қатысты компанияның көзқарасы ұсынылады.

Компанияның веб-сайты қызметтердің өтімділігін арттыруда және компанияның нарықтағы орнықтылығында басты құрал болып табылады және барынша ашықтық пен ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. 2019 жылы сайтқа кірудің ай сайынғы көрсеткіші 259 000-нан 396 000 дейін артты. Орташа есеппен алғанда сайтта әрбір кіруші 3 минут 11 секунд болады.

Барлық әлеуметтік медиа алаңдарында компания жазылушыларының саны 300 000-нан асады. 2019 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда компанияның ресми аккаунтарында 33% артық контент жарияланды. Пайдаланушылардың өтініштеріне жауап беру уақытының орташа көрсеткіші 7 минут.

Компания жыл сайын баспа, телевизиялық және интернет басылымдары арасында бұқаралық ақпарат құралдарына арналған «Қазақтелеком» туралы үздік аналитикалық материал» атты байқау өткізеді.

Қоғам жұмыскерлері үшін корпоратившілік «Байланыс» журналы шығарылады. Сонымен қатар 4telecom.kz. корпоратившілік сайт жұмыс жасайды.



Тұрақты даму саласындағы бастама 6#. ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ



Компания адам өмірі мен денсаулығын жоғары құндылық ретінде қарайды, жұмыскерлері үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасауға, сондай-ақ жұмыскерлерін еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша хабардар етуге, оқытуға, қадағалауға, кеңес беруге тікелей жауапты. Компания жұмыскерлердің, мердігер ұйымдардың және халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне теріс салдардың дер кезінде бетін қайтару немесе жұмсарту маңыздылығын сезінеді.

Қоғамда тұрақты әдістемелік басшылықты, Қоғамда еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жағдайын талдау және бақылауды қамтамасыз ететін еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі жұмыс істейді. Жүйе «2001 ILO-OSH 2001 ЕҚБЖ MOT еңбекті қорғауды басқару жүйесі басшылығына» және OHSAS 18001 халықаралық стандартына сәйкес еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды белгілейді.

Компанияда тұрақты негізде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, сондай-ақ өзге нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіліп отырады, соның ішінде:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты басшылар мен мамандарды оқыту;
- жұмыс орындарын аттестаттау;
- жұмыскерлердің медициналық тексеруден өтуі;
- жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Есепті жылы заңнама талаптарының өзгеруін және Қоғам құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі саласындағы 2 корпоративтік стандарт өзекті етілді.

Қоғам филиалдарында Өндірістік кеңестер құрылған және жұмыс істеуде және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері қарастырылады.

Жыл сайын жаппай мамандықтағы жұмыскерлер үшін жыл сайын еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөнінде оқыту және білімдерін кезең-кезеңмен тексеріп отыру жүргізіледі. **Айталық, 2019 жылы Қоғамның 15 570 жұмыскері үшін оқу жүргізілді.**

Жұмыскердің мамандығына қарай Қоғамда жиілігі жылына бір мәрте және үш жылда бір мәрте белгілі бір жұмыстарға рұқсат алуға сертификаттар бере отырып, өндірістік қауіпсіздік бойынша оқыту және білімді тексеру жүргізіледі.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі қызметі мәліметтері бойынша кәсіби аурулар компанияда болған жоқ. Қоғамда тақырыптық спорт іс-шаралары арқылы салауатты өмір салты идеясы насихатталады. Бұдан өзге, барлық жұмыскерлер олардың денсаулығына әлеуетті қауіпті анықтау үшін жыл сайынғы міндетті медициналық тексерумен бірге медициналық сақтандыру жүйесіне қосылған.

Технологиялық тәуекелдердің алдын алу үшін айтарлықтай қауіптер мен жол беруге болмайтын тәуекелдер жасалады.

Қауіпсіздікті арттыру бойынша жүргізілген жүйелі жұмыстарға қарамастан, 2019 жылы компанияда өндірістік жарақат алудың 2 оқиғасы тіркелді.

2019 жылға өндірістік жарақат коэффициенті 1000 жұмыскерге 0,03% болды, оның ішінде:

- Оңтүстік ӨТД – 0,03;
- Орталық ӨТД – 0,03;

Компанияда 5 жылда 1 рет жұмыс орындарына аттестаттау жүргізіліп тұрады. Айталық, 2015 және 2019 жылдар аралығындағы кезеңде 6498 жұмыс орны аттестаттаудан өтті.

Жазатайым жағдайлар туралы ақпарат

Филиал	Жазатайым жағдай себебі	Жарақаттың ауырлығы	Қабылданған шаралар
Оңтүстік ӨТД ЖЖ ТКО Қызылорда ЖЖТТ, Арал ЖТЦ	Қолданыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нұсқаулығын бұза отырып, мұз қатқан ӘБЖ тіреуінде жұмыс жүргізілген. 2 метр биіктікте монтер қадауылдары мұз қатқан тіреуде ұстап тұра алмай, тіреу бойымен төмен қарай сырғанау орын алған. Темірбетон при-ставаға соғылу нәтижесінде сол аяқ жараланған.	Ауыр дәреже	Оңтүстік ӨТД 2019.06.06 № 55/Д бұйрығы Сөгіс: <ul style="list-style-type: none"> • Арал ЖТЦ бастығына; • Арал ЖТЦ ЖБҚ АҚ жетекші инженері; • Арал ЖТЦ ЖБҚ АҚ инженері. Көрсетілсін: <ul style="list-style-type: none"> • Қызылорда ЖЖТТ директорының пайдалану жөніндегі орынбасарына; • Оңтүстік ӨТД ЕҚЕК қызметі ЕҚЕК жетекші инженеріне (Қызылорда қ.)
Орталық ӨТД ЖЖ ТПО ТОБЖ Қарағанды ЖЖТТ	Қозғалыс қауіпсіздігі және ЖЕҚ қолданыстағы нұсқаулықтарын бұза отырып, жұмыскер автокөлікті тоқтату қажеттілігі туралы жүргізушіні арнайы сигнал түймешігін басып ескертпей, ГАЗ-66 қозғалысы барысында өз бетінше жолаушы орындығынан тұрып, фургон салонның жүрген. Қозғалыс барысында тепе-теңдігін жоғалтып, фургонның артқы есігіне ұрылған, осылайша фургоннан асфальтқа құлап түсіп қалған. Жұмыскер құлаған кезде автокөлік көше қиылысынан бас жолмен келе жатқан автокөлікті өткізіп барып, қозғалысын бастаған	Ауыр дәреже	HR ОҚО 2019.23.10 № _108/Д бұйрығы Ескертпе: <ul style="list-style-type: none"> • кәбіл цехы басшысына; • кәбілдік учаске инженеріне. ТКО ОҚО тәртіп шараларын қабылдауға 2019.25.10 ұйғарым

Өрт қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі шараларын іске асыру үшін 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ ғимараттарының, үй-жайлары мен құрылыстарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасы әзірленіп қабылданды. Тұжырымдамада жұмыс істеуші персонал мен компания

меншігін өрт туындаудан жоғары тиімділікпен қорғау және қорғаныс шараларын арттыру, телекоммуникация жабдығының жұмысқа қабілетін қамтамасыз ету, өрт туындаудың алдын алу шаралары көзделген. Тұжырымдамада ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігіне талаптар, сондай-ақ өртке қарсы бағдарлама мен өрт туындағанда Қоғам жұмыскерлерінің әрекеті толық сипатталған.



Тұрақты даму саласындағы бастама #7. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КОМПАНИЯНЫҢ ҰҚПАЛЫН ТӨМЕНДЕТУ



Телекоммуникация саласының басқа салалармен салыстырғанда қоршаған ортаға ықпалы көп емес. Алайда өсіп отырған ғаламдық және жергілікті экологиялық проблемалардың маңыздылығына орай компания өз алдына қызметінен қоршаған ортаға келетін тікелей немесе жанама әсерлерді азайту жолымен залалды қалпына келтіру шараларын іске асыруды қойып отыр. Компанияда экологиялық аспектіні басқару үшін экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылған, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Қоғам ISO 14001 халықаралық стандартқа сәйкестік сертификатынан өткен және ЭМЖ үнемі жетілдіру жұмыстарын жүргізіп отырады.

Компанияның қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем сомасы мынаны құрады:

- 2018 жылы ~ 20 млн теңге;
- 2019 жылы ~ 15 млн теңге.

ҚОЫБ әзірлеуге, экологиялық сараптамаға және қоршаған ортаны қорғау өзге іс-шараларына шығындар мынаны құрады:

- 2018 жылы – 71 млн теңгеден астам;
- 2019 жылы – 107 млн теңгеден астам.

Компания Қоғам Стратегиясына және Экологиялық кодексіне сәйкес мынадай табиғат қорғау саласындағы басым даму бағыттарын айқындап отыр:

1. Атмосфераға ластаушы заттар шығаруды азайту;
2. Ақпарат берудің экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларын пайдалану;

3. Қызметті іске асыру барысында экологиялық тәуекелдер мен мүмкін экологиялық салдар есебін жүргізу;
4. Энергия тұтыну құрылымында қалпына келетін энергия көздерін пайдалану және Қоғам объектілерінде энергия сақтаушы және ресурс сақтаушы технологиялар енгізу есебінен телекоммуникация қызметтерін көрсету барысында энергия тұтыну үлесін төмендету;
5. Қоршаған табиғи ортаға ең аз жүктеме түсіретін таза, шығынсыз және энергия үнемдеуші өндірістік «жасыл» технологияларды енгізу;
6. Тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың пайда болу көлемін азайту;
7. Қоғам алып отырған аумақтарды абаттандыру және жасылдан-дыруды қоса алғанда, экологиялық қолайлы орта құру;
8. Жұмыскерлердің қоршаған ортамен байланысты мәселелерін шешудегі біліктілігі мен жете түсінуін арттыру.

2019 жылы Директорлар кеңесі компанияның экологиялық кодексінің жаңа редакциясын өзекті етіп бекітті. Онда Қоғамның қоршаған ортаға ұстанымы мен табиғат қорғаудың басым бағыттары анықталған.

2019 жылдың нәтижелері бойынша:

- филиалдарда атмосфераға зиянды заттардың рұқсат етілген шекті көлемі мен нормативтері жобалары әзірленді және атмосфераға стационарлық ластау көздерінің зиянды қалдықтарды шығаруына рұқсат алынды;
- қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жобалары әзірленді;
- экологиялық акциялар іске қосылды.

Энергия


Тозғандарының орнына жаңаларын енгізе отырып, Қоғам ресурс сақтаушы және экологиялық технологияларға таңдау жасайды. Компанияда энергия сақтау бағдарламасы іске асырылуда, ол энергия ресурстарын тиімді пайдалану және шаруашылық айналымға қалпына келетін энергия көздерін тартуға бағытталған ұйымдастыру, өндірістік, ғылыми шаралар өткізуді көздейді.

2019 жылы жанама энергия тұтынудың жалпы көлемі 2% азайды және

646 569 ГДЖ құрады


Қоғам тікелей қалпына келмейтін энергия көздерін өз қажеттіліктері үшін тұтынады, атап айтқанда: бензин, дизель отыны, көмір, табиғи газ, сондай-ақ аралық энергия (электр энергиясы), олар сыртқы көздерден сатып алынады және тұтынылады. Қоғам тікелей қалпына келетін энергия көздерін тұтынбайды.

27-сурет. Аралық энергияны тұтыну (электр энергиясы), ГДЖ



Динамикада көріп отырғанымыздай, электр энергиясын тұтыну жоспарлы төмендеуде, бұл атмосфераға ластаушы заттардың шығуының тікелей төмендеп отырғанын және қоршаған ортаға теріс әсердің төмендеуі мен климаттың ғаламдық өзгеруіне ықпал етіп отырғаны арқылы көз жеткізуге болады. Бұл ретте 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда үнемделген экономия 2% төмендеді. Бұл Павлодар, Алматы, Ақкөл қалаларындағы объектілерде алдыңғы жылдары салынған деректер өңдеу орталықтары өндірістік қуатына шығуымен байланысты. Ағымдағы энергия тұтынуды ескергенде, 2020 жылы үнемделген энергия көлемін тағы да 2% ұлғайту жоспарланып отыр.

28-сурет. Аралық энергияны үнемдеу (электр энергиясы), ГДЖ



7-кесте. Бастапқы қалпына келмейтін көздер бойынша бөлгендегі энергияны тікелей тұтынудың болжамды және нақты көрсеткіштері

Ашылуы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жылға болжам
Отын түрі	Бөліну саны, ГДЖ			
Бензин, тонна	823 423	713 649	795 553	710 500
Дизель отыны, тонна	189 557	125 881	112 890	110 640
Көмір, тонна	1 506	1 032	1 044	1 000
Газ, мың куб. м	10 256	10 107	10 009	10 105
Жиыны:	1 024 742	850 443	919 496	832 245

Резервтегі энергиямен жабдықтау көздерін сатып алу барысында біз энергия тиімділігі критерийін басшылыққа аламыз. Компания көп жағдайда отын мен зиянды қалдықтар тұтыну тиімділігіне мейлінше қатаң талап қоятын көшбасшы еуропалық өндірушілер (Wilson) дизель генераторларын пайдаланады.

Су тұтыну


Қоғам қызметі су жинауға айтарлықтай әсер етпейді, алайда біз суды пайдалануды қысқартуға ұмтыламыз.

Компания бөлімшелерін сумен қамтамасыз ету үшін негізінен сумен жабдықтау ұйымдарының жүйелеріндегі су пайдаланылады. Су алу екі шығыс көздерінен жүргізіледі – жерасты сулары (скважиналар) және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қорғауындағы жерүсті сулары (өзендер, көлдер, теңіздер).



Жалпы алғанда компания бөлімшелерінің суды алуы 2019 жылы жылына 376 200 м3 болды, бұл алдыңғы көрсеткішпен салыстырғанда 4.3%. Ұйымның су жинау орны барлық су объектісінің орташа жылдық көлемінің 5% жетпейді, сондықтан су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. 2020 жылға жоспарлы/болжамдық мандер 343 289 м3. Компания бөлімшелері жыл сайын су ресурстарын ұтымды пайдалану, ауыз суды үнемді пайдалану, сумен жабдықтау желілерінде орын алған судың шығып кетуін тозған су құбырларын учаскелерін алмастыру жолымен жою, сумен жабдықтау желілерінде құрылыстарды жөндеуге бағытталған іс-шаралар өткізіп тұрады. Сонымен қатар су жинақ көрсеткіштеріне «Жылжымайтын мүлікті оңтайландыру» жобасын іске асыру аясында жылжымайтын мүлік объектілерінің кетуі бойынша іс-шаралар ықпал етті.

29-сурет. Тұтынылған су көлемі, м³



Суды телекоммуникация қызметтерін ұсыну бойынша өндіріс үдерісінде қайта пайдалану жасалмайды. Компания суды тек санитарлы-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттары үшін ғана пайдаланады. Орнатылған су тұтынуды есептеу аспаптары техникалық жағынан дұрыс жағдайда ұсталады.

Көлік

Көлік пайдалану – Қоғамның қоршаған ортаға тікелей әсері көздерінің бірі. 2019 жылдың аяғына Қоғамның көлік паркі 3 303 бірлік көлік құралы мен арнайы техниканы құрады.

Теріс әсерді төмендету мақсатында біз көлікте мотор отыны ретінде газды пайдалануға көшудеміз. Газға көшірілген көлік саны 952 бірлік, оның ішінде 2019 жылы - 336 бірлік.

Биоалуантүрлілік

Қоғам объектілері аумағында 80 жуық қорғалатын фауна объектісі және АҚТХТ қызыл тізіміне және қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне кіргізілген 136 фауна түрі таралған аумақтарда орналасқан 15 айрықша қорғалатын орынды қамтиды.

Жерүсті тіршілік ету ортасын айналып өту жолақтарында құрылыстың теріс әсерінің алдын алу және жою мақсатында мынадай шараларға қолдау жасалады:

- тіркелген байланыс инфрақұрылымы объектілерін орналастыру және желіжолдық инфрақұрылымның өзге түрлері үшін айналып өту жолақтарын салу, басты табиғи аумақтарды тиіспей, кіреберіс жолдар, желіжолдар, бағандар тұрғызу, мүмкін болған жерлердің барлығында қолданыстағы инженерлік коммуникация трассалары мен тасымал дәліздерін пайдалану;
- жергілікті өсімдіктер түрлерін пайдалана отырып, қопарылған жер учаскелерінде өсімдік қабатын қалпына келтіру.

Құстардың инфрақұрылым объектілерімен соқтығысын төмендету үшін мынадай бақылау-алдын алу шаралары қабылданады:

- инфрақұрылымды басты биотоптар шегіне орналастыру;
- тиісі бағандар немесе стансалық құрылыстарда орналасқан антенналарға коммулятивті ықпалға жол бермеу, жаға бағандар жобалау барысында алдағы уақыттарда қосымша пайдаланушыларды қосу, сондай-ақ пайдаланылмайтын бағандарды бөлшектеу мүмкіндігімен конструктивті және электротехникалық мүмкіндіктер қарастыру.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі бөлігіндегі заңнама талаптарын сақтайды және әлеуетті экологиялық залал жағынан аумақты сәйкесінше бағалауды қарастырады және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізеді. «Қазақтелеком» АҚ жобалары құрамына қоршаған ортаға ықпалды бағалау (ҚОЫБ) және жер учаскелерін қайта культивизациялау секілді міндетті түрде келтірілген экологиялық залалды жою бойынша іс-шаралар міндетті түрде кіргізілген.

Біздің экологияны жақсартуға қосқан үлесіміз

Қорғашан ортаға теріс әсерді төмендету іс-шараларынан өзге, Қоғам экология саласында бастамашылық жобаларды іске асырады.

- **Жұмыскерлерге арналған электронды цифрлық қолтаңба.** Қоғамда қағазбен жүргізілетін құжат айналымы көлемін төмендету үшін электронды цифрлық форматта құжаттарға бұрыштама қою мүмкіндігімен электронды құжат айналымы енгізілді.
- 2019 жылы компания жұмыскерлеріне арналып **тұрақты даму бойынша вебинар өткізілді.**
- **«100 кг макулатура – бір ағашты қорғап қалады».** Ақпараттық жүйелер дирекциясы Қоғам филиалдары арасында алғаш рет әрі қарай өңдеу мақсатымен макулатура жинау үшін урнолардың орнына экокостар орнатты. Бір айда жұмыскерлер 100 кг астам қағаз жинады. Осылайша, дирекция ұжымы облыс экологиясын сақтауға көмектесуде. 2020 жылдан бастап Қоғамда қоқыстарды бөліп жинауды енгізу жоспарлануда.

- **«Орманды сақтай отырып, болашақты сақтаймыз» жобасы.** 2019 жылы Корпоративтік бизнес дивизионы клиенттерге қағазсыз қызмет көрсетуге көшу жобасы іске асырылды. Енді B2B абоненттеріне шарттар жасап, орындалған жұмыстар мен шот-фактуралар алу үшін сервис жүйесі орындарына келудің қажеті жоқ. Құжаттар ай сайын ISMET.kz-ке орналастырылып отырады. Қызмет көрсету уақыты 1-2 күннен 10 минутқа дейін қысқартылды. Жоба 2000 жуық ағашты сақтап қалуға мүмкіндік берді.
- Клиенттерге шарттар жасап, орындалған жұмыстар мен корпоративтік сату орталықтарына бармай-ақ шот-фактуралар алуға мүмкіндік беретін **«қағазсыз форматқа» көшу бойынша жобаны** іске асыру басталды. Барлық материалдар электронды түрде ismet.kz порталындағы жеке кабинетте орналастырылады. Оған қосымша жеке кабинетте қызметтер төлемін жүргізіп, ЭЦҚ арқылы құжатқа қол қоюға және тұтынылған қызметтер бойынша толық ақпарат алуға болады. Қызмет көрсету уақыты 1-2 күннен 10 минутқа дейін қысқартылды. Шарттар мен қосымша келісімдер саны 2019 жылы 2,5 мыңды құрады. Абоненттерге 5,5 млн орындалған жұмыс актілері мен шот-фактура электронды түрде ұсынылды.
- Біздің компания **«Бірге таза Қазақстан»** экологиялық акциясын қолдады. 1800 астам жұмыскер «Бірге таза Қазақстан» экологиялық марафонына қатысып, жалпы республикалық сенбілікке қатысты. Акцияның мақсаты туған өлке табиғатын сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты көзқараспен қарау болып табылады.

A photograph of two men in business suits shaking hands in a modern office. The man on the left is holding a briefcase. They are standing in front of a large window that offers a panoramic view of a city skyline. The scene is brightly lit, suggesting a sunny day. The overall atmosphere is professional and positive.

Корпоративтік басқару

2019 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

Директорлар кеңесі:

119

Басқарма:

246



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тұрақты даму саласындағы бастама #7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН КӨТЕРУ

Тиімді басқару құрылымы компанияны корпоративтік басқарудың негізі болып табылады. Ол акционерлік қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғаның құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде беделінің нығаюына, қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті сақтап тұруға септігін тигізеді.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлік қоғам қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығынан тұрады. Органдардың құзыреттілігі және шешімдер қабылдау тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Жарғысында анықталып бекітілген.

Қызметтің басты көрсеткіштер (ҚБК) жүйесі «Қазақтелеком» АҚ атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі болып табылады. Акционерлік қоғам ҚБК тізбесі мен мақсатты мәндерін Директорлар кеңесі бекітеді. ҚБК-ға қол жеткізу мақсатында компания тиісті даму жоспарларын әзірлейді.

Басқару органдары


Акционерлік қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1. жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;**
- 2. басқару органы – Директорлар кеңесі;**
- 3. атқарушы орган – Басқарма;**
- компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, тәуекелдерді ішкі бақылау, басқару саласындағы және корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ акционерлік қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – **Ішкі аудит қызметі.**

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есепті болу қағидаты негізіне құрылған.

Басқарма құрамының мүшелері – 9, Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесі сайлайтын басқа да тұлғалар.

30-сурет. «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік құрылымы





«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) акционерлік қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын, сондай-ақ Басқарманың қызметін бақылайтын орган.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, акционерлік қоғамның Жарғысында және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің бұдан бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда кезектен тыс жалпы жиналыста қайта сайланады.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін кандидатуралар:

1. акционерлер – жеке адамдардан;
2. Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
3. компанияның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан ұсынылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелері өз міндеттерін орындау үшін тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктерге және іскери және/немесе салалық салада және акционерлер мен акционерлік қоғамның мүддесі үшін тұтас Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруда мінсіз беделге ие болу керек.

2020.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы мына адамдардан тұрады:

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов
- Қуанышбек Бақытбекұлы Есекеев
- Абай Савитұлы Алимов
- Ерулан Айташұлы Құсайынов
- Серік Болатұлы Саудабаев

Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар:

- Алексей Николаевич Буянов
- Гарретт Мартин Джонстон
- Дмитрий Александрович Заика
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 мамырдағы (№ 6 хаттама) шешімімен Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.



БАЙДӘУЛЕТОВ Нұржан Тәліпұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы
«Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі
(5 570 668 жай (дауыс беретін) акция)

Туған күні:

1960 жылғы 1 қыркүйек

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2012 жылғы 8 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Білімі:

2017–2019

Ұлыбританияның Директорлар институтының IOD директорларын сертификаттаудың халықаралық бағдарламасы

09.1977–06.1986

Мәскеу теміржол көлігі институты. Мамандығы: Теміржол көлігінде тасымалдау үдерістерін басқару

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

17.04.2016 – қазіргі уақытта

«Самұрық-Қазына» АҚ «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (04.12.2018 бастап), «Qazak Air» АҚ (01.04.2019 дейін), «Эйр Астана» АҚ (31.05.2019 дейін) Директорлар кеңесіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

02.06.2014 – 17.04.2016

«Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директор

27.11.2008–01.06.2014

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директор



ЕСЕКЕЕВ

Қуанышбек Бақытбекұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы

Туған күні:

1975 жылғы 10 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2006 жылғы 16 желтоқсан

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Білімі:

2015–2017

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: Қаржы

Дәрежесі: Executive MBA

2001–2002

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы

Мамандығы: Менеджмент

1991–1995

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті

Мамандығы: Қолданбалы математика

Математика ғылымдарының кандидаты

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.03.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ. Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

23.02.2007–15.03.2010

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төраға



АЛИМОВ

Абай Савитұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционер – Skyline Investment Company өкілі

Туған күні:

1975 жылғы 29 қазан

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 19 қараша

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 19 қараша

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Білімі:

1998–2000

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ ұлттық басқару академиясы

Мамандығы: Қаржы және кредит

1993–1997

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті.

Мамандығы: Құқықтану

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

05.2018 – қазіргі уақытта

Skyline Investment Company. Өкіл

01.2018 – қазіргі уақытта

«Parasat Advising Group» ЖШС. Басқарушы директор

08.2016–12.2017

«КИПРОС» ЖШС. Басқарушы директор

03.2010–12.2015

«PetroKazakhstan» мұнай холдингі.

Құқықтық мәселелер жөніндегі директор



САУДАБАЕВ Серік Болатұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі
«Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі
(5 570 668 жай (дауыс беретін) акция)

Туған күні:

1977 жылғы 8 желтоқсан

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2010 жылғы 12 шілде

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Білімі:

2004–2006

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті. Мамандығы: Экономика

1995–1999

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. Мамандығы: Құқықтану

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

02.05.2018 – қазіргі уақытта

«Самұрық-Қазына» АҚ

Активтерді басқару дирекциясының

«Коммуникациялар» секторының басшысы, «QazCloud»

ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі (07.11.2019 бастап),

«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

(13.08.2010-01.04.2014, 26.10.2016-қазіргі уақытта)

11.07.2016–01.05.2018

«Самұрық-Қазына» АҚ

Коммуникациялар дирекциясының директоры

11.05.2014–10.07.2016

«Самұрық-Қазына» АҚ. Бас директордың активтерді басқару жөніндегі орынбасары

17.06.2010–10.05.2014

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ.

Коммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор



ҚҰСАЙЫНОВ Ерулан Айташұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционер – Skyline Investment Company өкілі

Туған күні:

1976 жылғы 28 қаңтар

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Білімі:

2012–2013

Я. Коменский атындағы университет (Прага қ., Чехия).

Мамандығы: Іскери әкімшілендіру магистрі

2001–2005

О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті.

Мамандығы: Қаржы және кредит

1993–1996

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды

банк колледжі. Мамандығы: Банк ісі

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

12.2014 бастап

«Damina» білім беру орталығы» ЖШС бас директоры,

Khan Tengri Holding B.V. Директорлар кеңесінің мүшесі

(02.08.2019 бастап) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

Қадағалау кеңесінің мүшесі (09.08.2019 бастап)

04.2016–07.2017

«Қазкоммерцбанк» АҚ. Атқарушы директор, Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

07.2014–10.2014

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС. Бас директордың орынбасары

08.2006–12.2013

«Темірбанк» АҚ. Басқарма төрағасының кеңесшісі, басқарушы директор, Басқарма мүшесі, филиал директоры,

басқарушы директор – Басқарма мүшесі, Басқарма

төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі



БУЯНОВ

Алексей Николаевич

Тәуелсіз директор

Туған күні:

1969 жылғы 15 тамыз

Азаматтығы:

Ресей Федерациясы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

1986–1992

Мәскеу физика-техникалық институты (МФТИ).

Мамандығы: Қолданбалы физика және математика.

Біліктілігі: инженер-физик

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

2016 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытта Bengala Investments SA инвестициялық компаниясы, директор, «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (25.01.2019 бастап)

2014–2016

Redline Capital Management, басқарушы директоры, «Московская Биржа» ААҚ, Биржа кеңесінің мүшесі



ГАРРЕТТ

Мартин Джонстон

Тәуелсіз директор

Туған күні:

1968 жылғы 22 шілде

Азаматтығы:

Ирландия, Ресей Федерациясы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

1990–1991

Тринити колледжі, Дублин, Ирландия

Мамандығы: Халықаралық сауда, ТМІ дәрежесі (Postgraduate Diploma International Commerce)

1985–1990

Дублин университеті, Мамандығы: Экономика

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.06.2015 – қазіргі уақытта appselekt.com. Chief Marketing Officer

01.10.2014 – қазіргі уақытта appselekt.com. Chief Marketing Officer

15.01.2014–30.09.2014

Digicel Caribbean and Central America. CEO Enterprise Solutions

27.12.2011–11.01.2014

Rosnano MedInvest (RMI Partners).

Маркетинг және стратегия жөніндегі вице- президент



ЗАИКА

Дмитрий Александрович

Тәуелсіз директор

Туған күні:

1975 жылғы 27 сәуір

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

2003–2005

Қазақ мемлекеттік экономика университеті

Мамандығы: Қаржы менеджменті

Біліктілігі: экономист (үздік диплом)

1992–1998

Алматы энергетика және байланыс институты

Мамандығы: Радиотехника

Біліктілігі: радиоинженер

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

20.04.2012–15.08.2016

«АЛТЕЛ» АҚ, Тәуелсіз директор

29.08.2011 – қазіргі уақытта

«Химфарм» АҚ, Тәуелсіз директор



НАЙЗАБЕКОВ

Тимур Құрманғазыұлы

Тәуелсіз директор

Туған күні:

1983 жылғы 21 сәуір

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Акцияларға иелік етуі: Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

2014–2015

Лондон университет колледжі (UCL)

2005–2007

Халықаралық бизнес университеті.

Қаржы магистрі

2000–2004

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Математика және бизне-

стегі ақпараттық жүйелер бакалавры

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

04.2016–09.2017

«Estate Management Company» АҚ, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Ішкі аудит комитетінің, Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылау комитетінің мүшесі

09.2015–04.2016

«Commercial RE» ЖШС.

Қаржы директоры, бас директор

09.2014–09.2015

Union Bancaire Privée (Ұлыбритания).

Қаржы аналитигі/Еуропалық акциялар нарығы

10.2012–07.2014

Ұлттық инвестициялық корпорация.

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі/Басқарма төрағасының кеңесшісі



Есепті жылы Директорлар кеңесінің құрамында 4 тәуелсіз директор жұмыс істеді және олар Қазақстан Республикасы заңнамасының «тәуелсіз директор» деген ұғымға қоятын талаптарына толық сәйкес келді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына сәйкес қоғамның директорлар кеңесі құрамының кемінде 30% тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

«Қазақтелеком» АҚ-да бұл талап орындалып отыр, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны ең төменгі шектен асып, 44% құрайды.

Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздігін анықтау критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес тәуелсіз директор:

- аталған акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын;

- аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған;
- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі.

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Мәселелерді мейлінше терең және сапалы пысықтау үшін Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға көмек көрсету мақсатында Директорлар кеңесі жанында мынадай комитеттер құрылды:

1. **Аудит комитеті;**
2. **Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті;**
3. **Стратегиялық жоспарлау комитеті;**
4. **Мобильдік сегмент бойынша интеграциялық комитет.**

Директорлар кеңесі комитеттерді құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сан құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімдерін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін анықтайды.

Барлық комитеттің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен реттеледі, онда құрамы, біліктілігі, комитет мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелер қамтылады.

Аудит комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беру органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2010.01.03 № 2 хаттама) Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Аудит комитетінің қызметі акционерлік қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдарды дайындау жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде сәйкес Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан құралған, олар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көзделген тәуелсіз директорларды тану критерийлеріне сәйкес келеді.

2020.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі:

Аудит комитетінің құрамы:

- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор.

Комитет мүшелері:

- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор;
- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор.

Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес комитет төрағасы отырыстарға күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат беру үшін:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін;
- Ішкі аудит қызметінің басшысын;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдерін;
- Қоғамның жұмыскерлерін (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар) шақырды.

Аудит комитеті комитет туралы ереженің 16-тармағына сәйкес тұрақты түрде тоқсанына кемінде бір рет қатысу тәртібіндегі отырыстарын және қажеттілігіне қарай кезектен тыс отырыстарын өткізіп тұрады.

2019 жылы Аудит комитеті қатысу тәртібінде 11 отырыс өткізді. Онда 35 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді, оның ішінде мынадай мәселелер бар: Ішкі аудит қызметінің жұмысы, ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік, сыртқы аудит және басқа да маңызды мәселелер.

Комитет 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді.



2019 жылы Аудит комитетінің отырыстарына ДК мүшелерінің қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 01.02	№ 2 05.03	№ 3 18.03	№ 4 23.04	№ 5 21.05	№ 6 11.06	№ 7 22.07	№ 8 09.09	№ 9 30.10	№ 10 01.11	№ 11 29.11	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы
Т.Қ.Найзабеков	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	-	+	-	+	+	+	+	-	+	Авиарейсті ауыстыру(дәлеллі себеп.)	72,73%
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%

Аудит комитеті аудиторлық үдерісті мұқият қадағалайды, ішкі аудит қызметімен тұрақты түрде өзара іс-қимыл жасайды, сыртқы аудитормен, сондай-ақ аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсететін компаниялардың өкілдерімен кездесу өткізеді.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті

өз қызметінде толығымен акционерлік қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2015.18.03 № 2 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау комитеттің міндеттері болып табылады:

1. акционерлік қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің құрамына, еншілес ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ Басшы жұмыскерлердің лауазымдар тізбесіне сәйкес өзге де басшыларды кадрлық тағайындау;
2. компанияның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларын уәждеу және сыйақылау жүйелері;
3. компания жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау;
4. демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
5. Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамы мынадай:

Комитет төрағасы:

- Буянов Алексей Айташович – тәуелсіз директор¹.

Комитет мүшелері:

- Ерулан Айташұлы Құсайынов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Серік Болатұлы Саудабаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор;
- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес комитет төрағасы отырыстарға баяндамашылар, қадағалаушылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат беру үшін:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін;
- Қоғамның жұмыскерлерін (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар);
- Басшы жұмыскерлердің лауазымдар тізбесіне сәйкес басшы лауазымдарға кандидаттарды шақырды.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті 2019 жылы қатысу тәртібімен 10 отырыс өткізді, онда 34 мәселе қаралып, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Атап айтқанда, мынадай мәселелер: Қоғам Басқармасының құрамына жұмыскерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшылары лауазымдарына тағайындау, басшы жұмыскерлерге ҚБК бекіту, еңбекке ақы төлеу, персоналды басқару және басқа да мәселелер.

¹ А.Н. Буянов ДК 2019 жылғы 6 ақпандағы шешімімен комитет төрағасы болып сайланды.

2019 жылы Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің отырыстарына ДК мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 22.01	№ 2 11.03	№ 3 19.03	№ 4 29.03	№ 5 23.04	№ 6 28.05	№ 7 22.07	№ 8 05.11	№ 9 13.11	№ 10 25.12	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Д.А.Заика	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
С.Б. Саудабаев	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	Үкіметте мәжіліс	90%
Гарретт Мартин Джонстон	+	-	+	+	+	+	+	+	-	+	Авиарейсті ауыстыру	80%
Е.А.Құсайынов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Т.Қ.Найзабеков	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%

Комитет өз жұмысында «Қазақтелеком»

АҚ Жарғысын, акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережені, Директорлар кеңесінің шешімдерін мүлтіксіз басшылыққа алды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2010 жылы құрылды. Стратегиялық жоспарлау комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беру органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен (2010.19.11 № 14 хаттама) бекітілген Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттері ұзақ мерзімді перспективада акционерлік қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, компанияның басым қызмет бағыттарын және оның даму стратегияларын анықтау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну болып табылады.

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы мынандай:

Комитет төрағасы:

- Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор¹

Комитет мүшелері:

- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор;
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор;
- Ерулан Айташұлы Құсайынов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Серік Болатұлы Саудабаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Абай Савитұлы Алимов – Директорлар кеңесінің мүшесі.

Комитеттің төрағасы отырыстарға қадағалаушылар, баяндамашылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат ұсыну үшін:

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелерін;
- Қоғамның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басшы және өзге жұмыскерлерін;
- консалтингтік компаниялардың өкілдерін шақырды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті комитет туралы ереженің 15-тармағына сәйкес комитеттің шешімімен бекітілген жыл сайынғы жоспар бойынша тоқсанына кемінде бір рет, кезектен тыс отырыстарын қажеттілігіне қарай өткізіп отырады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2019 жылы қатысу тәртібімен 10 отырыс өткізіп, онда 22 мәселе қарады және олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Бұл швед акционерінен Khan Tengri Holding B.V компаниясының акциялар пакетін сатып алу, бизнес-жоспарлау, Қоғамның акционерлік құнын арттыру стратегиясын мақұлдау, консультациялық қызметтерді тарту, стратегиялық жобаларды іске асыру және Қоғам қызметінің басқа да маңызды мәселелері.

¹ ДК 2019 жылғы 6 ақпандағы шешімімен комитет төрағасы болып сайланды.



2019 жылы Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырыстарына ДК мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 05.02	№ 2 11.03	№ 3 26.03	№ 4 09.04	№ 5 02.05	№ 6 22.05	№ 7 21.06	№ 8 22.07	№ 9 09.09	№ 10 05.11	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	Авиарейсті ауыстыру	90%
Г.М. Джонстон	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	Авиарейсті ауыстыру	90%
Т.Қ.Найзабеков	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
А.С.Алимов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Е.А.Құсайынов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
С.Б.Саудабаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%

Комитет ұзақ мерзімді перспективада қызмет тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, компанияның басым қызмет бағыттарын және оның даму стратегияларын анықтау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну міндетін толықтай шешеді.

Мобильдік сегмент бойынша интеграциялық комитет

Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды (2019.18.03 № 8 хаттама) және Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беру органы болып табылады, өз қызметін Директорлар кеңесінің 2019.18.03 № 8 шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Интеграциялық комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2019 жылы Интеграциялық комитеттің құрамы мынандай:

Комитет төрағасы:

- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор.

Комитеттің мүшелері:

- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор;
- Ерұлан Айташұлы Құсайынов – Директорлар кеңесінің мүшесі;

- Александр Владимирович Лезговко – «Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры;
- Тимур Тельманович Худайбердиев – «Қазақтелеком» АҚ бизнесті қамтамасыз ету және қолдау жөніндегі бас директоры;
- Наталья Валерьевна Лян – «Қазақтелеком» АҚ сыртқы активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры;
- Роман Владимирович Володин – «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС бас директоры;
- Кукелис Каспарс – «Кселл» АҚ Басқарма төрағасы.

Интеграциялық комитет «Қазақтелеком» АҚ мобильді операторлардың технологиялық инфрақұрылымын интеграциялау кезеңінде құрылған.

Интеграциялық комитет 2019 жылы 6 отырыс өткізді. Онда 19 мәселе қаралды, оның ішінде интеграция бойынша консультант – «МакКинзи и Компания Казахстан» ЖШС жұмыс нәтижелері (мобильдік операторлардың желілерін интеграциялау шеңберінде интеграция бойынша кешенді мастер-жоспар, мақсатты операциялық моделі бойынша, радиоқатынау желісінің (RAN) және Core желісінің мақсатты архитектурасы бойынша, вендорлық стратегия бойынша ұсынымдар, синергияны бағалау), интеграция бойынша мастер-жоспар келісілді, РЖС бөлу және мобильдік операторлардың технологиялық инфрақұрылымдарын интеграциялау бойынша басқа маңызды мәселелер.

2019 жылы Интеграциялық комитеттің отырыстарына ДК мүшелерінің қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 26.03	№ 2 09.04	№ 3 16.05	№ 4 06.08	№ 5 10.09	№ 6 18.11	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+		100%
Д.А.Заика	+	+	+	+	+	+		100%
Е.А.Құсайынов	+	+	+	+	+	+		100%

Комитеттердің жұмысын бағалай келе, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері өз міндеттерін орындау барысында компанияның мүдделерін көздеп, адал және орынды әрекет ететінін атап өту қажет. Комитеттер есепті жылы комитеттер туралы

ережелерге, Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Директорлар кеңесінің тапсырмаларына, сондай-ақ комитеттердің 2019 жылға жұмыс жоспарларына сәйкес акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген мақсаттарын, міндеттері мен функционалдық міндеттерін орындады.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында акционерлік қоғамда Корпоративтік хатшы институты жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктерінің мерзімін, функцияларын және қызмет тәртібін анықтайды.

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және ҚР заңнамасының нормаларына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес компания мен акционерлердің арасында, сондай-ақ компанияның органдары арасында өзара анық және тиімді іс-қимылды қамтамасыз етеді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіқалықов мемлекеттік марапаттарға, «Үздік байланысшы» салалық атағына ие. «Самұрық-Қазына» қоры компаниялары тобының үздік корпоративтік хатшыларының бірі деп танылды. Корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру бойынша түрлі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы.



2019 жылы Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі өз отырыстарын жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізеді. 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 19 отырыс өткізді, оның 16-сы қатысу тәртібінде және 3-еуі сырттай дауыс беру нысанында өткізілді.

- 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына 119 мәселе шығарылды. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 2019 жылы қабылдаған ең маңызды шешімдердің ішінен мыналарын атап өту қажет:
- «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшелерін жаңа мерзімге сайлау туралы;
 - «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы;
 - 2018 жылға «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, Аудит, Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеттерінің есептері;
 - «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Сервистік фабрика құру туралы;
 - Қоғам акционерлерінің талабы бойынша орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы;

- 2018 жылға «Қазақтелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен мәмілелер жасасу туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Мобильдік сегмент бойынша интеграциялық комитетін құру туралы;
- 2019 жылға «Қазақтелеком» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің басты көрсеткіштерін есептеу карталары мен әдістемелерін бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Омбудсмені туралы;
- Khan Tengri Holding B.V. 49% акциясын сатып алу туралы;
- 2018 жылға «Қазақтелеком» АҚ жылдық есебін және тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ есебін бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Іскери әдеп кодексін бекіту туралы;
- 2019-2023 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ тобының ҚБК (қызметтің басты көрсеткіштері) және бизнес-жоспарын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдары туралы ережелерді бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ облигацияларын сатып алу туралы (ISIN KZX0000000039);
- «Қазақтелеком» АҚ Экологиялық саясатын бекіту туралы;
- 2019-2029 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясын бекіту туралы.

Тұрақты негізде (тоқсан сайын):

- «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшелерінің;
- Ішкі аудит қызметінің;
- «Қазақтелеком» АҚ стратегиясын орындау бойынша;
- ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы;

- акционерлік қоғамның жоспарын іске асыру туралы;
- 2019-2021 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы;
- тәуекелдер туралы;
- шешімін «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы қабылдаған жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер қаралады.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау саясаты туралы ақпарат

Есепті жылы Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау мәселелері 2018 жылғы 15 ақпанда бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларымен реттелді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жалпы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшының жұмыс тиімділігін талдау жүргізуге, халықаралық үздік тәжірибелер және стандарттармен салыстырғанда Директорлар кеңесі жұмысының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жасырын резервтері мен пайдаланылмаған әлеуетін анықтауға бағытталған.

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің компанияның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды айқындап, Директорлар кеңесінің жұмысын одан әрі жақсарту шараларына ұсыным беруге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексімен және жоғарыда аталған қағидалармен Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс аясында жыл сайынғы бағалау өткізу көзделген. Бұл ретте кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, бағалау жүргізіледі. Сауалнамаға және/немесе сұхбат алуға қатысуды қоспағанда, ешқандай директорды оның қызметін бағалау үдерісіне тартуға болмайды.

2019 жылғы желтоқсан айында «Қазақтелеком» АҚ ДК мүшелері сауалнама жүргізу арқылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізді. Сауалнамаға қатысқан барлық қатысушыға қатысты құпиялылықты сақтау қажеттілігін ескере отырып, ДК мүшелерінен алған бағалау нәтижелерінің негізінде ДК шешімімен 2019 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне оң баға берілді.

Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері 2019 жылғы өз қызмет нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі тарапынан оң баға алды.

Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылау туралы ақпарат

Тәуелсіз директорларды сыйақылау талаптары олармен жасалған шарттарда көрсетілген. Тәуелсіз директорларды қоспағанда, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын тегін жүргізеді.

Тәуелсіз директорлар бола отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері жылдық белгіленген сыйақы және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады. Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына келуіне байланысты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына, сондай-ақ акционерлердің, Директорлар кеңесі төрағасының және/немесе Қоғам Басқармасының бастамасымен шақырылатын және тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарға қатысқаны үшін шығыстары (жол жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы, сканерлеу, ксерокөшіру, факс, құжаттарды басып шығару, теру қызметтері, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау, курьер және пошта қызметі) өтеледі. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын орындағаны үшін сыйақы төлеу акционерлік қоғамның

2019 жылы ДК отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 03.01 сырттай	№ 2 15.01	№ 3 22.01	№ 4 06.02	№ 5 28.02 сырттай	№ 6 01.3	№ 7 12.03	№ 8 18.03	№ 9 29.03	№ 10 09.04	№ 11 02.05	№ 12 13.05	№ 13 22.05	№ 14 28.05	№ 15 23.07	№ 16 10.09	№ 17 06.11	№ 18 13.11	№ 19 05.12 сырттай	
Н.Т. Байдәулетов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Қ.Б.Есекеев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
А.С.Алимов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Е.А.Құсайынов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
С.Б.Саудабаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
А.Н.Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+
Д.А.Заика	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Т.Қ.Найзабеков	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+



Директорлар кеңесіне сайланған тәуелсіз директорларға ғана жүзеге асырылады. «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 39 хаттама және 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 46 хаттама шешімдеріне сәйкес жылдық белгіленген сыйақының және Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақының мөлшерлері:

1. «Қазақтелеком» АҚ әрбір тәуелсіз директоры үшін жылдық белгіленген сыйақы мөлшері:

- Қазақстан Республикасының бейрезидентіне – 45 000 АҚШ доллары;

- Қазақстан Республикасының резидентіне – 11.09.2019 жылға дейін 6 660 000 теңге, 11.09.2019 жылдан бастап 16 650 000 теңге.
 - 2. Директорлар кеңесі комитетінің қатысу тәртібіндегі, сондай-ақ теле-бейне конференцбайланыс арқылы өткізілетін әрбір отырысына қатысқаны үшін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір тәуелсіз мүшесі үшін қосымша сыйақы мөлшері:
- Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне – 500 АҚШ доллары;
 - Қазақстан Республикасының резиденттеріне – 11.09.2019 жылға дейін 75 000 теңге, 11.09.2019 жылдан бастап 185 000 теңге.

2019 жылға тәуелсіз директорларға төлемдер

ДК мүшелері – тәуелсіз директорлар	Валюта	Жылдық белгіленген сыйақы сомасы	Комитеттердің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы сомасы	2019 жылдың қорытындысы
ҚР бейрезиденттері (2 адам)	АҚШ доллары	90 000	30 500	120 500
ҚР резиденттері (2 адам)	теңге	19 400 870	6 750 000	26 150 870

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес барлық

мүдделі тұлға үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметті ашып көрсетеді.

БАСҚАРМА

Басқарма акционерлік қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында оның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.



ЕСЕКЕЕВ

Қуанышбек Бақытбекұлы

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы

Туған күні:

1975 жылғы 10 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

2010 жылғы 15 наурыз

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

2019 жылғы 6 ақпан

Акцияларға иелік етуі: иелік етпейді

Білімі:

Жоғары. Математика ғылымдарының кандидаты

1991–1995

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Мамандығы: қолданбалы математика, Математика ғылымдарының кандидаты

2001–2002

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы. Мамандығы: менеджмент

2015–2017

Hult Business School, London, GB.

Мамандығы: қаржы
Дәрежесі: Executive MBA

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

23.02.2007–15.03.2010

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, төраға

15.03.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «QazCloud» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: жоқ



ӨЗБЕКОВ

Асхат Архатұлы

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі,
«Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

Туған күні:

1980 жылғы 18 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына
алғашқы сайланған күні:

27.09.2016

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына
ағымдағы сайланған күні:

14.03.2017

Акцияларға иелік етуі: иелік етпейді

Білімі:

жоғары.

1996–2000

«Тұран» университеті

Мамандығы: халықаралық экономика

**Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және
атқарған лауазымдары:**

02.2012–12.2014

KMG EP International, қаржы директоры

01.2015 – по настоящее время

қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, басқарушы дирек-
тор – бас қазынашы, басқарушы директор – қаржы бақы-
лаушысы, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директор-
лар кеңестеріндегі мүшелігі:**

жоқ

**Компания акцияларына, жеткізушілердің және компа-
ния бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:** жоқ



МАХАНБЕТӘЖИЕВ

Батыр Әпенұлы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі,
«Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басқару
жөніндегі бас директоры

Туған күні:

1972 жылғы 12 наурыз

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Шетел валютасында тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасау күнінде қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құнымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды есептеу кезінде туындайтын пайда немесе залал баптың әділ құны өзгерісінен пайда немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни, әділ құны бойынша қайта бағалаудан пайдасы мен залалы БЖК немесе пайда не залал құрамында танылатын баптар бойынша бағамды қайта есептеуден бағам айырмашылықтары тиісінше БЖК немесе пайда не залал құрамында танылады).

Мына кестеде шетел валюталарының теңгеге шаққандағы бағамы берілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	382,59	384,20
Еуро	429,00	439,37
Ресей рублі	6,16	5,52

«КТ-АЙИКС» ЖШҚ (Ресей) шетелдегі бөлімшенің функционалдық валютасы ресей рублі болып табылады. Шетелдік бөлімшелердің активтері және міндеттемелері шоғырландыру барысында есепті күнде қолданыстағы теңгеге шаққандағы бағам бойынша қайта есептеледі, ал мұндай бөлімшелердің жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есептің баптары мәміле жасау сәтіндегі қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеуде туындаған бағамдық айырма өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Бизнесті біріктіру және гудвил

Объединение бизнеса учитывается с использованием метода пБизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алынатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесі және сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген өтеу сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша әрбір мәміле үшін Топ сатып алатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділ құны бойынша, не сатып алынатын компаниядағы таза активтерге сәйкесетін бара-бар үлес бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді және белгілейді. Бұған туынды құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алуға тиесілі шартты өтеу сатып алу күніне әділ құны бойынша танылады. Меншікті капитал ретінде жіктелген шартты өтеу қайта бағаланбайды, ал оның келесі өтеуі капитал құрамында ескеріледі. Қаржылық құрал болып табылатын актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтеу 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) қолдану саласына жатады және әділ құны бойынша бағаланады. Ал әділ құнының өзгерістері 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) сәйкес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) қолдану саласына жатпайтын өзге шартты өтеу әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнының өзгерісі пайда мен залал құрамында танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады (берілген өтеу сомасының және танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің артуы ретінде анықталатын) және бұдан бұрын сатып алушыға қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталады.

Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтің және барлық қабылданған міндеттеменің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс соманы бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген өтеу таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді тестілеу үшін гудвил Топ еншілес ұйымды сатып алған күнінен бастап сатып алынатын еншілес ұйымның өзге де активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша қаражатын өндіретін Топтың әрбір бірлігіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктің бір бөлігін құраса және осы бірліктің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша қаражатын өндіретін бірліктің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар

Қауымдастырылған ұйым – бұл қызметіне Компания елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдерді қабылдауға қатыса алатын, бірақ осы саясатты бақылай алмайтын немесе бірлесіп бақылай алмайтын өкілеттік.

Елеулі ықпалдың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарды бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың қауымдастырылған ұйымдарына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға инвестиция басында бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны нәтижесінде сатып алу күнінен кейін туындаған тәуелді ұйымның таза активтерінде Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Қауымдастырылған ұйымға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді.

Егер қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесі сенімсіз активті қауымдастырылған ұйымға салуға айырбас ретінде сатып алынса, Топ (а) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес әділ құны бойынша қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесін бағалайды; және (б) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес анықталғандай, бизнес болып табылатын активтерді сату немесе салу нәтижесінде туындаған пайданы немесе залалды толық көлемде таниды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдастырылған ұйымның қызмет нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Осындай инвестиция объектілерінің БЖК өзгерістері Топтың БЖК құрамында ұсынылады. Мұнымен қатар, егер қауымдастырылған ұйымның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ осы өзгерістегі өзінің үлесін таниды және орынды жерде бұл фактіні меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ашып көрсетеді. Қауымдастырылған ұйыммен байланысты Топтың операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда және залалдар Топтың қауымдастырылған ұйымдағы бар қатысу үлесі деңгейінде алынып тасталған.

Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы немесе залалындағы Топ үлесі операциялық пайдадан тыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдастырылған ұйымның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестеріне салық салынғаннан кейінгі және есепке алынғаннан кейінгі пайда немесе залалды білдіреді.

Қауымдастырылған ұйымның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі жасалатын есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдастырылған ұйымға салған өзінің инвестициясы бойынша құнсыздандудан қосымша залалды тану қажеттілігін анықтайды. Әр есепті күнге Топ қауымдастырылған ұйымға салған инвестициялардың құнсыздандуына объективті растаулардың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда, Топ қауымдастырылған ұйымға инвестицияның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде құнсызданду сомасын есептейді және «Топтың қауымдастырылған ұйымдар залалындағы үлесі» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте залалды таниды.

Топ қауымдастырылған ұйымға елеулі ықпал етуді жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлесіп бақылауды жоғалту кезіндегі қауымдастырылған ұйымның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу арқылы ұсынады. Актив:

- оны сату қарастырылған немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сатуға арналған;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде сату қарастырылған; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болу жағдайларын қоспағанда, ақша қаражаты немесе оның баламалары Барлық өзге актив айналымнан тыс актив ретінде жіктеледі.

Міндеттеме:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделген;
- ол негізінен сауда үшін ұсталған;
- ол есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде өтелуге жатқан; немесе
- Топтың есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы болған жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады.

Контрагенттің қарауы бойынша үлестік құралдарды шығару және тапсыру арқылы реттеуге болатын міндеттеме талаптары аталған міндеттеменің жіктелуіне ықпал етпейді.

Топ барлық өзге міндеттемені ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құны бойынша бағалау

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу 47-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операция аясында активті сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құн бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция мынадай жағдайларда өтетінін қарастырады:

- не аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмағанда, аталған актив немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.

Топқа негізгі немесе мейлінше оңтайлы нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушыларының актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдалануы мүмкін жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделері үшін әрекет ететіні көзделеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

Топ бұл ретте орынды қадағалайтын шығыс деректерді барынша пайдалана отырып және қадағаламайтын шығыс деректерді мейлінше аз пайдалана отырып, туындаған жағдайларда қолдануға болатын және олар үшін әділ құны бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді осындай бағалау модельдерін пайдаланады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын барлық актив пен міндеттеме жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарық котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – бағалау модельдері, онда әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын болып табылады.
- 3-деңгей – бағалау модельдері, әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылады.

Мерзімді түрде қаржылық есептілікте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлерінің арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құн бойынша бағалау үшін мәнді болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сату үшін қолда бар котировкаланбайтын қаржылық активтерді әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалауға арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Компания басшылығы анықтайды.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік объектілері мен қаржылық активтер сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын Компанияның Аудит комитеті талқылап, бекіткеннен кейін Жұмыс тобы қабылдайды. Нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі іріктеу критерийлері болып қабылданады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелер құнының өзгерісін талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары да әрбір активтің әділетті құнының және міндеттемелердің өзгерісін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде нәтижелерді Топтың Аудит комитетіне және тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі сипаттамалары мен тәуекелдерінің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын сипаты негізінде жіктейді.



Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды олардың баланстық құны ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталатын деп жіктейді. Сату үшін ұсталатын деп жіктелген айналымнан тыс активтер және шығатын топтар екі мәннің мейлінше аз мәні бойынша – баланстық құны және сату шығындарын шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Сату ықтималдығы жоғары болып, ал актив немесе шығатын топ өзінің ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сату үшін ұсталатын объектіні жіктеу критерийі сақталған болып саналады. Басшылықтың жіктеу күнінен кейін бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану критерийіне сәйкестік күтілетін сатылымды жасауға мықты ниеті болуы тиіс.

Жіктеуден кейін сатуға арналған деп анықталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Бөлу үшін ұсталатындар деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің айналымдағы/қысқа мерзімді баптары ретінде жеке ұсынылады.

Кетуші топ, егер ол кеткен немесе сатуға арналған деп жіктелетін компанияның құрамдасы болып табылса, тоқтатылған қызмет ретінде жіктеме критерийлерін қанағаттандырады және:

- қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірді білдіреді;
- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірдің немесе қызметтің жеке негізгі бағытының кетуін жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға кіргізілген; не
- қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте

тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейін алынған пайда немесе залал ретінде бөлек баппен ұсынылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және құнсыздандудың жинақталған залалдарын шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын тану критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ оларды пайдалы қолданудың тиісті жеке мерзімдеріне сәйкес бөлек амортизациялайды. Елеулі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық өзге шығындары жатқызылу сәтінде пайда немесе залал құрамында танылады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер» бөлімінде беріледі (28-ескертепте).

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар	50
Құрылыстар	10–20
Телекоммуникация жабдығы	3–20
Өзгелері	3–20

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал (істен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізі құралдардың жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың амортизация әдістері әрбір қаржы жылының аяғында талданып, қажетіне қарай перспективалы негізде түзету енгізіледі.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге де тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік әуелден мәміле бойынша шығындарды қоса отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер шығындарды тану критерийлері орындалса, баланстық құнға осындай шығындардың туындау кезіндегі бар инвестициялық жылжымайтын мүліктің бір бөлігін ауыстыру құны қосылады және инвестициялық жылжымайтын мүліктің ағымдағы қызмет көрсету шығындары алынып тасталады. Бастапқы танудан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздандуды шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. 50 жылды құрайтын тозу пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіспен есептелінеді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану мынадай жағдайда тоқтатылады: ол істен шықса немесе ол пайдаланудан шығарылса және оны пайдаланудан болашақта ешқандай экономикалық пайда болмаса. Істен шығудың таза түсімдері мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық оны тану тоқтатылған есепті жылдың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылатын болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе оның санатынан ауыстыру жылжымайтын мүлікті пайдалану сипаты өзгергенде ғана жүзеге асырылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі орын алған жылжымайтын мүлік объектісіне ауыстырған кезде кейінгі есепке алудың шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту кезіндегі әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болса, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаты өзгергенге дейінгі негізгі құралдарды есептеу саясатына сәйкес есепке алады.

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданду салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімдерді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топтың ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар туындаған кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсызданду белгілері болған жағдайда құнсыздандуға бағаланады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация мерзімі мен әдісі ең аз дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономикалық пайданың болжалды құрылымын өзгерту амортизация мерзімін немесе әдісін өзгертеді және есеп бағасының өзгерістері ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтердің функциясы сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе залал активтің шығуынан таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылады.

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

	Жылдар
Лицензиялар және тауар белгілері	3–20
Бағдарламалық жасақтама	1–14
Клиенттік база	8–10
Өзгелері	2–15

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер болса немесе жыл сайынғы активті құнсыздану мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің (ақша қаражатын өндіретін бірлік) өтелетін сомасы мынадай мөлшерлердің ең үлкені: істен шығу шығындарын шегергендегі активтің (ақша қаражатын өндіретін бірліктің) әділ құны және активті (ақша қаражатын өндіретін бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен өзге де активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша ағынын өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнына дейін дисконтталады. Шығуы бойынша шығындарын шегере отырып, әділ құнын белгілеу кезінде жақын мерзімде болған нарықтық операциялар есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер акциялар нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын ақша қаражатын өндіретін әр бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсыздану сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінен 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқындары бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылады және есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған залалдар құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Топ гудвилді қоспағанда, әрбір есепті күнге активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған залалдардың белгісінің бар-жоғын немесе қысқарғандығын анықтайды. Егер мұндай белгі орын алса, Топ активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудың бұдан бұрын танылған залалдары құнсызданудан болған залалды соңғы таныған мерзімнен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мынадай активтердің құнсыздануы болуы анықталған жағдайда мынадай критерийлер қолданылады:

Гудвил

Гудвил құнсыздануға жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар немесе жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе, тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша қаражатын өндіретін әр бірліктің (немесе осындай бірліктер тобының) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздану залалы танылады. Гудвилдің құнсыздану залалы болашақ кезеңдерде қалпына келтірілмейді.

Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтер амортизацияланған құны, өзге жиынтық құн (ӨЖҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес модель бойынша ақша ағындары шартында көзделген сипаттамаларға байланысты. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеп бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары «борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебі болып қана табылатын» ақша ағындарын алумен негізделген болуы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құралдың деңгейінде жүзеге асырылады. «Ақшалай ағындар» критерийіне сәйкес келмейтін қаржылық активтер, ақша ағыны бизнес-модельге байланыссыз пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындай жіктеледі.

Қаржылық активтерді бағалау үшін Топ қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топтың өзінің қаржылық активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді немесе екеуін де сату нәтижесі болатынын-болмайтынын анықтайды.

Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер, шартта көзделген ақша ағынын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталады, ал өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындай жіктелетін қаржылық активтер, мақсаты шартта көзделген ақша ағынын алу әрі қаржылық активтерді сату жолымен келетін бизнес-модель аясында ұсталады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес («стандартты талаптарда» сату) белгіленген мерзімдерде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операция мәміле жасау күні, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күні танылады.

Топтың қаржылық активтеріне ақша құралдары және олардың баламалары, сауда дебиторлық берешек, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық актив кіреді.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау үшін қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта жіктеу мен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- тану тоқтатылған жағдайда жинақталған пайда мен залалды қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұйымның қалауы бойынша жіктелетін қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- пайда немесе залал арқылы бағаланатын қаржылық активтер.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Бұл санат топ үшін мейлінше өзекті. Топ мынадай екі шарт орындалса, қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- борыштың негізгі сомасына және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер болып қана табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алумен негізделген қаржылық активтің шарттық талаптары.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залалдар активті тануды тоқтатқан, ол өзгерген немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Топ сауда және басқа дебиторлық берешекті, жұмыскерлерге берілетін қарызды, банк депозиттері мен басқа да айналымнан тыс және айналымдағы қаржылық активтерді жатқызады.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын берешек құралдары жағдайында пайыздық кіріс, валюта бағасын қайта есептеу және құнсызданудан келетін залал немесе осындай залалды қалпына келтіру пайда немесе залал туралы есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер жағдайындағыдай есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Тану тоқтатылған жағдайда өзге жиынтық кіріс құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын берешек құралдары санатына Топ өзге айналымнан тыс қаржылық активтер құрамына енгізілген берешек құралдарына ауыстырылатын инвестицияларды жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтердің бір бөлігін) мынадай жағдайларда тану тоқтатылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе; не
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын тапсырса немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кешіктірмей беру бойынша міндеттемені өзіне алса; не (а) Топ іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде тапсырса, не (б) Топ тапсырмаса, бірақ активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде өзінде сақтамай, осы активтің бақылауын тапсырса.

Егер Топ активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың сақталуын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Топ тапсырмаса, оған қоса іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын өзінде сақтама, сондай-ақ активтің бақылауын тапсырмаса, Топ тапсырылған активті ондағы өзінің қатысуын жалғастырып отырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Тапсырылған актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілуі мүмкін төлемді өтеудің жоғарғы сомасы.

Құнсыздану

Топ бағалау резервін пайда немесе залал арқылы әділ емес құнымен бағаланатын барлық борыштық құралға қатысты болжалды кредиттік залалдармен (БКЗ) таниды. БКЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен алуды Топ күтіп отырған барлық ақша ағыны арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалас мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын құнсыздануды сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны көтерудің басқа механизмдерінен түсетін ақша ағындарынан тұрады.

БКЗ екі кезеңмен танылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артпаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде ықтимал (12 айлық болжалды кредиттік залалдар) дефолттардың салдарынан пайда болуы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артқан қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан (барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдар), осы қаржы құралының қалған қолданыс мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады.

Топ сауда дебиторлық берешекке қатысты БКЗ есептеу кезінде жеңілдетілген амал-тәсілді қолданады. Олай болса, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерісін қадағаламайды, мұның орнына әр есепті күнге барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдарға тең сомада залалмен бағалау резервін таниды.

Топ қарыз алушыларға арналған болжалды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындауына қатысты өзінің өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржылық активтер бойынша дефолт болды деп санайды. Егер ішкі және сыртқы ақпарат Топ ұстайтын, шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын кредиттік сапаны көтеру механизмдерін ескермей, Топтың алатыны екіталай екенін көрсетсе, белгілі бір жағдайларда Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға да келуі мүмкін. Егер Топта шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізді болжамдар болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, қарыздар мен кредиттерді, қаржылық жалдау міндеттемелерін, қаржылық кепілдік шарттары мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

Кредиттер мен қарыз

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады.

Ең бастысы бұл санатқа пайыздық кредиттер мен қарыз кіреді. Толық ақпарат 24-ескертпеде берілген.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары белгілі бір борышкердің борыштық құрал талаптарына сәйкес уақытында төлем жүргізе алмау салдарынан осы шарт иесіне келтірілген залалдарды өтеуге төлем жүргізуді талап ететін шарттар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдік шығаруға тікелей қатысты мәміленің шығындары ескерілген әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Соңында міндеттеме мына шамалардың ең үлкені бойынша бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағасы және жинақталған амортизация шегеріле отырып, міндеттеменің танылған сомасы.

Артықшылықты акциялардың міндеттемелер құрамында көрсетілетін борыштық құрамдас бөлігі

Міндеттемелердің құрамында берілетін және міндеттеменің сипаттамасын көрсететін артықшылықты акциялардың борыштық құрамдасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі міндеттеменің құрамында мәміле бойынша шығындар шегеріле отырып танылады. Көрсетілген акцияларға кепілді дивидендтердің тиісті ең төмен мөлшері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығыстарының құрамында көрсетіледі. Міндеттемелердің құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы танылу кезінде ұқсас борыштық құрал арқылы нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Нәтижесінде міндеттемелердің құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен қарыздарға қатысты қолданылатын қағидаттар арқылы есептеледі, ал капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесі келесі жылдары қайта бағаланбайды.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топтың шоттары ұсынылғанына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс әділ құны бойынша есептелінеді.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай айырмашылықтары бар шарттарда сол кредитор алдында басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің тоқтатылуы және жаңа міндеттемені танудың басы болып ескеріледі, ал олардың баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сума ағымдағы сәтте танылған соманы өзара есепке алуға заңды қорғау құқығы бар кезде және есептесуді нетто-негізде жүргізуге, активтерді сатуға және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниеті болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырыландырылған есепте көрсетуге жатады.

Тауарлы-материалдық қорлар

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет

барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығыстарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорға қатысты бір ғана құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Ақша құралдары және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктегі кассадағы ақша қаражаты және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз, ақша қаражатының белгілі сомасына жеңіл аударылатын және құнның өзгеруіне қатысты тәуекел төмен қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер кіреді.

Жалдау

2019 жылдың 1 қаңтарына дейін жалдау басталу күніне қаржылық жалдау немесе операциялық жалдау ретінде жіктелді. Топқа меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел және пайда өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалға алынатын мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімі басталу күніне немесе егер ол аз болса, ең аз жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша капиталға айналдырылды. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығыстар мен жалдау бойынша міндеттеменің азаюы арасында қалған міндеттемелер қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ететіндей бөлінді. Қаржыландыру шығыстары тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

Жалға алынған актив оны пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланды. Алайда Топқа жалдау мерзімінің соңында активтің меншік құқығы ауысатындығына дәйекті сенімділік болмаса, актив мына кезеңдердің ең қысқа мерзімі ішінде амортизацияланды: активті пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде сызықты әдіспен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық шығыстар ретінде танылды.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасау сәтінде Топ келісім жалдау болып табылады ма немесе ол жалдау белгілеріне ие ме деген сұрақтарға қатысты бағалайды. Басқаша айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығын белгілі

кезең мерзімі ішінде өтеу орнына беретінін немесе бермейтінін анықтайды.

Жалға беруші ретіндегі Топ

Топ қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тануға жіне бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқы нысанындағы активтерді таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болып табылатын). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауды түзетумен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша танылған шаманы, бастапқы көтерген тікелей залал және жалдау басталған күнге немесе осындай күнге дейін жүргізілген жалдау төлемдері кіреді, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріледі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің мейлінше қысқа кезеңдерінде сызықтық тәсілмен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтерді пайдалы қолданудың жорамал мерзімі. Топ пайдалы қолданудың мынадай мерзімдерін белгіледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыстар	5–10
Жабдық	3–15

Егер жалдау мерзімі соңында жалданған активке меншік құқығы Топқа өтсе немесе активтің бастапқы құны оны сатып алу опционының орындалуын көрсетсе, актив оны пайдалы қолданудың жорамал мерзімінде амортизацияланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздануға қатысты тексеріледі. Есеп саясатының «Қаржылық емес активтердің құнсыздануы» бөлімін қараңыз.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдауды бастау күніне Топ жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалдау төлемдеріне алуға арналған жалдау бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегерумен бекітілген төлемдер (соның ішінде іс жүзінде бекітілген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін сомалар кіреді.

Жалдау төлемдеріне сондай-ақ Топ сатып алу опционын орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционы, және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін төлемдер де кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері мұндай төлемдерді жүзеге асыруға алып келетін оқиға немесе шарт орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайларды қоспағанда).

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталған күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, себебі жалдау шартына салынған пайыздық мөлшерлемені анықтау оңай болмайды. Жалдаудың басталған күнінен кейін жалдау бойынша міндеттеме шамасы пайыздарды есептеу үшін ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен бірге Топ жалдаудың түрленуі, жалдау мерзімінің өзгеруі, жалдау төлемдерінің өзгеруі (мысалы, мұндай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстер немесе мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты келешектегі төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционының өзгеруі жағдайында жалдау бойынша баланстық құнды қайта бағалауды жүргізеді.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Қысқа мерзімді жалдау

Топ жалдау мерзімі жалдау басталған күннен 12 айдан аспайтын базалық стансылардың қысқа мерзімді жалдауына қатысты қысқа мерзімді жалдауды танудан босауды қолданады және жалға беруші шартты бұзу үшін өзсіз құқыққа ие. Қысқа мерзімді жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде шығыстарға біркелкі жатқызылады.

Топ жалға беруші ретінде

Топта активке қатысты меншік құқығына байланысты іс жүзіндегі барлық тәуекел мен пайда жалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде келтірілген бастапқы тікелей залал жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдаудан түскен кірістегі негізіндегідей жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі алынған кезеңдегі пайда мен өзге кіріс құрамында танылады.

Бағалау міндеттемелері**Жалпы**

Егер Топтың өткен оқиғаның нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеттемесі болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндетті өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымды болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда бағалау міндеттемесінің ұлғаюы уақыт өте келе қаржыландыру шығыстары ретінде танылады.

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда, қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады.

Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

Жұмыскерлерге сыйақы беру**Әлеуметтік салық**

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін жұмыскерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

Зейнеткерлік төлемдер

Топ өз қызметкерлеріне еңбек қызметі аяқталғаннан кейін зейнетақы немесе басқа жәрдемақы төлеумен байланысты ешқандай шығыстарды көтермейді. Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Топ жұмыскерлердің жалақысынан зейнетақы салымын ұстап қалады және өз жұмыскерлері атынан оларды мемлекеттік немесе жеке зейнетақы қорларына аударады. Зейнеткерлік салымдар жұмыскерлердің міндеті болып табылады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға төлемдер бойынша ағымдағы және келешектегі міндеттемелері жоқ. Жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін барлық зейнетақы төлемдерін тікелей зейнетақы қорлары жүзеге асырады.

Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар

Компаниямен жасалынатын ұжымдық шарт белгілі бір жұмыскерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақылар мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі – «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жыл саны бойы жұмыс істеген жұмыскерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген

сыйақылар көлемі жұмыскердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актуралы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына жіктелмейді.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- Компания қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Компания белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің көрсетілген өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өткізудің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

Меншікті сатып алынған акциялар

Топ сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

Ақша қаражатымен төленген дивидендтер және бас компания акционерлеріне ақшалай емес активтерді бөлу

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Топтың қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Топ бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөліністі акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Ақшалай емес активтерді бөлу міндететтемесі бөлінуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілетін жағдайда және осы тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде Топ алуды күтіп отырған өтеуді көрсететін сомада таниды.

Топтың қызметі негізінен деректер беру қызметтерін, тіркелген және ұялы байланыс қызметтерін, байланыс арналарын жалға беру, жергілікті, қалааралық және халықаралық қоңыраулар бойынша қызметтерді, желіаралық қосылыстарды ұсынумен/басқа операторларға трафикті берумен, қосымша қызметтерді және мобильдік құрылғыларды сатумен байланысты.

Қосымша қызметтерге SMS, MMS, ақпараттық қызметтер және үшінші тұлғалардың контентін ұсыну, факс және дауыс поштасы қызметтері кіреді.

Шарттың басында Топ сатып алушымен жасалған шартта уәде етілген тауарларды және қызметтерді бағалайды және орындауға міндет ретінде сатып алушыға уәде етілген белгілі бір тауарды немесе қызметті немесе белгілі бір тауарлардың немесе қызметтердің жиынтығын анықтайды.

Топ өзі жасасқан және түсім алуды көздейтін барлық шарт бойынша принципал болу туралы қорытындыға келді. Себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша міндетті өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады және тауарлар мен қызметтер сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайды.

Қызметтер көрсету

Жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланысы қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Өңделетін трафиктің нақты минут саны ескеріле отырып, жергілікті және шетелдік операторларға желіаралық қосылыс үшін төлем қызмет көрсетуіне қарай танылады.

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен қосылу қызметтерінен кіріс Топ желісі бойыша қоңырау жасалған сәтте танылады.

Кеңжоларды және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қатынасу үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе кіріс ретінде теңдей танылады. Интернетке коммутацияланатын қатынаудан кіріс клиентке ұсынылатын нақты эфирлік уақыт негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кіріс, сондай-ақ көтерме қатынаудан кіріс уақыт өте келе кіріс ретінде танылады. Себебі Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындауы барысында сатып алушы бір уақытта пайда түсіреді және тұтынады.

Жаңа абоненттерді тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне қосу кезінде алынған өтелмейтін аванстық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде танылады. Клиентпен қарым-қатынастың болжалды кезеңі бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

Клиенттерге ұсынылатын жабдық

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ модемді, роутерлерді және басқаларды қоса алғанда, аталған қызметтерді көрсету үшін жабдық ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштер талдауын негізге ала отырып, абонент Топтың қызметтерінен бөлек пайдалана алмайтын жабдық орындау үшін жеке сәйкестендірілетін міндет болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Топ шартты орындау шығындары ретінде тегін ұсынылатын жабдық құнын ақшаға айналдырады. Шартты орындау шығындары клиентке қызмет көрсетілетін кезең ішінде амортизацияланады.

Жабдықты және мобильді құрылғыларды өткізу

Топ клиенттер үшін қызметтер мен тауарларды бір ұсыныс топтамасына біріктіре алады. Ұсыныста бірнеше тауарды, қызметті немесе активтерге құқықты жеткізу немесе ұсыну (кешенді ұсыныстар) қамтылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда келісімдерге бастапқы орнату, қосу немесе активация қосылуы мүмкін және бекітілген төлеммен немесе келесі жерге жалғасатын төлемдер жиынтығымен бекітілген төлемді көздейді. Жабдықпен байланысты шығындар өткізуден түсетін кірісті тану сәтінде танылады. Кірістер жеке сатудың салыстырмалы бағасы негізінде жабдық пен қызметтер арасында бөлінеді.

Жекелеген сату бағасы Топ мобильдік құрылғылар мен байланыс қызметтерін сататын бағанамалық баға негізінде анықталады. Топ ұсынатын қызметтерді немесе тауарларды алумен ғана байланысты пайдаланыла алатын мамандандырылған жабдық жеке есепке алынбайды, қызметтерді ұсыну бойынша келісімнің жалпы кезеңі ішінде біркелкі танылады.

Клиенттерге біреуден артық қызмет ұсынатын шарттар бойынша қызмет сомасы оқшауланған сатудың салыстырмалы бағасын пайдаланумен тауарлар мен қызметтер арасында бөлінеді. Әр жекелеген орындау міндеттемесі үшін мәміле бағасын анықтау күрделі бағаларды талап етуі мүмкін. Топ әрбір жекелеген орындау міндеттемесі үшін оқшауланған сату бағасын әдетте қажет жерінде көлемі үшін шегерімдерді ескере отырып, тұрақты түрде оқшауланған негізде сатылатын тауарлар немесе қызметтер бойынша бағалар негізінде анықтайды.

Роуминг бойынша шегерімдер

Топ роумингілік шегерімдерді ұсыну туралы келісімді бірқатар ұялы байланыс операторларымен жасайды. Келісімдердің талаптарына сәйкес Топ шегерім беруге міндетті, сондай-ақ оларды негізінен операторлар арасында роумингілік трафик көлеміне байланысты алуға құқылы.

Топ тарихи деректерге негізделген және тиісті өзгерістерді ескере отырып, алуға немесе ұсынуға арналған шегерімдер сомасын анықтау үшін түрлі бағалау мен жорамалдарды пайдаланады. Бағалау деректері жаңадан пайда болған ақпаратты көрсету үшін ай сайын түзетіліп отырады.

Топ алынған шегерімдерді роуминг бойынша шығыстардың азаюы, ал шегерім беруді – роумингі қызметтері түсімнің көлемінің азаюы ретінде есепке алады. Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте роуминг бойынша серіктестер алдында тиісті дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету тәсілін анықтаумен роумингілік шегерімдерді ұсыну туралы түрлі келісімдердің шарттарын талдайды.

Қаржыландырудың елеулі компоненті

Топ негізінен сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдер алады. Егер шарт жасасу сәтінде уәделі тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру мен мұндай тауар немесе қызмет үшін төлем арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтілсе, 15 ҚЕХС-де (IFRS) көзделген практикалық сипаттың жеңілдігін пайдалану нәтижесінде Топ қаржыландырудың елеулі компоненті әсерін ескере отырып, уәделі өтем сомасын түзетпейді.

Сондай-ақ Топ халықаралық желіге қосылысты іске қосу үшін ұзақ мерзімді аванстар алады. Қаржыландырудың елеулі компонентін көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміленің тіркелген бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушылар арасындағы жеке қаржыландыру операциялары үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

Шарт жасасу шығындары

Топ төлем скретч-карта, сим-карталардың және мобильдік телефондардың бір бөлігін сауда агенттері арқылы сатады. Топ В2С сегментінде жаңадан қосылған абоненттер үшін сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы төлейді. Комиссиялық сыйақы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте шарт жасасу шығындары ретінде ақшаға айналдырылады. Шарт жасасу шығындары клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде жүйелі түрде амортизацияланады.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Шарт бойынша қалдықтар

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив сатып алушыға тапсырылған тауарлардың немесе қызметтердің орнына өтем алуды ұйымдастыру құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтемді төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болған сәтке тапсырса, онда шартты болып табылатын, алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемге құқығын білдіреді (яғни, мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы уақыт ағынына ғана байланысты болады). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы активтері – бастапқы тану және кейінгі бағалау бөлімінде қаралады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл Топ сатып алушыдан орнына өтем алған (не өтем төленуі тиіс) тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға тапсыру міндеттемесі. Егер Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермей тұрып, сатып алушы өтем төлесе, төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуі тиіс болған сәтте (қайсысы бірінші болуына қарай) шарт бойынша міндеттеме танылады. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда шарт бойынша міндеттеме түсім ретінде танылады.

Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы

Әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы алынатынына және оған байланысты шарттар орындалатынына негізді сенімділік болған жағдайда ол әділ құны бойынша танылады. Егер өтемақы шығыстар бабына қатысты болса, ол мұндай өтемақыны орнына өтемақы алынған шығындарға жүйелік жатқызу үшін қажетті кезеңдердегі кірістер құрамында көрсетіледі. Егер өтемақы активке қатысты болса, онда оның әділ құны алдағы кезеңдердің Кірістер кредит шоттарына қосылады және тиісті активтің болжалды қызмет мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тең үлестермен жыл сайын есептен шығарылады.

Кірістерге жататын өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен кіріс ретінде жеке баппен көрсетіледі.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы мен сату үшін қолда бар активтер ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын болжалды пайдалану мерзімі немесе бұл орынды болған жағдайда қаржы активінің не міндеттемесінің таза баланстық құнына дейінгі барынша қысқа кезең ішінде алдағы күтілетін төлемдерді немесе ақшалай қаражат түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісінің құрамына қосылады.

Дивидендтер

Дивидендтерден кіріс Топтың төлемді алу құқығы белгіленген кезде танылады және бұл әдетте акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

Шығыстарды тану

Шығыстар жатқызылуына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрінеді.

Абоненттерді қосу бойынша шығыстар

Топ клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартуды көрсетеді.

Қарыз алу бойынша шығыстар

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге де шығын олар жаратылған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты Топ тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайданың ағымдағы салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы тиісті салық заңнамасы әртүрлі қарастырылуы мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытылы жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрайды.

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақытша айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері есептелетін уақыт айырмасы, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайда болуы мүмкін деген айтарлықтай ықтималдық дәрежесінде, мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық есептелетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады:

- есептелетін уақыт айырмашылығына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан болмаған және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады;

- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келсімдерге қатысу үлестерімен байланысты есептелетін уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық активі уақыт айырмашылықтары көз жетерлік болашақта пайдаланылуына және уақыт айырмашылықтары қарсы пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар деңгейде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залалдың құрамынан тыс танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда мен залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізіндегі операцияларға сәкес немесе өзге жинытық кіріс құрамында, болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған активтер және кейінге қалдырылған салық ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алу құқығы заңды қорғаумен қамтамасыз етілсе және кейінге қалдырылған салық бір салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болған жағдайда, бір-біріне қарсы есепке алынады.

Бизнесті біріктіру аясында пайда болған, бірақ осы күнге жеке тану критерийлеріне сәйкес келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдаяттардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда кейіннен танылады. Түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса (егер оның шамасы гудвил мөлшерінен аспаса) гудвилдің азаюы деп танылады, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды өзінде ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңмен қорғалған құқығы болғанда ғана және кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған міндеттемелер бір



салық органы салатын және операцияларына салық салынатын бір ұйымға немесе ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есептеулерді нетто негізде жүргізуді, не бұл активтерді өткізіп, бұл міндеттемелерді бір мезгілде кейінге қалдырылған міндеттемелер немесе активтердің елеулі сомасын өтеу немесе орнын толтыру күтілетін әрбір келешектегі кезеңде өтеу болжанатын, операцияларына салық салынатын бірнеше ұйымдардан алынатын пайда салықтарына жатқызылатын жағдайда ғана жүргізеді.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайда ағыны мүмкін жерлерде ашылады.

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайданы көрсететін ресурстардың жылыстауы үлкен болмаған жағдайларды қоспаған кездерде ашылады.

Байланысты тараптар

ҚХЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға» сәйкес тараптар немесе қаржылық немесе операциялық шешімдер қабылдау кезінде бір тарап екінші тарапты бақылау немесе айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне ие болса, олар байланысты тараптар деп саналады.

Байланысты тараптармен операциялар Топтың байланысты тараптары болып табылатын компаниялардан алынған немесе соларға сатылған мүлік, жұмыс және қызметтер үшін есептесулердің жай-күйін көрсету үшін пайдаланылады. Ұқсас сипаттағы баптар жиынтықпен ашылады, бұған байланысты тараптармен операциялардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін түсіну үшін ақпаратты жеке ашу талап етілген жағдайлар жатпайды.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін кірістердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомаларына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдаулары, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- Қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – 47-ескертпе.
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – 12 және 25-ескертпелер.

Пайымдаулар

Топтың есеп саясатын қолдану барысында басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаларға айтарлықтай әсер ететін мынадай пайымдауларды қолданды:

Жалға беруді ұзарту опционымен немесе жалға беруді тоқтату опционымен жалдау мерзімін анықтау – Топ жалға беруші ретінде

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жататын жалдау мерзімі ретінде, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдерімен, немесе орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдерімен жалдау кезеңін белгілейді.

Топта жалдауды ұзарту опционы немесе жалдауды тоқтату опционы кіретін бірнеше жалдау шарттары бар. Топ пайымдауды өзінде жалдауды ұзарту опционын немесе тоқтату опционын орындай алады деген жеткілікті сенімділік бар ма дегенді бағалау үшін қолданады. Бұл ретте ол кез келген опционның орындалуы үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалдау күнінен кейін Топ елеулі оқиға пайда болған кезде немесе Топтың бақылауындағы және оның жалдауды немесе (жалдауды тоқтату) ұзарту опционын орындау (немесе орындамау) мүмкіндігіне әсер ететін жағдаяттар өзгергенде жалдау мерзімін қайтадан бағалайды.

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын мейлінше қысқа кезеңмен техника мен жабықтық жалдау шарттары бойынша жалдау мерзімін белгілеу кезінде, оларға қатысты ұзарту опционы көзделген кезеңдерді ескерді. Топ әдетте осы жалдау шарттары бойынша ұзарту опционын орындайды, себебі бұл активтерді оңай ауыстыру мүмкіндігінің болмауы өндіріс үдерісіне елеулі кері әсер етеді.

47-ескертпені қараңыз, онда жалдау мерзімін анықтау кезінде ескерілмеген, жалдауды ұзарту опционымен немесе жалдауды тоқтату опционымен көзделген кезеңдерге жататын ықтимал келешектегі жалдау төлемдері туралы ақпарат көрсетілген.

Сатуға арналған активтер

2019 жылдың 17 маусымында Топтың Директорлар кеңесі екі сатылы ашық тендер өткізу арқылы 100% еншілес ұйымы «КТ Cloud Lab» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% сату туралы шешімін жариялады. «КТ Cloud Lab» ЖШС сатуға арналған шығатын топ ретінде жіктелді. Директорлар кеңесі мыналарды басшылыққа ала отырып, еншілес ұйым осы күнге сатуға арналған ретінде жіктеу критерийлеріне сай деп шешті:

- «КТ Cloud Lab» ЖШС тез арада сату үшін қолда бар және өзінің ағымдағы жағдайында сатып алушыға сатыла алады;
- сатумен байланысты іс-шаралар басталды және бұл ретте сату бастапқы жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқталады деп күтілуде;
- әлеуетті сатып алушы сәйкестендірілді және есепті күнге онымен келіссөздер аяқталуға жақын;
- акционерлер 2019 жылы 17 маусымда сату жоспарын бекітті.

Тоқтатылған қызмет туралы толық ақпарат 44-ескертпеде берілген.

Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер 8 ҚХЕС(IAS) «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер мен қателерге» сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын, оның өтелетін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктердің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат 12-ескертпеде келтіріледі және түсіндіріледі.



Бүгінгі компания	Корпоративтік басқару
Стратегия	Қосымша ақпарат
Бизнес және қаржылық шолу	Қосымшалар
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Шоғырландырылған қаржылық есептілік
Тұрақты даму	

Болжалды кредиттік залал үшін бағалау резерві

Топ кредиттік мекемелердегі дебиторлық берешек және қаражат (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) бойынша болжалды кредиттік залалдарға резервтер жасайды.

Болжалды кредиттік залалдарды сауда және өзге дебиторлық берешекке қатысты бағалау кезінде Топ стандартта қарастырылған жеңіл амал-тәсілін қолданды және аталған қаржы құралдарының барлық қызмет мерзіміне болжалды кредиттік залалдарды есептеді. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі негізінде дайындалған, қарызға алушыларға тән факторлар мен жалпы экономикалық талаптар ескеріле отырып түзетілген бағалау резервтерінің моделін пайдаланды. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзету үшін болжалды ақпарат негізінде матрицаны жаңартып отыратын болады. Мысалы, келесі жыл ішінде телекоммуникациялық секторда дефолт жағдайлары артуына алып келуі мүмкін болжалды экономикалық талаптар нашарлайды деп күтілсе (мысалы, ЖІӨ), онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер әрбір есеп күніне жаңартылады және болжалды бағалардың өзгерістері талданады.

Экономикалық талаптар арқылы болжанатын дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері мен БКЗ арасындағы өзара байланысты бағалау маңызды есеп бағасы болып табылады. БКЗ мөлшері жағдайлар мен болжанатын экономикалық талаптардың өзгерістеріне сезімтал болады. Топтың кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптар болжамы сатып алушының болашақтағы нақты дефолты үшін көрсеткіш болмауы мүмкін. Топтың сауда дебиторлық берешегі бойынша БКЗ туралы ақпарат 17-ескертпеде берілген.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезеңге

болжалды кредиттік залалдарды есеп шықты. 12 айлық болжалды кредиттік залалдар – бұл бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдардың бір бөлігі. Олар есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал, қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын болжалды кредиттік залалдар болып табылады. Бірақ бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай артқан жағдайда, залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдарға тең сомамен бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдер 30 күннен аса кешіктірілсе, Топ кредиттік тәуекел айтарлықтай артты деп есептейді. Сондай-ақ шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, қаржы құралы бойынша дефолт деп саналады. Бірақ ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ бекітетін кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта қарастырылған төлемдердің барлық қалған сомасын Топтың алуы ықтималдығы аз деп көрсетсе, Топ белгілі бір жағдайларда қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытынды жасауы мүмкін.

Осылайша, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған резервтер 9.791.112 мың теңге сомасында құрылды (2018 жыл: 7.902.678 мың теңге) (14, 17, 19 және 22-ескертпелер). Экономикадағы, саладағы өзгерістер және нақты сипаттамалар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген резервтерге ықпал етуі мүмкін.

Шартта қаржыландырудың елеулі компонентінің болуы

Топтың сатып алушыға қызмет көрсетуі мен сатып алушының мұндай қызметтердің ақысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығына байланысты Топ кейбір ұзақ мерзімді шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылған деген қорытындыға келді.

Мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушы арасындағы қаржыландырудың жеке операциясына қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

Шарт жасасу шығындары

Топ делдалдық комиссияны шарт жасасудың қосымша шығыны деп есептейді және мұндай шығындарды сатып алушылармен шарт жасасу шығындары бойынша актив ретінде ақшаға айналдырады. Топ шарт жасасу шығындарын жүйелік негізде амортизациялайды және бұл сатып алушыларға қызмет көрсету мерзімдеріне сәйкес келеді. Қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері өзгерген жағдайда Топ амортизация мерзімдерін қайта қарайды.

Шарт бойынша міндеттемелер

Кейінге қалдырылған кірістер шарт бойынша міндеттемелер ретінде танылады және клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС (IFRS) жазылған клиенттермен шарттар бойынша түсімді танудың егжей-тегжейлі критерийлерін, салалық тәжірибені және Топтағы кетудің тарихи көрсеткішін есепке алды.

Өтелмейтін аванстық төлемдер

Жеке пайда түсірумен байланысы жоқ, іске қосу қызметтері мен сымды және сымсыз байланыс қызметтері үшін аванстық төлемдер шарт бойынша міндеттемелердің құрамына енгізіледі және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-да (IFRS) көзделген қосу қызметтерінен кірісті тану критерийлерін, салалық тәжірибені және клиенттердің қызметтерден бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиентпен қарым-қатынастың орташа кезеңі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл және интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағаланады.

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме объектілерді жабуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны тиісті бұзушылық орын алатын есепті кезеңде қоршаған ортаны қалпына келтіруге көзделген болашақтағы шығындарға қатысты танылады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген жұмыскерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған жұмыскерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін Топтың он екі ай ішінде төлеуді жоспарлаған міндеттемелері болып табылады.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары кірісті корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындылығына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат 25-ескертпеде ашып көрсетілген.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салудан пайда алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын



Бүгінгі компания Стратегия Бизнес және қаржылық шолу Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Тұрақты даму	Корпоративтік басқару Қосымша ақпарат Қосымшалар Шоғырландырылған қаржылық есептілік
--	--

кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2019 жылы Топ жеке тұлғалардан күмәнді қарыз бойынша шегерімдерге салық салуға амал-тәсілді қайта қарады және 520.178 мың теңге сомаға жеке тұлғалардан дебиторлық берешек бойынша болжалды кредиттік залал бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін тануды алып тастады (17-ескертпе).

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Топта болашақтағы кезеңдерге көшірген салық залалдарының сомасы 1.377.725 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: нөл мың теңге).

2019 жылдың 31 желтоқсанына танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 1.766.127 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 246.884 мың теңге) құрайды. 2019 жылдың 31 желтоқсанына танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 0 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.377.725 мың теңге). Толық ақпарат 43-ескертпеде көрсетілген.

Жалдау – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау

Топ жалдау шартына салынған пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан жалдау бойынша міндеттемені бағалау үшін қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолданады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл ұқсас мерзімге және ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құнмен активті алуға қажетті қарыз қаражатын ұқсас қамтамасыз ету кезінде Топ тарта алатын пайыздық мөлшерлеме. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Топ «төлеуге тиіс болатын» пайызды көрсетеді және оның анықтамасы жалдау шарттарын көрсету үшін бақыланатын мөлшерлемелерді түзету қажет болса немесе бақыланатын мөлшерлеме болмаған жағдайда, есептеу бағалауларын талап етеді. Топ бақыланатын бастапқы

деректерді, болған жағдайда, пайдаланумен қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін анықтайды (нарықтық пайыздық мөлшерлеме сияқты) және ұйым үшін ерекше белгілі есептеу бағалауларын қолданады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Толық ақпарат 47-ескертпеде берілген.

Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны

Топ бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған немесе өзіне қабылдаған сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелер мен шартты міндеттемелерді олардың әділ құны бойынша сатып алу күніне жеке тануы тиіс, бұл бағаларды қолдануды білдіреді. Мұндай бағалаулар болашақтағы ақша ағындарын болжау барысында елеулі пайымдаулар қолдануды талап ететін түрлі бағалау әдістеріне және өзге жорамалдар машықтарына негізделген.

Сатып алу күніне «Кселл» АҚ және «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» таза активтері әділ құнын бағалау негізінде танылды (5-ескертпе).

Салыстырмалы деректерді қайта жіктеу

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кейбір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ұсыну құрылымына сәйкестендіру үшін қайта жіктелді. Топ өз шоғырландырылған қаржылық есептілігі ұсынылымын өзгертті, себебі жаңа ұсыным шоғырландырылған қаржылық есептіліктің пайдаланушылары үшін мейлінше өзекті ақпаратты көрсетеді.

Мың теңге	Бұған дейін ұсынылғаны	Қайта жіктеу	Ескертпе	түзетілгені
2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП				
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығын ¹	–	(1.169.713)	[1]	(1.169.713)
Операциялық пайда	37.104.489	(1.169.713)		35.934.776
Өзге шығыстар	(1.962.895)	1.169.713	[1]	(793.182)
Салық салғанға дейінгі пайда	53.990.896	–		53.990.896

Көрсетілген қайта жіктеу таза пайдаға, жиынтық кіріске немесе капиталға әсер еткен жоқ.

Сонымен қатар, гудвилл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қабылданған ұсынымға сәйкес 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің бөлек жолына қайта жіктелді.

5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

2019 жылғы сатып алу

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» сатып алу
2016 жылғы 29 ақпанда Топ Қазақстан Республикасында GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникациялық қызметтер көрсететін «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының акционерлік капиталының 51% және дауыс беру акцияларының 49,48% сатып алды. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» – биржада айналымда жоқ, жекеменшік ұйым. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» 2019 жылдың 28 маусымына дейін Топтың қауымдастырылған ұйымы болды (11-ескертпе).

Топ пен Tele2 арасындағы келісімге сәйкес Топ мәміле жасалған күннен үш жыл өткеннен кейін кез келген уақытта Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлесінің 49% сатуды талап етуге сөзсіз құқығы бар («колл» опционы). Tele2-нің Топтан «Хан

Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлестерінің 49% сатып алуды талап етуге симметриялы құқығы болды («пут» опционы).

2018 жылы желтоқсан айының соңында «Кселл» АҚ акцияларының 75%, сатып алуы бойынша мәміленің жабылуына байланысты 2018 жылдың 28 желтоқсанында Топ Tele2 А.В.-дан «пут» опционын орындау туралы хабарлама алды.

2019 жылдың 1 наурызынан бастап Топқа Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» өз акцияларының 49% сатуға талап етуге құқық беретін «колл» опционын кез келген уақытта орындауы мүмкін еді. Алайда 2019 жылдың 1 наурызынан бастап «колл» опционы да, «пут» опционы да Топқа «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» елеулі қызметін басқаруға құқық берген жоқ, себебі Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларын Tele2-ден 49% сатып алу мәмілесі жабылғаннан кейін 12 ай ішінде тәуелсіз компанияға сенімгерлік басқаруға беруге міндетті; оны таңдау да Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті бекітуі қажет. 2019 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» басқаруға ие болған жоқ.

2019 жылы 23 мамырда Топ Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акционерлік капиталының қалған 49% және айналымдағы барлық акциялары бойынша дауыс беретін акцияларының 50,52% сатып алу бойынша мәміле жасады, сатып алу үдерісін 2019 жылы 28 маусымда аяқтады. Топ сатып алған қалған 49% үлесі үшін сыйлықақы 181.534.893 мың теңгені құрады, оған 101.118.483 мың теңге мөлшеріндегі төленген ақша қаражаты мен сатушы Tele2-ге сыйлықақы төлеу мақсаттарына «Мобайл Телеком-Сервис ЖШС берген 80.416.410 мың теңге мөлшеріндегі қарыз кіреді.

2019 жылы маусымда Топ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінен сенімгерлік басқару туралы келісімнің шарттарына мақұлдау алды

¹. 1.169.713 мың теңге сомасындағы қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залал өзге операциялық емес шығыстардан қайта жіктелді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық шығыстарда бөлек жолмен көрсетілген.



және онда Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» бақылайды деп көрсетілген.

2016 жылы 25 ақпанда Топ 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейінгі мерзімге 10.008.780 мың теңгеге дейінгі кредиттік лимитпен «Қазақстан Даму банкі» АҚ-дағы кредиттік желі бойынша «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйым міндеттемелері бойынша кепілдік

ұсынды. 937.145 мың теңге мөлшерінде берілген кредиттік желі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйымдағы қалған акцияларды сатып алуға байланысты бизнесті біріктіру бойынша мәміле құнына қосылды.

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қатысу үлесі бақылауды алу күніне дейінгі қатысу үлесі әдісін пайдаланумен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілді.

Сатып алу күніне «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компанияның сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің алдын ала әділ құны мына түрде көрсетіледі:

Мың теңге	Сатып алынған кезде танылған алдын ала әділ құн
АКТИВТЕР	
Негізгі құралдар	99.771.598
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	26.457.939
Материалдық емес активтер	112.272.032
Айналымнан тыс активтерге төленген аванстар	2.061.017
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5.391.581
Өзге айналымнан тыс қаржылық активтер	77.640
Сауда дебиторлық берешек	14.921.849
Тауарлы-материалдық қорлар	909.245
Аванстық төлемдер	2.439.609
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	614.125
Өзге айналымдағы қаржылық емес активтер	2.023.828
Өзге айналымдағы қаржылық активтер	887.739
БАРЛЫҚ АКТИВ	267.828.202
МІНДЕТТЕМЕЛЕР	
Сауда кредиторлық берешек	(27.070.515)
Қарыз	(8.799.548)
Жалдау бойынша міндеттемелер	(26.913.327)
Шарт бойынша міндеттемелер	(8.094.854)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(9.058.099)
Активтерді тарату бойынша міндеттемелер	(4.826.230)
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	(2.460.538)
Өзге қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	(1.193.897)
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	(88.417.008)

Мың теңге	Сатып алынған кезде танылған алдын ала әділ құн
Әділ құны бойынша сәйкестендірілетін таза активтер	
2019 жылы 28 маусымда сатып алынған 49% қатысу үлесіне берілген сыйлықақы*	181.534.893
Сатып алу күніне бастапқы 51% қатысу үлесінің алдын ала әділ құны	99.211.623
	280.746.516
Сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін активтердің алдын ала әділ құны	179.411.194
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берген кепілдік	937.145
Гудвил (12-ескертпе)	100.398.177
САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ АҚША АҒЫНДАРЫНЫҢ ТАЛДАМАСЫ	
Еншілес ұйымда сатып алынған ақша қаражатының таза сомасы	5.391.581
Берілген сыйлықақы ¹	(181.534.893)
Ақша қаражатының таза жылыстауы	(176.143.312)

2019 жылы 31 желтоқсанға шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған таза активтер олардың әділ құнын алдын ала бағалауға негізделді, ал Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының меншігіндегі активтерге тәуелсіз бағалау жүргізеді. Бұл бағалау 2019 жылдың 31 желтоқсанына шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шығу сәтіне аяқталған жоқ.

Лицензиялар, тауар белгілері, бағдарламалық жасақтама және абоненттік база материалдық емес активтердің негізгі құрамдастары болып табылады.

Сатып алу күніне сауда дебиторлық берешектің әділ құны 14.921.849 мың теңгені құрайды. Сауда дебиторлық берешектің баланстық құны 14.921.849 мың теңгені құрайды және барлық шарт сомалары толық көлемде өтелуі мүмкін.

Топ сату күніне қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құнын пайдаланумен жалдау бойынша сатып алынған міндеттемелерді бағалады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер нарықтық шарттармен салыстырғанда жалдау шартының қолайлы талаптарын көрсету үшін түзетілген жалдау міндеттемелеріне тең сомада бағаланды.

Кейінге қалдырылған салық активтері	1.766.127	246.884
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(42.448.856)	(41.056.405)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(40.682.729)	(40.809.521)
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН САЛЫСТЫРУ, НЕТТО		
1 қаңтарға сальдо	(40.809.521)	(18.936.236)
Есепті кезеңге табыс салығы бойынша үнемдеу – мерзімдік шектердің пайда болуы және қалпына келтіру	8.795.946	628.613
Басқа жиынтық залалдың құрамындағы танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде	234.608	234.079
Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	154.337	(56.466)
Бизнесі біріктіру аясында сатып алынған кейінге қалдырылған салықтар (5-ескертпе)	(9.058.099)	(22.679.511)
31 желтоқсанға сальдо	(40.682.729)	(40.809.521)



Топ бір салық органы алатын табыс салығына қатысты ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеуге заңды құқығы болған жағдайда ғана салық активтері мен міндеттемелері арасында өзара есепке алу жүргізеді.

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта осы актив қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын пайдаға қол жеткізудің айтарлықтай ықтималдығы болатын дәрежеде ғана танылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық залалдары олар пайда болған күннен бастап 10 жылға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін және 2019 жылы аяқтала бастайды. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық үнемін іске асыру ықтималдығы жоқ дәрежеде азайтылады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ жиынтығы 30.844.785 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 13.908.799 мың теңге) құрайтын еншілес және қауымдастырылған ұйымдардағы инвестициялармен байланысты уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін таныған жоқ, себебі Топ осы уақытша деректердің пайдалануын бақылай алады және бұл уақытша айырмашылықтар жуырдағы болашақта пайдаланылатын болады.

44. КЕТЕТІН ТОП

«KT Cloud Lab» ЖШС

2019 жылғы 17 маусымда «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі «KT Cloud Lab» ЖШС еншілес ұйымындағы «Қазақтелеком» АҚ 100% қатысу үлесін екі кезеңдік ашық конкурс арқылы сату туралы шешім қабылдады.

2019 жылғы 13 қарашада «KT Cloud Lab» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталындағы «Қазақтелеком» АҚ 100% қатысу үлесін 1.435.000 мың теңгеге сату бойынша тендер нәтижелері жарияланды. Тендер жеңімпазы болып «Soft Art» ЖШС анықталды. Тендер шарттарына сәйкес сату-сатып алу шартын

жасау портфельдік компаниялары тобының бас компаниясы - «Самұрық-Қазына» АҚ мақұлдауынан кейін мүмкін болады. Топ жеңімпаздың бекітілуін мейлінше ықтимал деп бағалайды және 2020 жылғы сәуірде шешім күтілуде.

«KT Cloud Lab» ЖШС сату есепті күннен басталатын жыл ішінде аяқталатын болады деп күтілуде. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «KT Cloud Lab» ЖШС активтері мен міндеттемелері сатуға арналған актив ретінде жіктелген.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша «KT Cloud Lab» ЖШС сатуға арналған актив ретінде жіктелген активтері мен міндеттемелерінің негізгі кластары төменде көрсетілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан
МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	
АКТИВТЕР	
Негізгі құралдар	520.803
Материалдық емес активтер	483.934
Өзге айналымнан тыс қаржылық активтер	83.841
Тауар-материалдық қорлар	9.631
Сауда дебиторлық берешек	266.252
Өзге айналымдағы қаржылық емес активтер	37.923
Өзге айналымдағы қаржылық активтер	129.380
Берілген аванстар	30.713
Ақша қаражаты және оның баламалары	315.556
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	1.878.033
МІНДЕТТЕМЕЛЕР	
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	17.450
Сауда кредиторлық берешек	79.144
Басқа қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	179.651
Шарт бойынша міндеттемелер	126
Өзге қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	166.662
Сатуға арналған деп жіктелген активтермен байланысты емес басқа міндеттемелер	443.033
Кету тобымен тікелей байланысты емес активтер	1.435.000

Негізгі қаражаттың құнсыздануы

Сатуға деп арналған актив ретіндегі «KT Cloud Lab» ЖШС активтері мен міндеттемелерді тікелей жіктеудің алдында бірқатар негізгі құралдар объектілерін қайтарылатын сомасын бағалау жүргізілді. Нәтижесінде сатуға арналған активтер құрамында активтердің баланстық құнын әділетті құнына дейін төмендету үшін 292.843 мың теңге сомасында құнсызданудан залал танылды. Бұл құнсызданудан залал қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығын құрамында бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

45. АҚШАСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР

ұл ақшасыз айтарлықтай операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

2019 жылға Топ алдыңғы жылы сатып алынған негізгі құралдар және материалдық емес активтер үшін 17.425.331 мың теңге төледі (2018 жыл: 4.635.188 мың теңге). 32.009.038 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар 2019 жылы сатып алынды, бірақ 2019 жылдың 31 желтоқсанына төленген жоқ (2018 жыл: 17.445.106 мың теңге).

2019 жылғы 20 мамырда «Хан Тенгри Холдинг Б.В.», «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 Sverige AB өзара есеп айырысу туралы келісім жасалды, оған сәйкес «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» алдындағы міндеттемелер 4.842.282 мың теңге сомасындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дан сауда дебиторлық берешек есебіне кірді (30-ескертпе).

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен сату мен сатып алу және 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша қалдық мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТУ		
Бас компания	190.428	359.794
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	2.758.492	2.519.743
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	18.516.552	23.907.818
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	695.499	913.141
Мемлекеттік мекемелер	36.252.401	32.306.666
ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТУ		
Бас компания	(559)	779
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	2.582.219	3.267.303
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.») [1]	10.185.382	11.042.238
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	313.338	279.525
Мемлекеттік мекемелер	109.485	9.328
ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН СЫЙАҚЫ		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар		
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	2.233.153	2.035.544
Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	8,24%	8,00%



Байланысты тараптармен операциялар (2019 жылғы 28 маусымға дейінгі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» және оның еншілес ұйымы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен мәміле-лерді қоса алғанда) тараптар арасында келісілген талаптармен жасалды. Олардың нарықтыққа сәйкес келуі міндетті болған жоқ және үшінші тараптар үшін қолжетімсіз болуы мүмкін. Жыл аяғына өтелмеген қалдықтар

қамтамасыз етілмеген, қысқа мерзімді болып табылады, ал есеп-теулер төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда жүргізіледі.

2019 жылдың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегіне қатысты 67.633 мың теңге көлеміндегі күтілетін кредиттік залалды бағалау резерві ретінде таныды.

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Бас компания	11.500.000	1.461.458
Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	11,50%	11,50%

АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар («Қазақстан Даму Банкі» АҚ)	64	103
--	----	-----

ҚАРЫЗДАР

Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар («Қазақстан Даму Банкі» АҚ)	42.519.628	25.266.233
Бас компания	103.833.333	101.461.458

САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Бас компания	17.425	130.725
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	678.645	613.921
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	-	16.248.774
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	98.055	105.827
Мемлекеттік мекемелер	7.030.150	11.431.512

КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Бас компания	73	39
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	352.044	469.260
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	-	11.014.949
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	75.991	-
Мемлекеттік мекемелер	991.114	735.815

БАСҚА АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

Басты басқарушы жұмыскерлерге ұзақ мерзімді қарыздар	28.707	35.914
--	--------	--------

2019 және 2018 жылдары Топ бас компания бақылайтын кәсіпорындарға байланыс қызметтерін көрсетті, сондай-ақ осы кәсіпорындардан телекоммуникация қызметтерін ұсыну саласында оепарциялық қызметті қолдау үшін тауар-лар мен қызметтерді сатып алды.

1. 2019 жылы Топтың жиынтығы Топтың жалпы шоғыландырылған қолма-қол түсімінің 4% құрайтын «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нан (бұдан әрі «МТС»), «Хан-Тенгри Холдинг Б.В.» еншілес ұйымынан, деректер беру, интернетке қатынауды ұсыну, байланыс арналарын жалдау қызметтерінен, желіаралық қосылыстар қызметтерінен кірістерді және басқа да кірістерді қоса алғанда, айтар-лықтай операциялары бар. Топ сонымен қатар МТС GSM стандарты радиожілік шоғырын пайдалану қызметтерін, желіаралық қосылыстар қызметтері, конвергентті қызметтер көрсету үшін мобильдік трафик және МТС көрсететін және жиынтығы 2019 жылы Топты сатудың жалпы шоғыландырылған өзіндік құнының 3% құрайтын қызметтерді сатып алады.

2019 және 2018 жылдарға аяқталған жылдар үшін МТС-дан сату және сатып алу мына түрде берілді:

Мың теңгемен	2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2019 жылдың 28 маусымына дейін	2018 жыл
САТУ		
Деректер беру қызметтері ¹	7.566.176	13.911.058
Байланыс арналарын жалға беру ²	5.646.243	1.590.226
Желіаралық қосылыстар қызметтері ³	2.778.374	5.482.615
Базалық стансылар үшін үй-жайлар жалдау	342.678	624.182
Базалық стансыларға күтім жасау ⁴	338.132	659.989
Басқалары	1.844.949	1.639.748
	18.516.552	23.907.818
САТЫП АЛУ		
Желіаралық қосылыстар қызметтері ⁵	4.473.217	845.920
GSM стандарты радиожілік шоғырын пайдалану төлемі ⁶	2.667.239	5.263.310
Көтерме тарифтер бойынша ұтқыр трафик ⁷	2.551.672	3.621.460
Биллинг жүйесін пайдалану үшін төлем ⁸	111.135	219.305
Өзгелері	382.119	1.092.243
	10.185.382	11.042.238

Бұл қызметтерді көрсету өзара байланысты түрлі шарттармен реттеледі. Осындай шарттардың әрбірі бойынша Топ белгілі бір қызметтер түрлерін көрсетеді немесе алынады. Ол үшін Топ сыйақы алады немесе төлейді, оның үшінші тараптармен шарттар бойынша талаптардан айырмашылығы болуы мүмкін. Үшінші тараптармен шарттар бойынша талаптардан айырмашылығы Топ және қауымдастырылған компания арасындағы көлемге шегерім және басқа да айрықша шарттармен түсіндірілуі мүмкін. МТС-дан/ға сатып алынатын және сатылатын қызметтер көлемі үшінші тараптармен балама қызметтер көлемінен асады.

1. Деректер беру қызметтері бойынша кіріс тіркелген және сымсыз байланыс арналарын ұсынудан кірістерді, сондай-ақ интернет желісіне қатынаудан кірістері білдіреді және ұсынылған анраның өткізу мүмкіндігі (Мбит/сек) , сондай-ақ ұсынылған байланыс арналары саны негізінде есептеледі.

2. Желіаралық қосылыстар қызметтері бойынша кірістер қосылыс минутының нақты санының негізінде есептеледі.

3. Байланыс арналарын жалға беруден кіріс LTE желісі базалық стансыларын пайдалана отырып (4G стандарты радиожілік шоғыры аясында) ұйымдастырылған, келісілген техникалық сипаттамаларымен деректер беру арналарын уақытша жалға беруден кірісті білдіреді және жалға берілген байланыс арналарының нақты саны негізінде есептеледі. 2016 жылғы ақпанда Топ 4G стандарты радиожілік шоғырын жалдау туралы МТС-мен шарт жасады. 4G стандарты радиожілік шоғырын жалдау туралы шартпен бір-мезгілде Топ және МТС Топ төменде сипатталғандай төлем жасайтын GSM стандарты радиожілік шоғырын пайдаланғаны үшін төлемді және биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлемді ұлғайтуға келісті. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бай-ланыс арналарын жалға беруден кірістер 2.778.374 мың теңге болды (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.482.615 мың теңге).

4. Базалық стансыға күтім жасаудан кіріс радиоқатынау желілерінің тұрақты және іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін орын-далатын сервистік жұмыстар кешенін ұсынуды білдіреді және күтім жасалатын базалық стансылардың нақты санының негізінде есептеледі.

5. Желіаралық қосылыстар қызметтері бойынша шығыстар қосылыс минутының нақты саны негізінде есептеледі.

6. GSM стандарты радиожілік шоғырын пайдаланғаны үшін төлем МТС тиесілі GSM стандарты радиожілік шоғырын пайдаланғаны үшін ай сайынғы тіркелген төлемді білдіреді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін GSM стандартты радиожілік ауқы-мын пайдаланғаны үшін төлем 2.667.239 мың теңге болды (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.263.310 мың теңге).

7. Көтерме тарифтер бойынша ұтқыр трафик шығыстары «Қазақтелеком» АҚ абоненттері нақты тұтынған ұтқыр оператор желісін-дегі трафик көлемін білдіреді және шығыс минуттары, қысқа хабарламалар (SMS), ұтқыр трафик мегабайттары нақты санының негізінде есептеледі.

8. Биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлем МТС тиесілі биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін ай сайынғы тіркелген төлемді біл-діреді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлем 111.135 мың теңге болды (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 219.305 мың теңге).



Басты басқарушы персоналға сыйақы беру

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында қоса берілген жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген басты басқарушылық персоналға сыйақының жалпы сомасы тиісінше 1.040.277 мың теңге және 637.785 мың теңге болды. Басты басқарушылық персоналға өтемақы еңбек келісінде тіркелген жалақыдан, сондай-ақ жылға жыл нәтижелері бойынша сыйақыдан құралған.

35-ескертпеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Үкіметі Топқа ауылдық жерлерде әмбебап қызметтер көрсету үшін белгілі бір өтемақы ұсынады.

24-ескертпеде көрсетілгендей, 2018 жылғы 31 желтоқсанда Топта Бас компания кепіл болған (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 24.961.627 мың теңге) 20.902.442 мың теңге сомасындағы қарыз болды.

47. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Қаржы активтерінің құнсыздануынан болатын залалдар

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын бір жылдағы қаржы активтерінің құнсыздануынан болатын залалдар 2.569.696 мың теңге сомасына сауда дебиторлық берешек бойынша (17-ескертпе), 108.003 мың теңге мөлшеріндегі басқа айналымдық қаржылық активтер (19-ескертпе), 135 мың теңге мөлшеріндегі айналымнан тыс басқа қаржы активтері (14-ескертпе), 12.021 мың теңге көлемінде ақша қаражаты және оның баламалары (22-ескертпе) (2018 жылы: 622.360 мың теңге көлемінде сауда дебиторлық берешек бойынша, 2.860.001 мың теңге көлемінде басқа айналымдық қаржылық активтер, 135 мың теңге мөлшеріндегі айналымнан тыс басқа қаржы активтері, 486.525 мың теңге көлемінде ақша қаражаты және оның баламалары) бойынша бір жылдағы қор есептемесінен жасақталады.

Топтың негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк депозиттері, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек кіреді. Топтың қаржы құралдарымен байланысты негізгі

тәуекелдеріне пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Сондай-ақ Топ барлық қаржы құралдарымен байланысты нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады.

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай қаржы құралы құнының ауытқуымен байланысты тәуекелді білдіреді. 2019 жылдың 31 желтоқсанына Топта өзгермелі пайыз мөлшерлемелері бар кредиттері және қарыздары болған жоқ және нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістер салдарынан өзгеріп отыру тәуекелі.

АҚШ долларымен берілген елеулі кредиттер мен қарыздардың, кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламаларының, дебиторлық берешектің болуына байланысты, Топтың шоғырландырылған балансына мынадай айырбас бағамдарының өзгеруі айтарлықтай ықпал етуі мүмкін: АҚШ доллары/теңге.

Төмендегі кестеде салық салғанға дейінгі Топ пайдасының (монетарлық активтері мен міндеттемелері құнындағы өзгерістер есебінен) басқа айналымдар өзгеріссіз болғанда, өзгерісін негізді түрде болжамдау мүмкін болғанда, АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарының сезімталдығы көрсетілген. Көрсетілген факторлар Топтың капиталына әсер етпейді.

Мың теңгемен	2019 жыл		2018 жыл	
	Айырбас бағамының ұлғаюуы/ (азаяуы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері	Айырбас бағамының ұлғаюуы/ (азаяуы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	12%	5.232.568	14%	3.141.003
	-9%	(3.924.426)	-10%	(2.243.573)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – клиенттер немесе контрагенттер өз шарт міндеттемелерін орындамауы салдарынан Топтың көтеретін қаржылық залал тәуекелі. Топ операциялық (ең алдымен, сауда дебиторлық берешегіне қатысты) және қаржылық қызметіне байланысты, банктегі депозиттер мен қаржылық ұйымдар, валюталық операциялар мен басқа да қаржылық құралдарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелге бейім.

Сауда және басқа да дебиторлық берешек

Топтың кредиттік тәуекелі көп қаржылық құралдары – сауда және басқа да дебиторлық берешек. Осы активтермен байланысты кредиттік тәуекел Топтағы клиенттер санының көптігі мен клиенттердің және басқа да дебиторлардың кредит төлеу қабілеттілігіне үздіксіз мониторинг жасау рәсімі салдарынан шектелген.

Күтілетін кредиттік залалды бағалауда мартрица қорын қолдану арқылы әр есептілік мерзімде құнсыздануды мойындау қажеттілігі талданады. Резервтердің мөлшерлемесі төлем мерзімін өткізіп алған күннің санына байланысты түрлі клиенттік сегменттегі топтар үшін залалдың туындауы (географиялық аймақ, өнімнің түрі, сатып алушының рейтингісі, аккредитив немесе басқа да кредиттік

тәуекелді сақтандыру түрлерімен қамтамасыз ету) сипаттамасына байланысты қойылады. Есеп айырысу белгіленген есептіліктің ықтималдығына, уақытша ақша құны мен өткен оқиғалар туралы негізделген және расталған ақпаратқа, ағымдағы жағдай мен болашақ экономикалық жағдайдың болжамы мен есеп мерзімінің қолжетімділігі нәтижеде көрінеді. Әдетте, сауда және басқа да дебиторлық берешектер, егер бір жылдан жоғары мерзімі өткен және тиесілі қаржыны мәжбүрлі талап ету арқылы рәсімдеу қолданылмаған жағдайда алынып тасталады.

Есепті күнге кредиттік тәуекелге мейлінше түсіп қалу әр сыныптама бойынша 14, 17, 19 және 20- ескертпелерде қарастырылған қаржылық активтердің теңгерімдік құнымен ұсынылды.

Қаржылық құралдар және ақша депозиттері

Топтың қаржылық саясатына сәйкес, бос ақшалай қаражатты бірнеше ірі қазақстандық банкілерге (несие рейтингісі барынша жоғары) орналастырады. Несиелік тәуекелді басқару үшін банктегі бос ақшалай қаражатты орналастыруға байланысты Топ басшысы банктің несие төлеу қабілетін бағалау жұмыстарын мерзімді жүргізіп отырады. Депозитті бағалау жұмыстарын жеңілдету үшін Топ салыстырмалы несие міндеттемелері мен ағымдағы есеп айырысу шоты бар және қызметін оңай мониторинг жасай алатын банкке басымдылық береді.



Мың теңгемен	2018 жыл рейтингісі	2017 жыл рейтингісі	Ақша қаражаты қалдығы		Депозит шоттардағы қалдық	
			2019 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2018 жыл
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	BB/тұрақты/B, kzA+	BB/тұрақты/B, kzA+	49.982.338	34.424.030	-	-
«АТФБанк» АҚ	B-/тұрақты/B, kzBB	B/теріс/B, kzBB+	11.794.238	5.761.522	-	98.648
«Altyn Bank» АҚ («Қазақстанның Халық Банкі» АҚ ЕБ)	BBB-/тұрақты	Ba2/тұрақты/NP	4.979.430	3.293.559	-	-
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	A+/тұрақты	A+/тұрақты	3.258.408	764.800	-	-
«Каспи Банк» АҚ	BB-/тұрақты/B, kzA	BB-/тұрақты/B, kzA	515.813	700.494	-	-
Credit Suisse (Schweiz) AG	A+/тұрақты	A/тұрақты	465.918	-	-	-
«Сбербанк России» ҚАҚ	Baa3	Ba2	169.278	123.935	-	-
«Сбербанк» АҚ ЕҰ	BBB-/тұрақты	BB+/оң	97.142	45.695	-	-
«Форте Банк» АҚ	B+/тұрақты/B, kzBBB	B/оң/BkzBBB-	21.989	170.705	-	-
«Halyk Finance» АҚ	BB/тұрақты/B, kzA+	BB/тұрақты/B, kzA+	1.232	-	-	-
«Қазақстандағы Қытай банкі» АҚ ЕҰ	A/тұрақты	A/тұрақты	430	-	-	-
«Еуразиялық банк» АҚ	Baa1/тұрақты	B/теріс/B, kzBB+	359	36.930	-	-
«ЦентрКредит банкі» АҚ	B/теріс/B, kzBB+	B/тұрақты/B, kzBBB-	264	4.621	-	76.329
«Қазақстанның Даму банкі» АҚ	BB+/тұрақты/B, kzAA+	BB+/тұрақты/B, kzAA+	64	103	-	-
«First Heartland Jysan Bank» АҚ	B-/оң/B, kzBB	B-/теріс/B, kzBB-	31	2.846	-	-
«Альфа-Банк» ЕҰ» АҚ	BB-/оң/B, kzA	BB-/тұрақты/B, kzA	31	103	-	-
ВТБ банкі АҚ ЕҚ (Қазақстан)	BB+/тұрақты/B, kzAA	BB+/тұрақты/B, kzAA	27	-	-	-
ҚР Министрлігінің Қазынашылық комитеті МММ	-	-	-	128	-	-
ЖИЫНЫ			71.286.992	45.329.471	-	174.977

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қалыпты немесе күтпеген жағдайларда төлем мерзімі келген кезде төлем бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі.

Топ ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражаттың жетіспеу тәуекелін бақылауды жүзеге асырады. Бұл құрал қаржы инвестицияларының және қаржылық активтердің (мысалы, дебиторлық берешек және басқа да қаржылық активтер) өтелу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтің болжамды ақша ағынын ескереді.

Топтың міндеті – банк кредиттерін және қаржылық жалдау шарттарын пайдалану есебінен үздіксіз қаржыландыру мен қолайлылық арасындағы балансты тепе-теңдікте ұстап тұру. Топтың саясатына сәйкес келесі 12 ай ішінде 30%-дан аспайтын кредиттер мен қарыздар өтелуі тиіс. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қарыз қаражатының баланстық құнын негізге ала отырып, Топтың қарыз қаражатының шамамен 10% бір жыл ішінде өтелуге жатады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 30%).

Төмендегі кестеде міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Топтың қаржылық міндеттемелерінің шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Барлығы
2019 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА						
Қарыздар	-	20.017.580	40.613.328	367.228.861	135.536.632	563.396.401
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	-	5.429.949	15.950.465	58.938.794	18.911.841	99.231.049
Сауда кредиторлық берешек	45.282.413	5.882.208	8.233.218	-	-	59.397.839
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	20.151.913	-	1.318	-	20.153.231
	45.282.413	51.481.650	64.797.011	426.168.973	154.448.473	742.178.520
2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА						
Қарыздар	768.936	9.264.447	63.780.975	83.391.057	118.387.210	275.592.625
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	179.634	2.319.854	6.937.923	18.889.078	-	28.326.489
Сауда кредиторлық берешек	32.134.910	4.170.384	5.842.111	-	-	42.147.405
Берілген қаржылық міндеттемелер ¹	-	1.130.379	1.098.286	7.630.950	2.322.269	12.181.884
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	18.810.780	-	78.147	-	18.888.927
	33.083.480	35.695.844	77.659.295	109.989.232	120.709.479	377.137.330

1. Төлемі қаржылық кепіл шарты бойынша талап етілуі мүмкін максималды сома негізінде (26,30-ескертпелер).



Ақша ағындарының қозғалысымен байланысты тәуекелдер

Ақша қаражатының қозғалысымен байланысты тәуекел монетарлық қаржы құралына байланысты болашақтағы ақша ағындары құнының өзгеру тәуекелін білдіреді.

Ақша ағындарына қажеттілік мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және басшылық туындауына орай кез келген міндеттемелерді орындауға қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Топ басшылығы ақшалай қаржы құралымен байланысты болашақтағы ақша ағындарының ешқандай ықтимал ауытқулары Топтың қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

Капиталды басқару

Қызметті қолдау және акционерлік құнды барынша көбейту мақсатында жоғары кредит рейтингі мен жеткілікті капиталдың тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету Топ капиталын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

Топ өз капиталының құрылымын басқарады және оған экономикалық жағдайдың өзгеруіне орай түзету енгізеді. Капитал құрылымын қолдау немесе оған түзету енгізу үшін Топ жай акциялар иегерлерінің дивидендік төлемдер көлемін қайта қарауы, акционерлерге капиталдарды қайтаруы немесе жаңа акциялар шығаруы мүмкін. 2019 және 2018 жылдары Топ капиталды басқару мақсатына, саясатына немесе үдерістеріне өзгерістер енгізген жоқ.

Топ таза берешектің жалпы капиталға арақатынасын білдіретін берешек коэффициентін пайдалана отырып, капитал мониторингін жүзеге асырады. Топтың саясаты бұл коэффициентті 1,0 шегінде ұстап тұруды көздейді. Топ пайыздық кредиттер және қарыздарды, сауда кредиторлық берешек пен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді таза берешек құрамына қосады. Капитал Топтың акционерлеріне келетін капиталдан тұрады.

Төмендегі кестеде кезеңнің аяғына Топтың берешек коэффициенті берілген:

Мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Пайыздық кредиттер мен қарыздар	367.615.724	193.452.540
Жалдау бойынша міндеттемелер	70.527.520	22.729.325
Таза берешек	438.143.244	216.181.865
Бақылаймайтын қатысу үлестерін қоса алғанда капитал жиыны	462.865.928	414.780.615
Берешек коэффициенті	0,95	0,52

Әділ құн

Әділ құнын анықтау мақсатында Топ жоғарыда көрсетілгендей, активтер немесе міндеттемелердің сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің санаттарын және әділ құн иерархиясы деңгейлерін анықтады.

Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы туралы сандық ақпараттың ашылып жазылуы:

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Жиыны
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
ӘДІЛ ҚҰНЫ АШЫЛАТЫН АКТИВТЕР					
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	4.198.588	4.198.588
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	5.227.326	5.227.326
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	2019 жылғы 31 желтоқсан	4.964.633	-	-	4.964.633
Сауда дебиторлық берешек	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	37.255.772	37.255.772
ӘДІЛ ҚҰНЫ АШЫЛАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Қарыздар	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	367.110.944	367.110.944
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	1.318	1.318
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	20.151.913	20.151.913
Сауда дебиторлық берешек	2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-	59.397.839	59.397.839

Төменде Топтың активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалау көздерінің иерархиясы берілген. Қаржы құралдарының әділ құнын бағалау көздерінің иерархиясы туралы ақпараттың 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ашылуы:

Мың теңгемен	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			
	Бағалау күні	Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Бағалау күні
				Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)
ӘДІЛ ҚҰНЫ АШЫЛАТЫН АКТИВТЕР				
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	7.040.366
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	4.685.111
Өтелімделетін актив	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	10.171.407
Сауда дебиторлық берешек	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	52.173.348
ӘДІЛ ҚҰНЫ АШЫЛАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Қарыздар	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	194.104.469
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	22.729.325
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	144.085
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	18.878.261
Шартты бұзғаны үшін айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	14.551.865
Сауда дебиторлық берешек	2018 жылғы 31 желтоқсан	-	-	42.147.405

Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмейтін, Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің санаттары бойынша баланстық құн мен әділ құнның салыстырмасы берілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құн мәндері көрсетілмеген.

Мың теңгемен	Баланстық құн 2019 жыл	Әділ құн 2019 жыл	Танылмаған кіріс/(шығыс) 2019 жыл	Баланстық құн 2018 жыл	Әділ құн 2018 жыл	Танылмаған кіріс/(шығыс) 2018 жыл
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	71.321.822	71.321.822	-	45.350.092	45.350.092	-
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	4.170.159	4.198.588	28.429	9.649.734	7.040.366	(2.609.368)
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	5.227.326	5.227.326	-	4.685.111	4.685.111	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	4.964.633	4.964.633	-	-	-	-
Өтемелеуші актив	-	-	-	10.171.407	10.171.407	-
Сауда дебиторлық берешек	37.255.772	37.255.772	-	52.173.348	52.173.348	-
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Қарыздар	367.615.724	367.110.944	504.780	193.452.540	194.104.469	(651.929)
Жалдау бойынша міндеттемелер	70.527.520	70.527.520	-	22.729.325	22.729.325	-
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	1.318	1.318	-	993.705	144.085	849.620
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	20.151.913	20.151.913	-	18.853.954	18.878.261	(24.307)
Шартты бұзғаны үшін айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер	-	-	-	14.551.865	14.551.865	-
Сауда дебиторлық берешек	59.397.839	59.397.839	-	42.147.405	42.147.405	-
ӨТКІЗІЛМЕГЕН ӘДІЛ ҚҰНДАҒЫ БАРЛЫҚ ТАНЫЛМАҒАН ӨЗГЕРІС						
			533.209			(2.435.984)

**Бағалау әдістемелері және жорамалдар**

Төменде осы қаржылық есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) болған жағдайда олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жорамал талап етілетін салымдарға және өтеу мерзімі белгіленбеген жинақтаушы шоттарға қолданылуы мүмкін.

Амортизацияланатын құн бойынша есептелетін қаржылық міндеттемелер Алынған қарыздардың әділ құны шарттары, кредит тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі уақытта қолданыстағы

мөлшерлемелер пайдаланыла отырып, алдағы ақшалай қаражат ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

Қаржы қызметіне байланысты міндеттемелердегі өзгерістер

2019 жылғы қаржы қызметімен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2019 жылғы 1 қаңтар	Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	Бизнесті біріктіру (5-ескертпе)	Жаңа қарыз/жалдау шарты	Жаңа жалдау шарты	Қайта сыныпталды	Негізгі қарызды ақша құралымен қайтару	Пайыздық шығыс (40-ескертпе)	Пайыздар төлемі	Дисконт	Кредит ұйымдастыру шығыстар	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	135.838.411	-	7.091.161	93.089.611	-	103.393.147	-	-	-	(34.403)	(239.866)	339.138.061
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	57.614.129	-	1.708.387	121.113.026	-	(103.393.147)	(53.118.449)	32.246.010	(27.684.186)	(421.124)	413.017	28.477.663
Қаржылық жалдаудың ұзақ мерзімді бөлігі	15.975.306	27.303.654	18.911.643	-	4.779.931	(11.734.280)	-	-	-	-	-	55.236.254
Қаржылық жалдаудың қысқа мерзімді бөлігі	6.754.019	3.168.590	4.966.921	-	-	11.734.280	(11.332.544)	8.006.074	(8.006.074)	-	-	15.291.266
ЖИЫНЫ	216.181.865	30.472.244	32.678.112	214.202.637	4.779.931	-	(64.450.993)	40.252.084	(35.690.260)	(455.527)	173.151	438.143.244

2018 жылғы қаржы қызметімен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2019 жылғы 1 қаңтар	Жаңа қарыз шарты	Жаңа жалдау шарты	Бизнесті біріктіру	Қайта сыныпталды	Негізгі қарызды ақша құралымен қайтару	Пайыздар төлемі	Пайыздық шығыс (40-ескертпе)	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	24.967.690	100.000.000	-	14.935.969	(4.065.248)	-	-	-	135.838.411
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	2.357.864	-	-	51.380.150	4.065.248	(2.029.593)	(2.175.943)	4.016.403	57.614.129
Жалдаудың ұзақ мерзімді бөлігі	7.681.118	-	14.871.661	-	(6.577.473)	-	-	-	15.975.306
Жалдаудың қысқа мерзімді бөлігі	3.920.719	-	-	-	6.577.473	(3.697.239)	(1.612.425)	1.565.491	6.754.019
ЖИЫНЫ	38.927.391	100.000.000	14.871.661	66.316.119	-	(5.726.832)	(3.788.368)	5.581.894	216.181.865



48. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Операциялық орта

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар және құқықтық, салық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының болашақтағы тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалар барысына байланысты және Үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдайтын шаралар тиімділігіне қатысты болмақ.

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

Топ құрылыс жобаларын орындауға және телекоммуникация жабдығын сатып алуға шарттар жасасады. 2019 жылғы 31 желтоқсанға Топтың көбінесе телекоммуникация жабдығын сатып алумен және телекоммуникация желісін салумен байланысты жалпы сомасы ҚҚС қоса алғанда 38.186.280 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 6.238.697 мың теңге ҚҚС қоса алғанда) шарт міндеттемелері болды.

Лицензиялық міндеттемелер

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензиялардың талаптарына сәйкес Топтың өз желісін қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдар бойымен өтетін аудандарды, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерді қамти отырып, ұтқыр желінің қамту аймағын кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия талаптарын сақтайды деп есептейді.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі түсіндірулерге жол береді. Мұнымен бірге басшылық Халықаралық электр байланысы одағына кіретін бейрезиденттермен Топ жұмыс істейтін және белгілі салықтық босатуды беретін халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасы алдында басымдылыққа ие деп есептейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылығы жиі кездесетін жағдай. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзудың айыппұл мен өсімақысының қолданыстағы тәртібі қаталдықпен ерекшеленді. Айыппұл мөлшері есептелген салық сомасының 50%-ден 80 %-ға дейінгі көлемін құрайды, ал өсімақы Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген, 1,25-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептеледі. Осының нәтижесінде айыппұл мен өсімақының сомасы есептелген салық сомасынан бірнеше рет жоғары болуы мүмкін. Салық тексерулері тікелей тексеру жылы алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамти алады.

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты екіұштылықтың себебінен есептелген салықтың, өсімақы мен айыппұлдың (егер мұндай болса) қорытынды сомасы осы күннің шығыстарына жатқызылған және 2019 жылдың 31 желтоқсанына есептелген шығыстардан асып кетуі мүмкін. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше көзделмеген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте басқаша ашылмаған жағдайда, басшылықтың пікірінше, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс талданып берілген және салық заңнамасымен байланысты Топтың жағдайын сақтап қалу ықтималдығы жоғары болып табылады.

2017 жылғы шілдеде салық органы 2012 жыл - 2015 жылдың 3 тоқсаны үшін кешенді салық тексеруін аяқтады. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша 9.008.002 мың теңге көлеміндегі салық және айыппұл толық есептелді, оның 5.789.678 мың теңгесі салық және 3.218.324 мың теңгесі – өсімпұл. «Кселл» АҚ ішінара сұрақтар бойынша салық органымен келіскен жоқ және сотқа жүгінді.

2018 жылғы қаңтарда «Кселл» АҚ сотта салық органының хабарламасына талап түсіріп, сот «Кселл» АҚ талаптарын қанағаттандырудан бас тартты. 2018 жылғы маусымда апелляциялық инстанция соты талап шағымды қарап, «Кселл» АҚ пайдасына шешілмеген алғашқы сот инстанциясы шешімін күшінде қалдырды.

Сот шешімі заңды күшіне енгеніне қарамастан, «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында көрсетілген сот актілеріне шағым түсіру құқығын сақтады. 2018 жылғы 5 қарашада

«Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының кассациялық инстанциясына өтінішхат түсірді. 2018 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өтінішхатты кері қайтарды.

2019 жылғы ақпанда «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының шағым берді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 23 шілдедегі шешімі негізінде «Кселл» АҚ шағымы ішінара қанағаттандырылды. Атап айтқанда, бірінші инстанция сотының шешімі мынадай істер бөлігінде кері қайтарылды:

- 2.196.555 мың теңге көлеміндегі резидент емес заңды тұлғаларға көрсетілген қызметтер бойынша төлем көзінен төленетін қосымша есептелген салық;
- 779.916 мың теңге көлеміндегі резидент емес заңды тұлғаларға көрсетілген бағдарламалық жасақтамаға қашықтан техникалық күтім жасау қызметтеріне қосымша есептелген ҚҚС;
- осы салықтармен байланысты 2.839.574 мың теңге көлеміндегі айыппұл және өсімпұл.

Топ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте 5.816.045 мың теңге жалпы сомасындағы айыппұл және өсімпұлмен байланысты салықтарды түзетуден кірісті таныды. Бұған «Кселл» АҚ 2.196.555 мың теңге көлеміндегі резидент емес заңды тұлғаларға көрсетілген қызметтер бойынша төлем көзінен төленетін қосымша есептелген салықты және 779.916 мың теңге көлеміндегі резидент емес заңды тұлғаларға көрсетілген бағдарламалық жасақтамаға қашықтан техникалық күтім жасау қызметтеріне қосымша есептелген ҚҚС төлеп қоюы себепті. «Кселл» АҚ осы алдын ала төленген салықты таныды және алдағы салықтар есебінде ескеруді жоспарлап отыр. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2.839.574 мың теңге көлеміндегі айыппұл мен өсімпұлды төлемегендіктен, «Кселл» АҚ алдағы жылы айыппұлдар мен өсімпұлдардың толық сомасын резервте таныды. Осылайша «Кселл» АҚ жалпы сомасы 2.839.574 мың теңге көлеміндегі айыппұл мен өсімпұл резервіне түзету енгізді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Кселл» АҚ-да 187.793 мың теңге көлеміндегі айыппұлдар

мен өсімпұлдардың міндеттемесі (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2.910.727 мың теңге көлемінде) қалды.

Техникалық регламенттің жаңа талаптары

«Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 91 бұйрығы 2017 жылғы 7 ақпанда жарияланып, 2018 жылғы 8 ақпанда күшіне енді. Жаңа регламентке сәйкес телекоммуникациялық жабдыққа жедел-ізвестіру шараларын өткізу, абоненттер ақпаратын жинау және сақтау (бұдан әрі - ОРА) үшін техникалық мүмкіндіктерін кеңейтуден тұратын қосымша талап қойылады. Қазіргі уақытта Топ Техникалық регламенттер талаптарын сақтау мақсатында телекоммуникациялық жабдықты жаңғырту үстінде.

Басым жағдайын асыра пайдалануға қатысты іс Кселл мобильді интернеті қызметтерін тарифтеу

2018 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет) «Кселл» АҚ 2017 жылы басым жағдайын асыра пайдаланумен байланысты мүмкін әкімшілік бұзушылық үшін әкімшілік іс қозғады. Сот салуы мүмкін айыппұл 2 млрд теңгеге жуық.

Комитеттің пікірі бойынша «Кселл» АҚ қосылған интернет-трафик көлемі аяқталған соң немесе ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығармай Kcell бренді бойынша интернет желісіне мобильді қатынау қызметіне түрлі тарифтер белгілеген. Комитет сонымен қатар «Кселл» АҚ анықталған бұзушылықтарды жоюға және соның ішінде қосылған интернет-трафик көлемі аяқталған соң немесе ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығармай Kcell бренді бойынша абоненттер 2017 алынған сомаларды қайтаруды міндеттейтін ұйғарым шығарды.

«Кселл» АҚ Комитет қаулысымен келіспейді. 2019 жылғы 3 шілдеде сотқа талап түсірді. «Кселл» АҚ басшылығы талап сәтті болады деп пайымдады және мүмкіндігінше ақша қаражатының кету ықтималдығы бағаланды.

2019 жылғы 25 қазанда Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құқықбұзушылықтың болмауына байланысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтатуға қаулы шығарды. Дей тұрғанмен Комитет қаулы жарияланғаннан кейін 180 күн ішінде талап түсіруге құқылы. 2019 жылғы 31 желтоқсанда Комитет талап шағым түсірген жоқ. Талап шағым түсіру мерзімі 2020 жылғы сәуірде аяқталады. «Кселл» АҚ басшылығының пікірінше 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының кету тәуекелі шамалы.



Мобильді телефондар үшін тарифтік жоспарлар биллингтік циклы

2019 жылғы 27 желтоқсанда «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінен хабарлама алды, онда «Кселл» АҚ мобильді телефондарға арналған қолданыстағы және ескірген тарифтік жоспарларды Мобильді байланыс қызметтерін ұсыну қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкестікке келтіру, атап айтқанда «есептілік кезеңі» терминін анықтаудан шығатын күнтізбелік жылды әдепкілік бойынша биллинг циклі ретінде белгілеуі қажет. Комитеттің есептеуінше «Кселл» АҚ тарифтік жоспарлардың біркүндік, апталық, жиырма сегіз күндік немесе отыз күндік биллингтік цикл белгілей отырып, Қазақстан Республикасы Іскери кодексінің 174.1 бабын бұзып отыр. Комитет сонымен қатар, биллингтік циклды қысқартуды тұтынушылар құқын бұза отырып, басым жағдайын асыра пайдалану ықтималдығы деп қарастырып отыр. «Кселл» АҚ Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі - ҚР ҰЭМ) Комитеттің Қағидаларды қате интерпертациялауы жөнінде жазылған хат жолдап, Хабарламаны Қағидаларға өзгеріс енгізілгенге дейін тоқтата тұруды сұраған. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ҰЭМ жауап түскен жоқ. «Кселл» АҚ басшылығы Комитеттің «Кселл» АҚ талаптары негізсіз және осы мәселеге қатысты экономикалық ресурстардың жылыстау тәуекелін мүмкін деп бағалайды.

5G қызметтері

Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитетінің бұйрығына сәйкес Топ 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей 5G қызметтерін көрсетуді бастауға міндетті (егер 5G стандарты 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін Халықаралық электр байланысы одағында және 3-ші буын әріптестік жобасында бекітілсе, онда 2021 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей).

49. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИФАЛАР

2020 жылғы 31 қаңтарға Топ Қазақстан ВТБ банкі АҚ ЕҰ алған 5.132.207 мың теңге көлеміндегі қарызын толық қайтарды.

2020 жылғы 20 қаңтарға Топ 1.250.855 мың теңге көлемінде купон облигациялары бойынша облигация ұстаушыларына пайыздар төледі.

2020 жылғы 6 ақпанға «Кселл» АҚ еншілес ұйымының жай акциялары және ғаламдық депозитарий қолхаттары (ҒДҚ) Астана халықаралық биржасының («АIX») ресми тізіміне кірді. Сауда 7 ақпанда басталды.

2020 жылы 3 наурызда Топ облигация ұстаушыларға купондық акциялар бойынша 5.570.000 мың теңге көлемінде пайыз төледі.

Топ «Қазақстан даму банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік желі ұсыну туралы келісім аясында 5.538.233 мың теңге көлемінде қарыз алды.

Жаңа коронавирус Қытай және әлем елдеріне тарауда. Топ коронавирус бойынша жағдайдың әрі қарай өрбуін назарда ұстап отырады, алайда осы кезеңде қаржылық тиімділікті бағалау мүмкін емес.

2019 жылғы 9 наурызда шикі мұнайға әлемдік баға 30 пайызға дерлік түсіп кетті, Brent маркасы мұнай бағасы баррелі 32 АҚШ долларына дейін кеміп кетті.

Осы қаржылық есепті бекіту күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларына шаққандағы теңгенің ресми айырбас бағамы 405,46 теңге болды.